

Майра Жағыпарова

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

ЖОО орыс тілінде оқитын «Журналистика»
мамандығына арналған оқу құралы



Астана, 2015

УДК 811.512.122. (075.8)
ББК 81.2 Қаз я 73
Ж 15

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында
тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға
арналған бағдарламасы» аясында шығарылды*

Пікір жазғандар:

Ж.Т.Дәулетбекова, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Г.З. Мұсабекова, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Жағыпарова М.М.

Ж 15 **Кәсіби қазақ тілі.** ЖОО орыс тілінде оқитын «Журналистика» мамандығына арналған оқу құралы. Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015, –264 бет.

ISBN 978-601-7504-14-4

Оқу құралы ЖОО орыс тілінде оқитын «Журналистика» мамандығының қазақ тілін орташа және жоғары деңгейде меңгерген үйренуші топтарына арналған.

УДК 811.512.122. (075.8)
ББК 81.2 Қаз я 73

ISBN 978-601-7504-14-4

© Жағыпарова М.М., 2015
© Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015



АЛҒЫ СӨЗ

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс... Ол үшін бәрін жасап жатырмыз», – деп атап көрсетіп, мемлекеттік тілді оқып-үйрену міндетін айқындап берген еді. Осы тұрғыдан, қазақ тілін қазақ тілді емес отандастарымыздың меңгеруіне елімізде жан-жақты жағдайлар жасалуда.

Студенттердің күнделікті қарым-қатынаста және болашақта қызмет барысында кәсіпке байланысты қазақ тілін еркін қолдануға дайын болуы үшін барлық жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілі пәні оқытылады. «Журналистика» мамандығының студенттеріне кәсіби қазақ тілін оқытудағы ұстанған басты мақсат – қазақ тілінде сөйлеу, жазу, баяндауды мамандықтарына қатысты жетілдіріп, лексикасын байыта отырып, өз елінің тарихи құндылықтары – тілі мен тарихына, мәдениетіне құрметпен қарап, ғаламдану үдерісінде мемлекетіміздің жедел дамуына үлес қосатын адам капиталын даярлау барысында мемлекеттік тілді меңгерген мамандар қатарын көптеп қалыптастыру.

Оқу құралы типтік бағдарламаның мазмұнына сәйкестендіріліп, журналистика мамандығына қатысты арнайы екінші тілді оқытудағы әлемдік білім кеңістігі тәжірибесіне бағдарландырылып, коммуникативтік-кәсіптік біліктілік қалыптастыруды көздейді. Әр мәтін студенттің қазақ тіліндегі сөздік қорын молайтып, олардың таным-түсінігін кеңейтеді. Мәтіннің мазмұны негізінде сұрақтар, тапсырмалар, аударма жұмыстары және жағдаяттар берілді. Оқулықта пайдаланылған мәтіндер «Қазақ журналистерінің тәжірибесінен» атты тәжірибелік нұсқаулықтан,



республикалық БАҚ материалдарынан ықшамдалып алынды. Оқу құралының соңында мамандыққа қатысты глоссарий мен түсіндірме сөздік берілді. Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы журналистика мамандығының орыс тілді студенттеріне арналған.

Автор.



I БӨЛІМ

1-сабақ

ЖАҢАНДАНУ

Жаһандану ұғымы ХХ ғасырдың 80-жылдары АҚШ-та қолданыла бастады. Алғашқыда «Шекарасыз әлем», «Біртұтас әлем», «Біртұтас экономика» деген атаулармен түсіндірілді. Жаһандану (латын тілінде «globus» – шар) қазіргі әлемнің барлық салаларының өзара қатынастарын қамтиды. «Жаһандану» (*орыс тілінде «глобализация», ағылшын тілінде «globalization»*) терминін алғаш рет 1983 жылы американдық экономис Т.Левитт «Harvard Business Review» журналында ұсынған болатын. Терминді енгізгенге дейін жаһанданудың көптеген аспектілерін ХХ ғасырдың ортасында Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер т.б. ғалымдар зерттеген. Жаһандану дегеніміз халықаралық қатынастарды біркелкілендіру, яғни бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, саяси, мәдени т.б. байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы. Бүгінде кез келген мемлекет оқшау өмір сүре алмайды. Олар әлемдік қауымдастықта дамиды. Бұл – жаһанданудың нәтижесі.

Жаһанданудың басты мақсаты – дамудың біркелкілігіне жету. Жаһандануда технология дамыды, модернизация құлаш жайды, ақпараттық кеңістік кеңейді.

Жаһанданудың төмендегідей негізгі құрамдас бөліктері бар:

- “менталдық” немесе мәдени жаһандану;
- экономикалық жаһандану;
- аумақтық жаһандану;
- ақпараттық-коммуникациялық жаһандану;
- этникалық жаһандану.



Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

жаһандану –	глобализация
ұғым –	понятие
алғашқыда –	в начале; в первый раз
біртұтас экономика –	единая экономика
шекарасыз әлем –	безграничный мир
біртұтас әлем –	единый мир
терминнің пайда болуы –	появление термина
өзара қатынас –	взаимоотношение
дамыды –	развивался
ақпараттық кеңістік –	информационное пространство
біркелкілендіру –	здесь: урегулирование
әлеуметтік –	общественный, социальный
кальптасу –	формироваться
әлемдік қауымдастық –	мировое сообщество
дамудың біркелкілігіне жету –	здесь: достижение стабильности развития
негізгі құрамдас бөліктері –	основные составные части
мәдени жаһандану –	культурная глобализация
экономикалық жаһандану –	экономическая глобализация
ақпараттық-коммуникациялық жаһандану	информационно-коммуникативная глобализация
этникалық жаһандану	этническая глобализация

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жаһандану ұғымы қашан, қайда қолданыла бастады?
2. Алғашқыда қандай атаулармен түсіндірілді?
3. Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер кімдер?
4. Жаһандану дегеніміз не?
5. Жаһанданудың басты мақсаты не?
6. Жаһанданудың қандай негізгі құрамдас бөліктері бар?
7. Жаһандану біздің елде қалай жүріп жатыр?



2-тапсырма. Төменде берілген сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Глобализация – сложное, многоплановое, многоуровневое явление, затрагивающее политику, экономику, науку, технологию, идеологию и культуру, оказывающее влияние на развитие всего мирового сообщества и каждого человека в отдельности. Изучением глобализации занимаются политологи, социологи, экономисты, историки, философы, культурологи, но до настоящего времени не сформулировано ее общепринятое определение.

Термин глобализация впервые появился в научной литературе в 1983 г. Его использовал американский экономист Т.Левитт в статье, опубликованной в «Harvard Business Review» (Гарвард бизнес ревью).

Термин глобализация (global – шар; охватывающий весь земной шар; всемирный) оказался весьма удобным для определения процессов, происходивших в мировом хозяйстве в конце XX в.

сложное – күрделі
многоплановое – көпжоспарлы
многоуровневое явление – көпденгейлі құбылыс
затрагивающее политику – саясатты қозғайтын,
оказывающее влияние – ықпал көрсетуші
развитие всего мирового сообщества – бүкіл әлемдік
кауымдастықтың дамуына
каждого человека в отдельности – әрбір адамға жекелей
до настоящего времени – осы уақытқа дейін
не сформулировано ее общепринятое определение – оның
жалпылай қабылданған анықтамасы қалыптаспаған
впервые – алғаш рет
опубликованной – жариялаған



3-тапсырма. *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырыңыз және орыс тіліне аударыңыз.*

1) Жаһандану мәселесі өз мемлекетіміздің, Қазақстан халқының, көпғасырлық дәстүрге, халық даналығына әсер етуде.

2) Мемлекет басшысы жаһандану үрдісінде жастар ерекше көңіл бөлуде.

3) ХХІ ғасыр жаңару кезеңі, жастар қоғамды, экономиканы дамытушы, деп айтқан болатын.

4) Тарихпен дәлелденген мәселе ретінде – жастар кез келген болашағы.

5) Әлемдік процесі жастардан пен біліктілікті, пен парасаттылықты талап етеді.

б) Жастар саясаты – болашақ кепілі.

Керекті сөздер:

өркениетке ену / қозғаушы күш / тәуелсіздігіне / жарқын / саясатына / мәдениетіне / ақылдылық / мемлекеттің / іскерлік

4-тапсырма. *Орыс тіліне аударыңыз.*

(АСТАНА. 25 сәуір, 2015 ж.)

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
ХІ Еуразия медиа-форумында сөйлеген сөзінен үзінді*

ХХІ ғасырда медиа саласының маңызы күрт артып келеді. Медиа саласы қоршаған әлемде болып жатқан оқиғаларды таратушы болып қана қоймай, көп жағдайда оның жекелеген елдерде және тұтас әлемде қалай өрістеп отырғанын айқындайтын жетекшілік негізі бар күшке айналып отыр.

Жаппай онлайн-журналистика – БАҚ дамуының жаңа кезеңі. Ол БАҚ-ты дамытуға шексіз мүмкіндік береді...

...Алдағы онжылдықтарда газеттер мен баспа ісі жойыла қоймайды. Киноның пайда болуымен театр, телевидениенің пайда болуымен кино мен радио, интернеттің пайда болуымен радио мен телевидение жойылып кеткен жоқ қой.

Ақпараттық сала – қазіргі заманғы мәдениеттің жаһандық және нақты ұлттық өлшеміндегі бөлінбес бөлшегі.



5-тапсырма. Мәнерлеп оқып, мазмұнын айтыңыз. Төменде берілген сөздікті пайдаланып орыс тіліне аударыңыз.

Отаншылдықты қалай түсінесіз?

Швецияда патриотизм деген сабақ бар. Оқушының алдына сіріңке қояды. «Сіріңке деген не?» дейді. Ал ол сіріңкенің Швецияға не қатысы бар? Қатысы тікелей. Шырпыға күкірт жағудың технологиясын ең бірінші жасаған – шведтер. Демек, «дүние-жүзіне от жағуды үйреткен біз» дейді. Содан кейін сүт, айранды алады. Оның не қатысы бар? Сүт құйған пакетті жасаған тағы да шведтер. Біз күн сайын алпыс теңгеге сүт сатып аламыз. Ал миллионнан 0,6 тиыны Швецияға кетіп жатыр. Сіріңке мен сүтті пайдаланбайтын адам жоқ. Таксидің есеп айырғышын ойлап тапқан шведтер. Міне, Швеция жас өркендеріне отаншылдық сезімді, отаншылдықты осындай жолмен сіңіртеді. «Е-е, ақылмен де өмір сүруге болады екен ғой. Қарапайым нәрсемен де бай болуға болады екен ғой» деп ойлайды әлгі бала. Германия мен Франция да солай.

(А.Жұмаділдаев. «Жас алаш», 22.01.2002).

Мәтінге сөздік:

тікелей қатысы – прямое отношение
 от жағу – разжечь огонь
 есеп айырғыш – счетчик
 ойлап тапқан – придумал, изобрел
 жас өркендеріне – молодому поколению
 сіңіреді – впитывают
 отаншылдық сезім – чувство патриотизма
 қарапайым нәрсе – простая вещь



6-тапсырма. Пікір білдіріңіз.

Маңызды деректер:

- Жаһандану дегеніміз – экономика мен бүкіл әлемдегі қоғамдар өзара байланыста болатын процесс.
- Жаһанданудың басталуына көлік, коммуникация, технология, сауда-саттық пен бұқаралық ақпарат құралдары сияқты көптеген факторлар түрткі болды.
- Жаһанданудың артықшылықтары: жаңа жұмыс орындары мен Бангалор сияқты қалалардың дамуы.
- Жаһанданудың кемшіліктері: шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында арзан әрі әділетсіз еңбек шарттарының, яғни жұмыскерлері өте ауыр жағдайда жұмыс істейтін мекемелердің көбеюі.

Үндестік заңы

(Закон сингармонизма)

Түбір мен қосымшаның және сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, өзара үйлесіп айтылуын *үндестік заңы* деп атаймыз.

Үндестік заңы – екі түрлі болады: *буын үндестігі* (гармония слогов) және *дыбыс үндестігі* (гармония звуков).

Буын үндестігі – түбір сөздің соңғы буынының жуан не жіңішке болуына қарай қосымшаның да жуан не жіңішке түрде жалғануы.

Қазақ тілінде сөздер не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке дауыстылар болып келеді (В казахском языке слова произносятся либо твердо, либо мягко в зависимости от гласных). Мысалы:

а) Твердое произношение: *аудармашыларға, жазушыларға.*

ә) Мягкое произношение: *елшілерге, тілшілерге, әншілерге.*

Түбір сөздің соңғы буыны жуан дауысты болса, онда оған жалғанатын қосымша да жуан дауысты болады, егер жіңішке болса, онда жіңішке дауысты қосымша жалғанады (Если последний слог слова имеет твердый гласный звук, то к нему присоединяется окончание с твердыми гласными, а если мягкий, то с мягкими гласными). Мысалы: *газет+тер, кітап+тар, журнал+дар, дәптер+лер, мереке+лер.*



Кәсіби қазақ тілі

Бұлардан басқа есте мықты ұстап, сөзді қатесіз, өз үйлесімімен айту үшін қолданылатын сингармонизм заңы бар. Мәселен, сөздің басында еріннің қатысуымен айтылатын *ә, ө, ұ, ү* ерін дауыстылары келсе, олардан кейін келетін езулік дауыстыларға жақындап айтылады, бірақ ол жазуда сақталмайды. Мысалы: *құрылым* – (айтуда) *құрулым*; *ұйым* – (айтуда) *үйұм*, *бүкіләлемдік* – (айтуда) *бүкүләлемдік*. **ы** дыбысы айтуда *ү*-ға жақындап айтылады; ал **е** → **ө**-ге, **і** → *ү*-ге жуықтап айтылады. Жазуда бұларды ескермейміз, ал айтқанда үндес етіп айту керек.

Қазақ тілінде буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар да кездеседі. Олар:

1. Кірме сөздер мен терминдер	<i>кітап (книга), мұғалім (учитель), қазір (сейчас), әуешай (аэропорт), бірақ (только), әнұран (гимн), елтаңба (герб), төлқұжат (паспорт), әпсана (миф), редактор, газет, компьютер, телефон, парламент, сенат, депутат, т.б.</i>	
2. Сөз тудырушы кірме жұрнақтар	-гер	<i>мұрагер (наследник), заңгер (юрист), саудагер (торговец)</i>
	-кер	<i>қайраткер (деятель), үміткер (кандидат, претендент), іскер (деловой)</i>
	-қор	<i>сыбайлас жемқор (коррупционер), үнемқор (бережливый)</i>
	-хана	<i>шеберхана (мастерская), емхана (поликлиника), дәріхана (аптека)</i>
	-гөй	<i>ақылгөй (умник)</i>
	-қой	<i>сәнқой (модник/ца), арызқой (жалобщик)</i>
	-күнем	<i>маскүнем (пьяница), пайдакүнем (корыстолюбивый),</i>
-паз	<i>өнерпаз (умелец, умелый, искусный)</i>	
3. Кірме префикс	бей (би)	<i>бейресми (неофициально), бейшара (бедняга), бейтарап (нейтральный), бейтаныс (незнакомый), беймаза (назойливый)</i>



4. Фамилияға жалғанатын қосымшалар	-ов(а)	<i>Серіков, Серікбаев(а)</i>
	-ев(а)	<i>Мақатаев, Жақаев(а)</i>
	-ин(а)	<i>Майлин, Бегалин, Хамзин(а), Оразалин(а)</i>
5. Көмектес септігінің жалғаулары	-мен	<i>заңнамамен (с юриспруденцией, с законодательством)</i>
	-бен	<i>рәмізбен (с символом)</i>
	-пен	<i>құрметпен (с уважением)</i>
6. Тәуелді түрдегі жұрнақтар	-дікі	<i>Айжандікі, Жандікі</i>
	-нікі	<i>Мәликанікі, Майранікі</i>
	-тікі	<i>Асхаттікі, Мақсаттікі</i>

Дыбыс үндестігі (ассимиляция) – түбір мен қосымшаның жігіндегі, сөз бен сөздің арасындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстарға ілгерінді-кейінді ықпал етіп өзгертуін дыбыс үндестігі (ассимиляция) дейді.

Қазақ тілінде дыбыс үндестігінің үш түрі бар: ілгерінді (прогрессивті) ықпал, кейінді (регрессивті) ықпал және тоғыспалы (перекрестное) ықпал.

Ілгерінді ықпал (*Прогрессивная ассимиляция*)

Сөз ішінде немесе сөздер аралығында алғашқы дыбыстың өзінен кейінгі дыбысқа әсерін тигізіп тұруын *ілгерінді ықпал* дейміз.

а) Сөздің соңғы дыбысы дауысты, үнді немесе ұяң дауыссыз дыбыстардың бірі болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның бірінші дыбысы не үнді, не ұяң болады. Мысалы: *қала-лық (городской), күз-дік (осенний), қоғам-да (в обществе)*.

ә) Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса не сөз **б, в, г, д** дыбыстарының біріне аяқталса, оған қатаң дыбыстан басталатын қосымша жалғанады. Мысалы: *Волгоград+та (в Волгограде), клуб+та (в клубе), Асанов+қа (Асанову)*.

б) Біріккен сөздердің, сөз тіркесінің алғашқы сыңары қатаң болып, соңғы сыңары ұяңнан басталса, айтқанда ол қатаңға айналады, бірақ жазғанда түбірі сақталады. Мысалы:

Айтылуы: *Талдығорған, Ботагөз, Тыныспек, тас пер.*



Жазылуы: Талдықорған, Ботақөз, Тынысбек, тас бер.

в) Біріккен сөздердің, сөз тіркесінің алғашқы сыңары дауыстыға, я үндіге, я ұяңға аяқталып, екінші сыңары қатаң дыбыстан басталса, айтылуда қатаң дыбыс ұяңданып естіледі, бірақ жазғанда түбірі сақталады. Мысалы:

Айтылуы: Жаңақорған, кім гелді?

Жазылуы: Жаңақорған, кім келді?

Кейінді ықпал (*Регрессивная ассимиляция*)

Сөз ішінде немесе сөздер аралығында кейінгі дыбыстың өзінен бұрынғы дыбысқа әсер етіп өзгертуін **кейінді ықпал** дейміз.

Сөздің соңғы дыбысы қатаң **к, қ, п** болып, жалғанатын қосымша дауыстыдан басталса, олар ұяңға (*п-б, к-г, қ-г* болып) айналады, кейде **п** дыбысы *у*-ға айналады.

Мысалы: күнделік (дневник) + *і* = күнделігі (его/ее дневник), сұрақ (вопрос) + *ы* = сұрағы (его/ее вопрос), топ (группа) + *ы* = тобы (их группа).

Тоғыспалы ықпал (*Перекрестное влияние*)

Сөз тіркестерінің, біріккен сөз сыңарларының аралығындағы көршілес дыбыстардың бір-біріне қатар ілгерінді де, кейінді де әсер етіп, екеуінің де басқа дыбысқа ауысуын **тоғыспалы ықпал** дейміз. Бірақ жазуда бұл дыбыстық өзгеріс ескерілмейді. Мысалы:

Айтылуы: Дошшан, Жаңғожа, Жаңғара.

Жазылуы: Досжан, Жанқожа, Жанқара.

7-тапсырма. Төменде берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

Жаһандану, өркениет, республика, президент, жастар, бәсекелестік, келешек, білім, білік, журналист, тілші, мемлекет.

8-тапсырма. Төмендегі сөздерге *-ы, -і* тәуелдік жалғауларын жалғап, өзгеру себептерін түсіндіріңіз.

Мамандық, талап, тақырып, байлық, денсаулық, ынтымақ, бірлік, достық, болашақ, көлік, куәлік, бостандық, еркіндік, мүмкіндік, игілік, парак, сұрақ, талап, айып.



9-тапсырма. Төменгі сөздердің жуан, жіңішкелігін анықтап, қосымша жалғаңыз.

Журналист, турист, ақпарат, баспасөз, маман, мемлекет, бәсеке, аудармашы, саясат, құбылыс, жекеменшік, сенім, мінез, оқырман, кілем, компьютер, техника, бағдарлама.

10-тапсырма. Жақшаның ішінен үндестік заңын пайдаланып, сұраулы демеулікті таңдаңыз.

1. Сіз журналистсіз (ма/ме, ба/бе, па/пе)?
2. Тілші жігітті танысың (ма/ме, ба/бе, па/пе)?
3. Алматыда газет редакциялары көп (ма/ме, ба/бе, па/пе)?
4. Журналистика факультеті ұнады (ма/ме, ба/бе, па/пе)?
5. Меруерт мақаланы дайындады (ма/ме, ба/бе, па/пе)?
6. Мақала жазу оңай (ма/ме, ба/бе, па/пе)?
8. Кітапхана қоры бай (ма/ме, ба/бе, па/пе)?
9. Танымал журналистер көп (ма/ме, ба/бе, па/пе)?
10. Бүгін редакция жұмыс істейді (ма/ме, ба/бе, па/пе)?
11. Олар телевидениеде жұмыс істейді (ма/ме, ба/бе, па/пе)?



2-сабақ

**«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ және
ЖУРНАЛИСТЕР МІНДЕТІ**

«Қазақстан 2050» даму стратегиясы алғаш рет 2012 жылы 14 желтоқсанда Елбасының республика халқына арнаған «Қазақстан-2050»: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» Жолдауында жарияланды.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев: – «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру. Қазақстан ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс. Дамушы елдер арасында осы клубтағы орынға бәсекеlestік қатал болмақ. Күн астындағы орын тек ең мықтыларға арналғанын нақты сезіне отырып, ұлтымыз жаһандық экономикалық тайталасқа дайын болуға тиіс», – деп атап көрсетті. Жолдауда Қазақстанның даму жолы белгіленіп, ұзақ мерзімді нақты мақсаттары айқындалып, оларға жан-жақты талдаулар жасалған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын жария етті. Бұл Жолдауда еліміздің 2050 жылға дейінгі даму басымдықтары нақтыланды. Қазақстан Республикасының Президенті «Мәңгілік ел» идеясын ұсынды.

«Мәңгілік Ел» идеясын уақыт сынынан өткен Тәуелсіздік құндылықтар құрайды. Олар:

Біріншіден, бұл – Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астанасы.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.



Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл – еліміздің қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы қиындықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Бұл құндылықтар – «Мәңгілік Ел» идеясының тұжырымдамалық мазмұны. Қазақстандықтар осы тұжырымдамамен қаруланып, «Мәңгілік Ел» дамуын жүзеге асыратын болады.

Елбасы: «Еліміз «Мәңгілік Ел» болу үшін – *Тіл бірлігі, Дін бірлігі, Ұлт бірлігі, Азаматтық бір мақсат, бір мүдде* деген басты төрт факторды қамтамасыз етуіміз керек», – деп атап көрсетті.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

16

Жолдау –	Послание
Елбасы –	глава государства
жарияланды –	опубликовано
гүлдендіру –	цветение
тыныштығын қорғау –	здесь: беречь мир
ұзақ мерзімді –	долгосрочный
нақты мақсаттар –	конкретные цели
Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру –	создать Общество Всеобщего Труда
дамушы елдер арасында –	среди развивающихся стран
бәсекелестік –	конкуренция
қатаң, қатайтылған –	ожесточенной
жаһандық экономикалық тәйталасқа –	глобальному экономическому противостоянию
күн астындағы орын –	место под солнцем
мәңгілік –	вечность
насихаттау –	пропагандировать, освещать
мүдде –	интерес



Кәсіби қазақ тілі

басымдық –	приоритетность
күндылықтар –	ценности
қауіпсіздік –	безопасность
өсім –	здесь: развития
өңірлік –	региональное
тұжырымдама –	концепция
тұжырымдамалық –	концептуальное
бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ –	одна цель, один интерес, одно будущее
даму басымдықтары –	приоритеты развития
Мәңгілік ел –	Вечный народ
уақыт сынынан өткен –	выдержавшие испытание временем
Біріншіден, бұл – Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астанасы –	Во-первых, это Независимость Казахстана и Астана
Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім –	Во-вторых, национальное единство, мир и согласие в нашем обществе
Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият –	В-третьих, это светское общество и высокая духовность
Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім –	В-четвертых, экономический рост на основе индустриализации и инноваций
Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы –	В-пятых, это Общество Всеобщего Труда
Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы –	В-шестых, общность истории, культуры и языка



Жетіншіден, бұл – еліміздің қауіпсіздігі және бүкіл-әлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы –	В-седьмых, это национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем
Осы қиындықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік –	благодаря этим ценностям мы всегда побеждали
елімізді нығайттық –	укрепляли нашу страну
ұлы жетістіктерімізді еселедік –	множили наши великие успехи

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1.«Қазақстан 2050» жолдауы қашан жарияланды?

2. Бағдарламаның басты мақсаты қандай?

3. Елбасының 2014 жылы 17 қаңтарда халыққа жолдаған Жолдауының тақырыбы қалай аталады?

4. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылы 17 қаңтардағы Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынды. Онда қандай құндылықтар айтылған?

5. Елбасы «Еліміз «Мәңгілік Ел» болу үшін керек қандай басты төрт факторды атап өтті?

2-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, орыс тіліне аударыңыз.

Стратегия-2030 қабылданғаннан бері 15 жыл ішінде мемлекетіміз әлемдегі ең серпінді дамушы елдер бестігіне енді. «2050 жыл бұл тек жай ғана символикалық дата емес. Бұл бүкіл әлем бетбұрған нақты меже. Мәселен БҰҰ-да 2050 жылға дейінгі ғаламдық өркениеттің дамуына қатысты болжам әзірленген. Дүниежүзілік азық-түлік ұйымы да 2050 жылға дейінгі бағдарламасын әзірледі. Қазір көптеген елдер осындай ұзақ мерзімді стратегияларын әзірлеу үстінде». «Біздің ең басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру. Бізде ол үшін мүмкіншілік те, ресурс та, білімді адамдар да, берекелі ұлт та бар», – деді Н.Назарбаев.



Сөздің тура және ауыспалы мағынасы (Прямое и переносное значения слов)

Сөз мағынасы өзгеріп, дамып, кеңейіп отыратын өте күрделі құбылыс. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы болады. Сөздің затты немесе құбылысты атап білдіретін мағынасы **тура мағынасы** деп аталады. Тура мағына әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы болып табылады. Мысалы, *аспан, жер, жел, орман, бұлт* дегендер заттарды атаса, *биік, жылы, жақсы* дегендер сапаны, ал *бару, салу, оқу* дегендер қимылды атайды.

Сөздің ауыспалы мағынасы бір заттың негізгі атауыш мағынасын екінші бір затқа атау етіп ауыстырып, қолданудан барып туады. Мысалы, *Сен менің оң қолымсың* (ты моя правая рука) – мой помощник, *қолы жеңіл* (легкая рука) – удачное начало.

3-тапсырма. Берілген тіркестерді тура және ауыспалы мағынасына қарай бөліп жазыңыз.

Алтын сағат, алтын ғасыр, алтын астық.

Терең көл, терең білім, терең құдық, терең су, терең сезім.

Тәтті ұйқы, тәтті қиял, тәтті алма.

Ашық аспан, ашық әңгіме, ашық мінез.

Иенің көзі, байлықтың көзі, адамның көзі.

Өткір ой, өткір мінез, өткір көз, өткір пышақ.

Алыс арман, алыс туыс, алыс жер.

Ауыр мінез, ауыр тас, ауыр сөз.

4-тапсырма. Мақал-мәтелдерді аяқтаңыз, орыс тіліне аударыңыз және қандай мағынада қолданылғанын табыңыз.

1. Отан оттан да

2. Піл көтермегенді, көтереді.

3. Көп сөз – ... , аз сөз –..... .

4. Тіл пышақтан да

5. От шаласынан, сөз шаласы.....

6. тасты да уатады.

Керекті сөздер:

жаман, ыстық, алтын, уақыт, тіл, көмір, өткір.



5-тапсырма. *Мақал-мәтелдердің қандай мағынада қолданылғанын табыңыз.*

- 1) Оқу инемен құдық қазғандай.
- 2) Сөз де кілт, көңіл құлпын ашады.
- 3) Күннің шуағы жылы, ананың құшағы жылы.
- 4) Адал достық алтыннан қымбат.

6-тапсырма. *Берілген сөз тіркестерінің қайсысы тура мағынада, қайсысы ауыспалы мағынада тұрғанын анықтаңыз және орыс тіліне аударыңыз.*

Айырمامыз, оның оң қолы қылыш ұстаған, бос емес. Ал менің оң қолым бос.

Ол Оспан батырдың оң қолы болған.

Дәрігерді адам жанының арашашысы десек, медбике – оның оң қолы.

Соғыс кезінде оң қолы мен оң аяғынан жеңіл жараланып, бірнеше медальдармен марапатталған.

Осы жекпе-жекте Бекзаттың оң қолы ісіп, бармақ сүйегі шығып кеткен.

Енді дәрігерлер оның оң қолына аландап отыр.

Храпуновтың оң қолы жазадан құтылып кетіпті.

Кеше Варшавада қашып жүрген Мұхтар Әбілязовтың оң қолы Мұратбек Кетебаев қамауға алынды.

Оң қолы саналған Олжастың қателескен кезі аз болған жоқ.

7-тапсырма. *Сөздердің негізгі мағынасы мен ауыспалы мағыналарының өзара бірлігі мен айырмашылықтарын айтыңыз және сөйлем құрастырыңыз.*

Қыздың жасы 12-де. Көз жасы.

Бұлақ көзі. Адамның көзі.

Көзі ауырады. Көзінің оты бар. Қара көз.

Оң қол. Оң іс.

Ашық мінез. Ашық терезе.

Қара қарындаш. Қара жүрек.

Адал ас. Адал қызметкер. Адал дос.

Өсімдіктің сабағы. Оқушылардың сабағы аяқталды.



*Қоңыр қой. Дәптерді орнына қой.
Қисық адам. Қисық ағаш.
Адамның аяғы. Жұмыстың аяғы.
Ауыр тас. Ауыр жүк. Ауыр сөз.
Суық хабар. Суық су. Суық қару.
Өткір мінез. Өткір пышақ.
Терең ой. Терең құдық.
Бала бетін сабындап жуды. Кінәсін жуды.
Есіктің кілті. Жүректің кілті.
Су анасы – бұлақ. Мараттың анасы – Айна.
Домбырадан күй төкті. Ыдыстағы суды төкті.*

8-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, орыс тіліне аударыңыз және өз ойыңызды айтыңыз.*

Не тәтті?

Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып алдынан қарсы кездескен бір баладан:

- Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? – деп сұрайды.
- Сонда бала:
- Бал тәтті, – деген екен.
- Ал, жұмсақта не жұмсақ?
- Мамық жұмсақ.
- Қаттыда не қатты?
- Тас қатты.

Бұл баланың жауабын тыңдап тұрған екінші бала: «осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз», – деп өтінеді.

- Ал айта ғой балам, не тәтті? – дейді Жиренше шешен.
- Ананың сүті, – деп жауап беріпті бала.
- Не жұмсақ?
- Ананың қолы.
- Ал енді, не қатты? – деп сұрағанда
- Атаның жүрегі, – деген екен.

Шешен екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпті.

(«Ел аузынан» кітабынан).



3-сабақ

БІЛІМ ДЕ БӘСЕКЕГЕ ТҮСЕДІ

Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, өз кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар қажет. Қазір халыққа білім беру реформасы ғылыми негізге сүйенген пәнді оқытудың жоғары деңгейімен қамтамасыз етуді міндеттеп отыр. Соның ішінде дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан әл-Фараби бабамыздың педагогикалық мұрасы да телегей-теңіз мол дүние. Данышпан, ойшыл әл-Фараби: «Адам деген ардақты атты лайықты алып жүруден артық бақыттылық жоқ. Әлемде жаман мен жақсыны адамның ақылы ғана ажыратады», – деген болатын.

Білімді болу – белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз. Білімді адам көп нәрсені біледі және сол арқылы басқа белгісіз нәрселерді өз бетінше аша алады. Ғұламалар болашақ жастардың білімді болуы олардың өзінің сана-сезіміне, зейініне, дара қасиеттеріне, ақыл-ойына, жауапкершілігіне байланысты екенін айтқан.

Біздің елімізге мемлекетімізді көркейтетін білікті жас мамандар керек. Сол үшін біз түрлі ғылымды меңгеріп, бәсекеге қабілетті болуымыз керек.

Журналистика мамандығы журналистің өте білімді болуын талап етеді. Сондықтан болашақ журналистер көп оқып, көп білім алуы керек. Оның мақалалары әрі танымдық, әрі тәрбиелік болуы тиіс.

(2008 ж. «Егемен Қазақстан» газеті бойынша).



Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

ұрпақ –	поколение
бұлыңғыр –	пасмурный
сапалы –	качественный
өнегелі –	образцовый; примерный
басты талабы –	главное требование
өз кәсібін терең түсінетін –	глубоко понимающий свою профессию
іскерлік –	деловитость
маман –	специалист (профессионал)
кеңістік –	пространство
бағдар алып дамуда –	развиваться с ориентацией
данышпан –	мудрец; гений
дара –	отдельный (от других); особый (среди других);
ардақты –	почитаемый; уважаемый
лайықты –	достойный
белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу –	обладать способностью делать открытие из неизвестного
өз бетінше –	самостоятельно
ғұлама –	эрудит
сана-сезім –	сознание; соображение
зейін –	внимание; помысел; устремление
дара қасиеттер –	индивидуальные качества
ақыл-ой –	разум
жауапкершілік –	ответственность
көркею –	процветать; развиваться
білікті –	здесь: высококвалифицированный
бәсеке –	конкуренция
бәсекеге түсу –	конкурировать



1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ұрпағы білімді халықтың болашағы қандай?
2. Бүгінгі күннің басты талабы не?
3. Білімді болу деген не?
4. әл-Фараби даналық сөзін қалай түсінесіз?
5. Ғұламалар жастардың білімді болуы неге байланысты деген?

2-тапсырма. Білімге қатысты мақал-мәтелдерді керекті сөздерді пайдалана отырып аяқтаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Білім инемен қазғандай.

Ғылым – , білім –

Білекті жығады, білімді жығады.

Жеті жұрттың біл, жеті түрлі біл.

Оқу – білім..... , білім – өнер

..... білім жоқ, күнің жоқ.

Керекті сөздер:

оқусыз / білім / қайық / құдық / шырағы / бірді / тілін / бұлағы / білімсіз / теңіз / мыңды

3-тапсырма. Мазмұндаңыз және толықтырыңыз.

«Білім артық па, байлық артық па?»

1. Білімді адамның жанында адал достар көп болады, ал бай адамның қасында амал достар көп болады.
2. Білімді қанша жұмсағанмен азаймайды. Байлықты жұмсай берсең, бір күні таусылады.
3. Білім қанша көп болса да шіріп кетпейді, дүние болса бүлінеді.
4. Білімнің көп болса да оған есеп жүргізбейсің, ал байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп тұруың керек.
5. Шынайы білімді адам орнымен сөйлейді, ізеттілігі де артады. Байлығы мол адам оған мастанып мақтанады, астамшылық көрсетеді, сондықтан білім артық.



білімді – образованный
 адал достар – верные друзья
 амал достар – временные друзья
 жұмсау – трата
 азаймайды – не уменьшается
 таусылады – кончается
 шіріп кетпейді – не портится
 бүлінеді – испортится
 есеп жүргізу – вести счета
 шынайы білімді адам – истинный образованный человек
 байлығы мол адам – кто богат знаниями
 ізеттілігі артады – увеличивается любезность
 мастану – быть самодовольным
 мақтанады – хвалиться
 астамшылық көрсетеді – показывает высокомерие

4-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, қазақ тіліне аударыңыз.

Елбасының сөзімен жеткізгенде «қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» деген-ді. Сондықтан да қандай мектеп болмасын, ең алдымен шәкірттерінің мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі, яғни ана тілін, мемлекеттік тілін жетік меңгеруі міндеттелуі тиіс. Ал одан кейін басқа екінші, үшінші тілдерді білу, меңгеру мәселесі ол жастың болашақ мамандығына, кәсібіне, таңдаған бағытына қарай анықталады деп ойлаймыз. Ұлттық тәрбие негізі қаланған, өз тілін еркін меңгерген, алдымен өз тілінде ойлайтын ұрпақ өз елі үшін, өз елінің өркендеуі үшін, өз тілі мен дінінің, ділінің сақталуы үшін қызмет етеді. Әрине, ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Бұл – қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін (көптілділік) меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шындай түседі.



 **5-тапсырма.** Пікір білдіріңіз.

Бәсекеге қабілетті болу
дегенді қалай түсінесіз?

 **6-тапсырма.** Пікір білдіріңіз.

Білім қалай бәсекеге түседі?

Көпмағыналы сөздер. (Многозначные слова)

Сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болуын сөздің көпмағыналылығы дейміз. М: *мақта* (*хлопок*), *мақта* (*хвали*).

Адамның басы, таудың басы, бұлақтың басы, жұмыстың басы деген сөздердегі **бас** сөзі біріншісінде ғана өзінің тура мағынасында тұр да, қалғандарында бұл сөз әртүрлі мағыналық реңкте пайдаланылған. Бірақ әрқайсысындағы **бас** сөзінің мағыналары арасында жақындық, мағыналық байланыс бар: 1) адамның дене мүшесі, 2) таудың шыңы, ең биік жері, 3) бұлақтың шығар жері, 4) іс-әрекет болып жатқан жер т.б. мағыналарында жұмсалады. Әрине, бұл мағыналардың бір-бірімен байланысы бар. Сөздердің осындай бірнеше мағынада қолданылуын сөздің **көп мағыналылығы** немесе **полисемия** деп атайды.

Көпмағыналы сөздер көркем шығармаларда көп қолданылады.

Екі күймек бір *жанға* әділет пе,

Қаны қара бір *жанмын*, *жаны* жара.

Ашиды *жаның*, қайнайды қаның,

Мінездерін көргенде.... (Абай)

Мұнда ақын Абайдың *жан* сөзін мынадай бірнеше мағынада қолданып тұрғанын мәтін контексінен байқауға болады: *жанға* (лицу), *жанмын* (я человек), *жаны* (душа), *ашиды жаның* (сочувствуюшь). Сондай-ақ, *қанат* және *көз* сөзінің де көпмағыналы сөз екендігін төмендегі кесте арқылы танысып көруге болады.



<i>«Қанат» – құстар мен шыбын-шіркейлердің ұшып-қонатын дене мүшесі. (У птиц и насекомых – орган, служащий для летания).</i>	
<i>Құс қанаттарын қағады. Птица машет крыльями. (Ұшу мүшесі. Орган летания.)</i>	
<i>Ұшақтың қанаты. Крыло самолёта. (Ұшу аппаратының бөлігі. Часть летательного аппарата.)</i>	
<i>Алдыңғы қанаттың зақымдануы. Повреждение переднего крыла. (Автомобильдің бүйір жағы. Боковая часть автомобиля.)</i>	
<i>Үйдің сол қанаты. Левое крыло дома. (Ғимараттың бүйір жағы. Боковая часть здания.)</i>	
<i>Құс биікке қанатының арқасында ұшады.</i>	<i>Птицы могут подниматься на высоту благодаря крыльям.</i>
<i>Бізді Павел Федорович Садырин өз қанатының астына алды.</i>	<i>Нас под свое крыло взял Павел Федорович Садырин.</i>
<i>Қанаттарын жазу.</i>	<i>Расправить крылья.</i>

Көпмағыналы (мәнді) сөздің бір тілде жалғыз, басқа тілде көп мәнді болуы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде «бауыр» сөзі мынадай мәндерге ие:

Мен кішкентай бауырымды сағындым – я скучаю по младшему братику.

Бауыр басу – привыкать; сильно привязаться.

Ет бауыр – кровный (о родственниках).

Тас бауыр – жестокий, немилосердный.

Бауырым! – брат мой! (обращение).

Бауырына қысу – прижимать к себе.

Қаз бауыр бұлт – перистое облако.

Таудың бауырында – на склоне горы.

Бауырымен жоргалаушылар – пресмыкающиеся.

(Қазақша-орысша сөздік. Алматы, 131-132).

Орыс тілінде «печень» сөзі тура мәнді ғана: «крупная железа человека и животных, вырабатывающая желчь и участвующая в



процессах пищеварения, обмена веществ, кровообращения». /Словарь русского языка, 1983, 119/. Ағылшын тілінде «бауыр» – «liver» сөзінің ауыспалы мәні жоқ. Үш тілде «бауыр» сөзі бір ұғымды білдіргенмен, «бауыр» қазақ тілінде көпмағыналы сөз де, ал орыс пен ағылшын тілдерінде бір мағыналы сөз.

7-тапсырма. Сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестіріңіз. Қандай мағынада қолданылып тұрғанын ажыратып жазыңыз.

Терең (өзен, білім, ой); қатты (сөз, құрт); қара (көйлек, жұмыс, су, өлең, ниет); жұмсақ (адам, мінез, орындық).

8-тапсырма. Асты сызылған сөздер қандай мағынада қолданылған?

Көзім ауырып, дәрігерге қаралып жүрмін. _____

Көз – көңілдің айнасы. _____

Қазір иненің көзіне жіпті өткізе де алмаймын. _____

Жұмыстың көзін тапсақ, тез бітірер едік. _____

Марат ауыр жүк көтерді. _____

Ол – сыныбымыздағы мінезі ауыр баланың бірі. _____

Дастарханға ыстық тамақ та келді. _____

Досына ыстық ықылас білдірді. _____

9-тапсырма. Көп мағынаға ие болатын сөзді көрсетіңіз.

Жұмыстың көзін тапсаң, тез бігеді.

Ол – тобымыздағы мінезі ауыр бала.

Біз таудың басына шығып келдік.

Марат домбыраның құлағын бұрап берді.

Жердің бетінде тыныштық бола бергей!

Олар футбол алаңының оң қанатына отырды.

Алты қанат ақ орда әдемі-ақ!



4-сабақ

БҮГІНГІ МАМАН КЕЛБЕТІ

Қоғамның келешегі – жастар. Жастарды білікті, іскер, белсенді маман, шығармашылық ойлы азамат етіп дайындау үшін оларға сапалы білім беру керек. Барлық нәрсенің іргетасы – білім.

Жаңа ғасыр – әлемдік өркениет көшіне қосылу ғасыры. Ертеңгі игіліктер үшін және бәсекелестік қызып тұрған бүгінгі таңда жастар өндірістік тәжірибелерде шыңдалуы керек.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың елімізді әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті отыз елдің қатарына қосу туралы стратегиясына сәйкес, жоғарғы оқу орындарының негізгі міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім сапасын қамтамасыз ету арқылы сапалы адам капиталын даярлау.

Жоғары білімді, кәсіптік тұрғыда білікті мамандардан олардың өз саласын жетік меңгеруі және қоғамдағы экономикалық әлеуметтік өзгерістерге, техника мен технологиялық жаңалықтарға ғылыми негізде баға бере алуы талап етіледі. Бүгінгі маманның – көптілді болуы талап етіледі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға кіру тілі ретінде меңгеріледі.

Сонымен қатар ХХІ ғасыр маманының сапасын ақпараттық техника тілін аса жоғары технологиялық деңгейде қолдана алу біліктілігі анықтайды. Бұл талаптар болашақ журналистерге де қатысты. Бұл талаптар журналистер келбетін де құрайды. Келешекте көптілді журналистерге сұраныс көп болады.



Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

қоғамның келешегі –	будущее общества
барлық нәрсенің –	здесь: всего
бәсекелестік қызып тұрған шақта –	при жесткой конкуренции
игілік –	благо
озық ойлы азамат –	прогрессивно мыслящий гражданин
жүйелі білім –	системное образование
баға бере алуы –	уметь давать оценку, уметь оценивать
ретінде менгеріледі –	здесь: будут усваиваться как...
әлемдік өркениет –	мировая цивилизация
шығармашылық ойлы –	творческий мыслящий
сәйкес –	соответствующий
өндірістік тәжірибе –	производственная практика
қатысты	здесь: относятся
тұрғы –	точка зрения
кәсіптік тұрғыда –	с профессиональной точки зрения
жаһандық экономикаға кіру –	вхождение в мировую экономику
өмірлік тәжірибе –	жизненный опыт
ел мүддесін көздейтін –	защищающие интересы страны
шыңдалу –	здесь: совершенствоваться
қатысты –	здесь: относятся

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қоғамның келешегі – жастар дегенді қалай түсінесіз?
2. Бүгінгі маман келбеті қандай болуы керек?
3. Президент Н.Ә.Назарбаев болашаққа қандай міндеттер қойып отыр?
4. Жоғары білімді, білікті мамандардан не талап етіледі?
5. ХХІ ғасыр маманының сапасы қалай анықталады?



2-тапсырма. Мақалдарды қалай түсінесіз? Пікіріңізді айтыңыз.

«Киіміне қарап қарсы алады, біліміне қарап шығарып салады».

«Шеберді саусағы асырайды».

«Көз қорқақ – қол батыр».


«Не ексең, соны орасың».

«Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мынды жығады».

«Етікші бізге жарымас».

«Біткен іске сыншы көп».

3-тапсырма. Қатарын толықтырыңыз және аударыңыз.



4-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Бәсекеге қабілетті жастар, заманның жоғары технологияларының талаптарына сай келетін, мемлекеттік тілді білетін, білімі терең, тәжірибесі мол, білікті, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, іскер, мәдениетті, белсенді, ақылды, еңбекқор, жауапкершілікті, ұқыпты, алдына қойған мақсатына қол жеткізе алатын, жоғары деңгейлі жас маман.



5-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.*

Для завтрашнего благополучия, особенно при сегодняшней жесткой конкуренции, молодежь должна влиться в золотое русло цивилизации, и оттачиваться на жизненном опыте. Ныне главной обязанностью высших учебных заведений является обеспечение качественным образованием на уровне мировых стандартов. Обязательно – полноценное освоение своей отрасли высокообразованными и в профессиональном плане квалифицированными специалистами и их умение на научной основе оценивать экономические и социальные изменения в обществе, технику и технологии.

 **6-тапсырма.** *Командалық жұмыс. Пікір білдіріңіздер.*

1. Сіз – «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторысыз. Сізге редакциядағы босаған бір орынға жұмысқа кіру үшін екі журналист өтініш берді. Олардың бірі – жоғары оқу орнын жаңа бітірген жас маман, ал екіншісі – осы салада бірнеше (он) жыл еңбек еткен тәжірибелі маман.

Редактор кімді таңдайды деп ойлайсыз?

2. Газет редакторының қабылдауына кірген тәжірибелі маманмен арадағы әңгімені диалог етіп құрастырыңыз.

3. Газет редакторы мен жас маман арасындағы әңгімені диалог етіп құрастырыңыз.



Диалект және кәсіби сөздер

(Диалекты и профессиональные слова)

Тілде сөздерді қолданылу ерекшеліктеріне қарай: жиі қолданылатын сөздер (активная лексика), сирек қолданылатын сөздер (пассивная лексика) деп бөледі.

Жиі қолданылатын сөздерге жалпыхалықтық лексикадағы, барлығымызға түсінікті сөздер кіреді (мысалы: *мектеп, қала, көше, кітап, қол*). Ал *сирек қолданылатын сөздерге* диалект сөздер, кәсіби сөздер мен терминдер кіреді.

Белгілі бір жердегі (аймақ, облыс, аудан) тұрғындардың сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздерді **диалект сөздер** дейміз.

Диалект сөздердің басым көпшілігінің әдеби тілде баламалары болады. Мысалы, әдеби тілдегі *шалбар* сөзі Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында *сым* деп айтылады. Әдеби тілдегі *жұмыртқа* сөзін Оңтүстік Қазақстан облысында *тұқым* деп атайды.

Диалект сөздердің фонетикалық, лексика-семантикалық, синтаксистік, морфологиялық ерекшеліктері болады.

Бәдірен, әгүршік – қияр (огурец);

Бақыр – шелек (ведро);

Шыны, тиалай, жанан – кесе (чашка для чая);

Шақпақ, күкірт, шырпы, ши, оттық – сіріңке (спичка) т.б.

Үлкен – кәтте, тыңда – тыңла, құдағи – құдағай, баралық – баралы, берешек – бережақ т.б.

Белгілі бір кәсіп, шаруашылық саласы адамдарына ғана түсінікті, солардың өз ортасында ғана қолданылатын сөздер **кәсіби сөздер** деп аталады.

Балық аулау кәсібіне байланысты сөздер (слова связанные с рыболовным промыслом): *табан* (лещь), *шортан* (щука), *бекіре* (осетр).

Ауыл шаруашылығына байланысты сөздер (слова связанные с сельским хозяйством): *шабу* (косить), *шалғы* (коса), *орақ* (серп), *мал жаю* (пасты скот), *қой қырқу* (стрижка овец) т.б.

Қолөнершілікке байланысты кәсіби сөздер (профессиональные слова связанные с ремесленной деятельностью): атауыз –шеге суырғыш, біз – аяқ киім тігетін құрал, тарамыс – аяқ киім тігетін жіп, ұршық – малдың жүнінен жіп иіретін құрал, пышқы – араның



түрі, шербек – үлкен ара, ыңғыру – ағаш оятын құрал, тышуыр – бұрап тесетін құрал, көрік, төс, қысқаш – ұста құралдары т.б.

7-тапсырма. Сөйлемдердегі диалект сөздерді тауып, олардың қандай мағынада қолданылып тұрғанын анықтаңыз.

1. Қауғабаевтың пешенесіне жазылғаны осы шығар.
2. Қазақтар үйіне қонақ келсе, әдетте, қошынасын қоса шақырады.
3. Пұлың болса кезек күтпейсің, жұмысыңды тез бітіресің.
4. Ол қазіргі пошымына қатты қорланды.
5. Талдықорғанда кембағал жандарға арналған жаттығу залы ашылды.


8-тапсырма.

Диалект сөздердің әдеби тілдегі баламаларын жазып, сөйлем құрастырыңыз.

Тұқым, нән, көпшік, там, бәдірең, зілдей, сүгірет, дәу, кеуірт, құртақандай, секер, әйдік, кіл, малақай, тыңла.

 **9-тапсырма.** Пікір білдіріңіз.

Сіз газет редакторысыз. Ұжымдағы журналистің бірі өзекті мәселеге қатысты сапасыз жазылған (диалект сөздерге толы) мақаласын нөмірге әкеліп тұр.





10-тапсырма. Мәтіннен диалект және термин сөздерді табыңыз. Сөздікті пайдалана отырып орыс тіліне аударыңыз.

Емтихан кезінде

Әйгілі профессор шетел әдебиетінен емтихан қабылдап отыр. Студенттерге көңілі пәс. Әсіресе мына қызға ренішті. Ол кеңпейіл, мейірімді кісі болғандықтан студент қызға ұрыспады. Өртүрлі сұрақтар қойып қызды жетелеп отыр.

– Бальзактың «Шегрен былғары» (Шагреневая кожа) романы туралы өз ойыңды айтшы, қарағым.

– Мен оны әлі оқып үлгере алғаным жоқ.

– Олай болса, «Горио атай» туралы айт.

– Ол кітап кітапханада жоқ екен.

– Өкінішті, өкінішті, – деді профессор бас шайқап. Қабағы түйіліп кетті.

Ұялды ма, жоқ әлде екілік алып қаламын деп қорықты ма, қыз жылап жіберді.

Профессор абыржып қалды.

– Жә, жә, қой, қарағым. Мен сені қинамай-ақ қояйын, білгеніңді айт. Бальзактың қандай шығармасын оқып едің?

– «Адамзат комедиясын», – деп қыз қуана дауыстап жіберді.

Мәтінге сөздік:

кеңпейіл – добродушный

мейірімді – милосердный

көңілі пәс – здесь: недовольный

ренішті – здесь: быть огорченным

ұрыспады – здесь: не стало ругать

қабағы түйілу – нахмуриться

ұялды ма – здесь: то ли от стыда

абыржып қалу – приходиться в замешательство

қинамай-ақ қояйын – не буду мучить



5-сабақ

ЖУРНАЛИСТИКА ТЕРМИНІ

«Журналистика» термині алғаш рет Францияда пайда болған. Ал Ресейде бұл термин бастапқы кезде «журналдар жиынтығы» деген мағынаны білдірсе, XIX ғасырдың ортасынан бастап барлық мерзімді басылымдарға қатысты қолданыла бастады.

Қазақ тіліне «журналистика» термині орыс тілі арқылы еніп, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап белсенді қолданысқа ие болды. (Қазақ журналистикасы).

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында фотография мен кинематографияның пайда болуына байланысты фото және киножурналистика дүниеге келді. (Фотография, Деректі кино).

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап радиотехника жетістіктеріне байланысты радиожурналистика (Радиохабар), 40-жылдарынан бастап тележурналистика қарқынды дами бастады (Тележурналистика).

XX ғасырдың 90-жылдары ақпарат тарату көлемі мен шапшаңдығы жағынан журналистиканың басқа салаларынан әлдеқайда басым түсетін бүкіләлемдік байланыс торабы – интернет жүйесі пайда болды (Интернет). Олар журналистиканың жеке саласы болып қалыптасты.

Ертеде ақпараттар ауызша жеткізілген. Кейін Мысырда (Ежелгі Египетте) жаңалықтар жазылған папирустар қолданылса, ал Ежелгі Римнің қоғамдық орталықтарында хабарлама ілінетін арнаулы тақталар қолданылған. Неміс өнертапқышы И.Гутенбергтің (1394/99–1468) баспа машинасын ойлап табуы (1445) қазіргі заманғы түсініктегі журналистиканың пайда болуына ықпал етті.

Алғашқы газеттер Германияда 1609 жылы, Ұлыбританияда 1622 жылы, Францияда 1631 жылы шыға бастады.



Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

жиынтығы –	итого; всего
қатысты –	относящийся
мерзімді басылымдар –	периодические издания
қарқынды –	интенсивный
тарату көлемі –	объем распространения
байланыс торабы –	сеть связи
мекеме –	учреждение
ерекше әлеуметтік институт –	особенный социальный институт
хабарлама –	сообщение
мәліметтер жариялау –	здесь: публикация информации
жүзеге асыру –	осуществлять
өнертапқыш –	изобретатель
ойлап табу –	придумать
ықпал ету –	оказывать влияние

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұраққа жауап беріңіз.

1. Журналистика термині алғаш қайда пайда болған?
2. Қазақ тіліне журналистика термині қашаннан қолданысқа енді?
3. Тележурналистика қашаннан қарқынды дами бастады?
4. Баспа машинасын ойлап тапқан кім?
5. Алғашқы газеттер қайсы мемлекеттерде шыға бастады?

2-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Арт-журналистика – неформальный термин. Иногда арт-журналистами называют молодых людей, которые появились на волне 90-х, на смену советским журналистам. Это была попытка: а) разговаривать с аудиторией человеческим, уличным и вместе с тем чистым литературным языком, б) превратить журналистику из ремесла в искусство. Сделать ее самостоятельным, а не прикладным предметом.



3-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Журналист (от фр. *journal* – дневник, *jour* – день; восходит к лат. *diurna* – ежедневный) – сотрудник периодического издания, обязанности которого состоят в том, чтобы оперативно собрать, обработать, грамотно и доступно изложить актуальную информацию. Связь между журналистом и аудиторией осуществляется посредством информационного канала (печатные СМИ, телевидение, радио, интернет), в зависимости от которого выделяют журналистские специализации:

- сотрудники печатных изданий (газет, журналов, справочников);
- журналисты электронных СМИ (телевидение, радио, интернет);
- фотокорреспонденты (в некоторых случаях фотографии не просто играют роль иллюстрации к литературному материалу, а являются полноценными произведениями).

Жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдер

(Общепотребляемые слова и термины)

Бір тілде сөйлейтін адамдардың бәріне түсінікті ортақ сөздерді жалпылама қолданылатын сөздер дейміз. Жалпылама лексика адам баласының күнделікті тіршілігіне қажетті заттар мен құбылыстарды, әрекеттерді т.б. ұғымдарды атайды.

Мысалы, *су (вода); ауа (воздух), жер (земля), күн (солнце), ел (страна), ақыл (ум), қала (город), көше (улица), көрші (сосед), отыр (садь, садись), тұр (вставай), бер (дай), сөйле (говори).*

Жалпылама қолданылатын сөздер тура мағынасында жұмсалады.

Термин сөздер – ғылым, техника, өндіріс т.б. саласындағы ұғымдар мен зат атауларын білдіретін сөздер.

Қазақ тіліндегі термин сөздер 2 түрлі жолмен жасалған.

1. Баламасы бар термин сөздер: 1) жергілікті және көне сөздерден жасалған термин сөздер: универсал – *әмбебап*, устав – *жарғы*, комплекс – *кешен*, администратор – *әкім*, т.б. 2) тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы жасалған термин сөздер: семья – *отбасы*, музей – *мұражай*, герб – *елтаңба*, гимн – *әнұран*, паспорт – *төлқұжат* т.б.



2. Қазақша баламасы жоқ интернационалдық термин сөздер: коэффициент, синус, куб, азон, аммиак, карта, материк, глобус, синтаксис, диалект, антоним, дисфемизм т.б.

Терминдер бір ғана ұғымды білдіретіндіктен, бір мағыналы болып келеді. Терминдердің мағынасы әрқашан тұрақты болады.

Терминдердің жасалу жолдары:

1. Қазіргі қазақ тіліндегі кейбір терминдер орыс, араб, еуропа тілдерінде қалыптасқан үлгісінде жұмсалады: *квадрат, синоним, эпос, поэзия* т.б.

2. Қазақ тілінен балама табу арқылы: *кеден – таможня, әмбебап – универсал, кешен – комплекс, хаттама – протокол, ғарыш – космос.*

3. Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалады.

а) Сөздерді біріктіру арқылы жаңа термин жасалады: *әнұран – гимн, төлқұжат – паспорт, әуежай – аэропорт, елтаңба – герб* т.б.

ә) Қысқарту тәсілі негізінде жасалады: *БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралы) – СМИ (Средства массовой информации), ЖОО (Жоғары оқу орны) – ВУЗ (Высшее учебное заведение), ҰБТ (Ұлттық бірыңғай тест) – ЕНТ (Единый национальный тест), БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) – ООН (Организация Объединенных Наций)* т.б.

Ғылымдар саласы бойынша терминдер.

1) Лингвистикалық терминдер: *фразеология, фонетика, лексика, морфология, синтаксис, стилистика, метафора, идиома, метонимия* т.б. 2) Әдеби-өнер терминдері: *проза, комедия, драма, опера, сатира, поэзия, эпос, консерватория, либретто, дирижер* т.б. 3) Математика терминдері: *алгебра, аксиома, теорема, коэффициент* т.б. 4) Физика терминдері: *атом, оптика, механика, энергия, ампер* т.б. 5) География терминдері: *глобус, циклон, меридиан, экватор, Азия, Африка, масштаб, тайфун, карта* т.б.

4-тапсырма. Жалпылама қолданылатын сөздерді бір бөлек, термин сөздерді бір бөлек бағаналарға бөліп жазыңыз. Термин сөздердің қандай тәсілмен жасалғанын анықтаңыз және аударыңыз.

Ақпарат, аудармашы, ауа, әуежай, әмбебап, әнұран, бағдаршам, бейнебаян, БАҚ, билік, БҰҰ, ғарыш, ермексаз, елтаңба, ел, жазушы,



ЖОО, жер, кеден, қала, күн, көше, кешен, мұражай, ресми, су, теледидар, төлқұжат, тікұшақ, ҰБТ, халық, хаттама.

5-тапсырма. *Тілімізге енген араб-парсы сөздерін үш сала бойынша бөліп жазыңыз және аударыңыз.*

Үлгі:

1. Ғылым, мәдениетке, әлеуметтік өмірге байланысты: *мәдениет.*
2. Үй тұрмысы мен шаруашылыққа, саудаға байланысты: *жиһаз.*
3. Дінге байланысты: *рамазан.*

Керекті сөздер: *тарих, парақ, құран, имам, сарай, мақта, багбан, дүшпан, халва, әдебиет, шаригат, мүфти, шарап, медресе, дарбаза, ораза, дұға, емтихан, тәржіме, зембіл, құрбан, мектеп, бұқара, қабілет, құдірет, мешіт, мағлұмат, әулие, сәлем, ғылым.*

6-тапсырма. *Мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз және мәтінге ат қойыңыз.*

Университет негізін 1992 жылы Рахман Алшанов, Қуаныш Тазабеков, Орақ Әлиев сынды белгілі экономист-ғалымдар қалады. Жаңа нарықтық механизмдер әлі қалыптасып болмаған жас мемлекетімізге жаңаша ойлап, шешім қабылдайтын, жаңа форматта жұмыс істей алатын білікті кадрлар қажет болғандығы белгілі. Осы бағытта Тұран университеті инновациялық типтегі бірінші жоғарғы оқу орны болып, өсіп келе жатқан жаңа нарықтық экономика үшін жаңа мамандар дайындай бастады. Өйткені нарықтық экономикаға көшкен сол жылдары елімізде аудитор, маркетинг сынды қажетті мамандар жоқтың қасы болды. Сондай-ақ, туризм саласының мамандарын даярлауды да алғашқылардың бірі болып бастады.

Өзінің даму тарихында «Тұран» оқытудың толық циклын – лицей – колледж – бакалавриат – магистратура-докторантура PhD – диссертациялық кеңес құрамы мен «вертикальді» оқыту жүйесін қамтамасыз етіп отыр. Оқыту жүйесінде білім беру мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ халықаралық құқық және туризм салаларында ағылшын тілі кеңінен оқытылады. Соңғы жылдары қытай тіліне де сұраныс артуда.

(Ботагөз Әбдірейқызы).



7-тапсырма. Мәтіннен термин сөздерді тауып, олардың қай кәсіпке қатысты екенін табыңыз және аударма жасаңыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінде республикамыздың болашақ журналистері бас қосты. «Ең дарынды болашақ журналист» атты олимпиадаға тоғыз команда келді. Байқауға Алматы, Түркістан, Өскемен, Семей, Қызылорда, Қостанай қалаларында журналистика мамандығын оқытатын университеттерден студенттер қатысуда. Әділқазылар алқасы қатарында: танымал журналистер, блогерлер мен оқытушылар бар. Олимпиада екі тур бойынша өтуде. Бірінші турда студенттер барлығы 100 сұраққа жауап беруге тиіс болатын. Тапсырманы орындауға екі сағат уақыт берілгенімен, жас журналистер бар-жоғы бір сағат көлемінде тест сынағын аяқтады. Екінші турда «Ең үздік таныстыру» номинациясында өздерін таныстыру үшін бейнероликтер ұсынды.

8-тапсырма. Термин сөздерді табыңыз және аударыңыз.

«Жұлдыздар отбасы» журналының бас редакторы Жарылқап Қалыбай журналдың сапасын арттыру үшін жаңа қызметкерлерді жұмысқа алған. Соңғы жылдары «Жас қазақ» апталығы бас редакторының бірінші орынбасары қызметін атқарған белгілі журналист Сәкен Сыбанбай журналдың бас редакторының орынбасары қызметіне шақырылыпты. Бірнеше журналистік сыйлықтардың иегері, тәжірибелі журналист Жұлдыз Әбділдә шефредактор қызметіне тағайындалды. Ал журналдың дизайнері Бекбол Нұрмұханбетов арт-директор қызметіне жоғарылаған. Өз істерінің маманы Төлебек менеджер-тілші болса, Рысханым корректор, студент Марфуға «Аңыз адам» айбарын абыройлы атқарып келеді.

9-тапсырма. Сұхбатты рөлге бөліп оқып, орыс тіліне аударыңыз және термин сөздерді табыңыз.

Сұрақ: – Шығарманы оқырманға астарлап, қызғылықты, тартымды етіп жеткізу жолы. Әдеби әдіс-тәсілді қалай атайды?

Жауап: – Шығарманы оқырманға астарлап, қызғылықты, тартымды етіп жеткізу жолы. Ол әдеби әдіс-тәсілді «форма» деп атайды.



Сұрақ: – Сөзді, тілдегі буындарды түсінікті, нық айту деңгейі қалай аталады?

Жауап: – Сөзді, тілдегі буындарды түсінікті, нық айту деңгейі «дикция» деп аталады?

Сұрақ: – Радиодағы музыкалық бағдарламалар жүргізушісі қалай атайды?

Жауап: – Радиодағы музыкалық бағдарламалар жүргізушісін «диджей» – деп атайды.

Сұрақ: – Шығармадағы негізгі ой, автор сол арқылы өзінің азаматтық ұстанымын білдіреді. Бұл қалай аталады?

Жауап: – Шығармадағы негізгі ой, автор сол арқылы өзінің азаматтық ұстанымын білдіретін – «идея».

Сұрақ: – Көркем шығарма, ғылыми еңбек, спектакль т.б. туралы сын, пікір қалай аталады?

Жауап: – Көркем шығарма, ғылыми еңбек, спектакль т.б. туралы сын, пікір – «рецензия».



6-сабақ

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Журналистиканы пайдаланылған технологиялар мен құрылғыларына қарай келесідей түрлерге:

- 1) газеттік-журналдық журналистика,
- 2) тележурналистика,
- 3) радиожурналистика,
- 4) интернет-журналистика,
- 5) фотожурналистика т.б. бөледі.

Журналистика жанрлары

Зерттеуші *Лев Кройчик* журналистика жанрларын былай бөледі:

- Оперативті-ақпаратты – жазбалардың барлық түрі.
- Оперативті-зерттеушілік – отчёт (есеп беру), репортаж, интервью (сұхбат).
- Зерттеушілік-ақпаратты – рецензия, корреспонденция, комментарий.

➤ Зерттеушілік – мақала, хат.

➤ Зерттеушілік-бейнелеу – фельетон, эссе.

Ал *Семен Гуревич* басқаша көзқараспен былай бөлген:

1) ақпараттық жаңалықтар жанры, 2) диалогты жанр, 3) ситуациялық-аналитикалық жанр, 4) эпистолярлық жанр, 5) көркем публицистикалық жанр, 6) сатиралық жанр.

Ал көптеген журналистер мен зерттеушілер жанрларды дәстүрлі түрде былай бөледі:

➤ Ақпараттық – хроника, ақпарат, заметка (жазба белгі), интервью (сұхбат), отчёт (есеп беру), репортаж т.б;

➤ Аналитикалық – корреспонденция, комментарий (түсінік), мақала, хат, рецензия, эксперимент, рейтинг, обзор (шолу), мемуарлар т.б;

➤ Көркем публицистикалық – эссе, очерк, фельетон, памфлет, некролог (қазанама) т.б;

➤ Шоу-жанр – ток-шоу, реалити-шоу, ойындар, байқаулар т.б.



Журналистика типологиясы

Журналистика типологиясы – журналистиканы қоғамдағы атқаратын рөліне, маңызына, қызметіне қарай жіктеу, салаларға бөлу.

- 1) Саяси журналистика.
- 2) Халықаралық журналистика.
- 3) Іскерлік журналистика.
- 4) Музыкалық журналистика.
- 5) Спорттық журналистика.
- 6) Ғылыми журналистика.
- 7) Журналистік зерттеу.
- 8) Экономикалық журналистика.
- 9) Гонзо-журналистика.
- 10) Жаңа журналистика.
- 11) Мультимедиалық журналистика.
- 12) Азаматтық журналистика (ағылш. citizenjournalism – кәсіби емес журналистика).
- 13) Діни журналистика.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

журналистиканың түрлері –	виды журналистики
құрылғылар –	оборудования
келесідей түрлерге бөледі –	подразделяют на следующие виды
журналистика жанрлары –	жанры журналистики
зерттеуші –	исследователь
оперативті-ақпаратты –	оперативно-новостные
жазбалардың барлық түрі –	все виды заметок.
оперативті-зерттеушілік –	оперативно-исследовательские
зерттеушілік-ақпаратты –	исследовательско-новостные
мақала –	статья
зеттеушілік-бейнелеу –	исследовательско-образные
ақпараттық жаңалықтар жанры –	жанры новостной информации
көркем публицистикалық жанр –	художественно-публицистические жанры
ақпараттық –	информационные
шолу –	обзор



журналистика типологиясы –	типология журналистики
саяси журналистика –	политическая журналистика
халықаралық журналистика –	международная журналистика
іскерлік журналистика –	деловая журналистика
музыкалық журналистика –	музыкальная журналистика
спорттық журналистика –	спортивная журналистика
ғылыми журналистика –	научная журналистика
журналистік зерттеу –	журналистские расследования
жаңа журналистика –	новая журналистика
гонзо-журналистика –	гонзо-журналистика
мультимедиялық журналистика –	мультимедийная журналистика
азаматтық журналистика –	гражданская журналистика
экономикалық журналистика –	экономическая журналистика
діни журналистика –	религиозная журналистика

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұраққа жауап беріңіз.

- 1) Журналистиканы пайдаланған технологиялар мен құрылғыларына қарай қанша түрге бөледі?
- 2) Зерттеуші Лев Кройчик журналистика жанрларын қаншаға бөлді?
- 3) Журналистер мен зерттеушілер жанрларды қаншаға бөлді?
- 4) Журналистика типологиясы қандай салаларға бөлінеді?

2-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

Фотожурналистика может быть печатной. Радиопрограммы могут передаваться через сеть. Интернет в звуковом и текстовом виде. Интернет-издания могут готовить программы для радио. Телевизионное вещание может быть организовано через сети (мобильный интернет, мобильную связь) и т.п.



3-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіз.


Фотограф пен фототілші

Фотограф пен фототілшінің айырмашылығы бар. Фотограф белгілі бір құжатқа түсіреді, жарықтың бәрін алдын ала дайындап қояды. Біреулері орталық аландарда жүреді, бірі мекемелерде фотограф болып қызмет атқарады. Ал фототілші жаңағыдай белгілі бір шеңберге сыймайды. Ең бастысы, адамның қырағылығы, яғни болып жатқан оқиғаның жеткізілуін дәл табу арқылы жүзеге асады. Алдын ала дайындап қою жоқ. Демек, талант пен қабілет, ұшқыр қиял керек. Әрине, техникалық жағын ескеру міндетті. Фототілшілік – көзқарас пен пікірді сурет арқылы беретін журналистиканың бір саласы. Кез келген оқиға, күтпеген жағдайлардың көрінісі фототілшілердің еншісінде.

...Біздің елімізде фотожурналистика мамандығын беретін оқу орны жоқ. Қазіргі фототілшілердің барлығы – бұл салаға қызығушылықпен келіп, тәжірибе жинап, өздігінен саланың қыр-сырын меңгергендер.

...Бұрын фотожурналистер өздерінің фотосуреттерін орталық мұрағатқа тапсыратын. Оны қажетті уақытта пайдаланып отыруға мүмкіндік болатын. Қазір ол жүйе жоқ. Бүгінгі тарихты болашақта іздеу де қиынға соғуы да мүмкін.

(blogtime.kz сайтынан алынды. 24 мамыр, 2014 ж.)

 **4-тапсырма.** Сіз газетке журналист болып жақында орналастыңыз. Сізге бөлім басшысы төмендегі салаларды ұсынды.

- ✓ Саяси журналистика.
- ✓ Халықаралық журналистика.
- ✓ Музыкалық журналистика.
- ✓ Спорттық журналистика.
- ✓ Мультимедиалық журналистика.
- ✓ Азаматтық журналистика.
- ✓ Экономикалық журналистика.
- ✓ Діни журналистика.

Сіз қайсы саланы таңдайсыз? Себебін түсіндіріңіз?



Кірме сөздер

(*Заимствованные слова*)

Басқа тілден енген сөздерді **кірме сөздер** дейміз. Өз тарихында қазақ халқы көптеген елдермен қарым-қатынас жасап, араласқаны мәлім. Соның нәтижесінде араб, парсы, моңғол, орыс тілдерінен қазақ тіліне көптеген сөздер енген. Керісінше, басқа тілдерге де қазақ тілінен көптеген сөздер енген. Мысалы, араб және парсы тілінен енген *әлем, ғылым, қоғам, мектеп, тарих, әдебиет, мәдениет, емтихан* т.б. сөздер бар.

Моңғол тілінен ел билеуге байланысты *ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ, жарлық* сөздері, жер-су атауларына қатысты *Тарбағатай, Нарынқол, Нұра, Баянауыл, Зайсан, Қордай* т.б. атаулар кірген.

Жер-су атауларының шығу тарихын зерттейтін ғалымдардың пікірінше Тарбағатай моңғолдың «тарбаған» (суыр) деген сөзінен шыққан, «тай» тау деген сөз. Яғни, Тарбағатай тауының мағынасы «суырлы тау», ал Алтай «занғар тау, алып тау» деген сөзден шыққан дейді.

«Зайсан» көлінің атауы – аштыққа ұшыраған көптеген адамдардың өмірін тайдай тулаған балығымен сақтап қалуымен байланыстырады. Сонда Зайсанның қазақша аудармасы «игі, игілік, мейірман» деген мағынаны білдіреді.

Ал орыс тілінен енген сөздер:

а) Қазан төңкерісіне дейін енген сөздер – *болыс, сот, жәшік, керует, бөтелке, кәмпит, сөмке, тәрелке*, т.б.

ә) Кеңестік дәуірде кірген кейбір термин сөздер өзгеріссіз қалпында қолданылады – *телефон, телеграф, автомобиль* т.б.

Латын тілінен: *лекция, республика, министр, операция.*

Неміс тілінен: *штраф, офицер, орден, штурм, рота, кран.*

Француз тілінен: *жюри, батальон, дуэль, гарнизон.*

Ағылшын тілінен: *чемпион, бокс, вазон, вокзал, митинг.*

Соңғы жылдарда кірме сөздердің біразы қазақшаға аударылған. Мысалы: *самолет – ұшақ, вертолет – тікұшақ, коллектив – ұжым, герб – елтаңба, гимн – әнұран.*

«Жәрмеңке» неміс сөзі. *Jahr* – «жыл» және *Markt* – «сауда» деген сөз. Немістер жылына бір рет арнайы жерде ұлы жиын сауда ұйымдастырып, оны *JahrMarkt* деп атаған. Немістен бұл сөз поляк тілі



арқылы орыс тіліне ауысқан да, соңына тілдік ерекшелікке сәйкес **-а** жалғауы қосылып *ярмарка* түрінде қалыптасты. Орыс тілінен енген бұл сөз тілімізге енгенде фонетика заңдылығына сай «жәрменке» болып өзгертілген.

Есте сақтаңыз!

Кірме сөздер	Кірме сөздердің қазақ тіліндегі баламасы
<i>Пұл</i>	<i>ақша, қаржы (деньги, денежные средства)</i>
<i>Шайыр</i>	<i>суырып салма ақын (поэт-импровизатор)</i>
<i>Сарбаз</i>	<i>жасақшы, қол, әскер, жауынгер (дружинник, армия, воин)</i>
<i>Ғибрат</i>	<i>үлгі, өнеге (поучение, поучительный пример, образец, пример)</i>
<i>Ғұлама</i>	<i>ғалым, оқымысты (ученый)</i>
<i>Пешене</i>	<i>жазмыш, тағдыр (предопределение; рок; судьба; участь /по народному представлению, предначертанная богом на лбу человека/)</i>

5-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

<i>жәшік</i>	<i>(чайник)</i>
<i>кереует</i>	<i>(конфеты)</i>
<i>сөмке</i>	<i>(кровать)</i>
<i>бәтеңке</i>	<i>(тарелка)</i>
<i>шайнек</i>	<i>(машина)</i>
<i>тәрелке</i>	<i>(самовар)</i>
<i>сіріңке</i>	<i>(сумка)</i>
<i>самауыр</i>	<i>(ботинки)</i>
<i>кәмпит</i>	<i>(спички)</i>
<i>мәшине</i>	<i>(завод)</i>
<i>зауыт</i>	<i>(ящик)</i>



6-тапсырма. Сәйкестендіріңіз және сөйлем құрастырыңыз.

Музыка саласы	актер
Медицина саласы	натюрморт
Баспа жұмысына	гипостаза
Ғылым саласы	рок-фестиваль
Сурет өнеріне	кегль
Ботаника ғылымына тән	профессор
Тұрмыстық зат	хирург
Сусын	джакузи
Өнер саласы	коктейль

7-тапсырма. Өлеңнен кірме сөздерді табыңыз.

«Интернатта оқып жүр»

Интернатта оқып жүр Талай қазақ баласы – Жаңа өспірім, көкөрім, Бейне қолдың саласы. Балам закон білді деп, Қуанар ата-анасы, Ойында жоқ олардың Шариғатқа шаласы. Орыс тілі, жазуы – Білсем деген таласы. Прошение жазуға Тырысар, келсе шамасы. Ынсапсызға не керек Істің ақ пен қарасы? Нан таппаймыз демейді, Бүлінсе елдің арасы. Иждиһатсыз, михнатсыз Табылмас ғылым сарасы. Аз білгенін көпсінсе, Көп қазаққа епсінсе,	Кімге тиер панасы? Орыс теріс айтпайды, Жаман бол деп оларды. Қаны бұзық өзі ойлар Қу менен сұм боларды, Орыста қалар жаласы. Бұл іске кім виноват: Я Семейдің қаласы, Я қазақтың аласы? Ойында жоқ бірінің Салтыков пен Толстой, Я тілмаш, я адвокат Болсам деген бәрінде ой, Көңілінде жоқ санасы. Ақылы кімнің бар болса, Демес мұны тілі ащы. Айтыңызшы, болсаңыз Здравомыслящий, Ақыл айтпай ма ағасы? <i>(Абай Құнанбаев).</i>
---	---



8-тапсырма. Мәтінге ат қойыңыз, сөздіктің көмегімен аударыңыз.

Алдына сәлем бере және елді ынтымақтандыру жөнінде келген Төлеге Әнет баба садақтың алты оғын біртіндеп сындырып, екі бүктеп, он екі шыбық етіп ортасынан буып:

– Міне, енді сындырып көрші, – дейді. Төле бірден бір буда шыбықты қалай сындырсын.

Шыбықтарды Әнет бабаға қайтарып:
– Әнет баба, айып етпеңіз, бұл жұмбағыңызды түсінбедім, – дейді.

Сонда Әнет баба мынандай өсиет айтыпты:

– Төлежан, ешқашанда өзімшіл болма, көптің айтқанын тыңда. Көптің айтқанын тыңдамасаң, көп те сенің айтқаныңды орындамайды. Көп болсаңдар, өзара ынтымақта болсаңдар, сендердің белдеріңді де ешкім сындыра алмайды. Ал әрқайсың жеке-дара болып ынтымақтарың жараспайтын болса, мына жеке шыбықтарды сындырған секілді әркім-ақ бірліктеріңді бұзып, береке-леріңді кетіреді.

Мәтінге сөздік:

екі бүктеп – складывать
(сгибая)

сындыру – ломать

буу – завязывать

шыбық – прутник, розги

бір буда – здесь: связка

айып етпеңіз – извините

өзімшіл – эгоист

бірлік – единство

жұмбақ – загадка

береке – изобилие;

достаток

әкесінің баласына

өсиеті – наставление

отца своему сыну



7-сабақ

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Журналистикасыз қазіргі қоғам өмірін көзге елестету мүмкін емес. Журналистика XVI ғасырда адамдардың бір-бірімен жазбаша хабар алмасу құралы ретінде пайда болған. Ал, оның ауызша түрде хабар жеткізу түрлері ерте кезден басталған. Сол уақыттардан бері журналистика даму, қалыптасу жолдарынан өтті.

Журналистика – барлық уақытта қоғам өміріне араласа алады және баға берумен, қорытындылар жасаумен, ұсыныстар айтумен қоса, ол адамдарды тәрбиелейді. Журналистика тек қана хабарларды берумен шектеліп қалмай, ол сонымен бірге насихаттық рөл де атқарады. Журналистика – халық мүддесіне қызмет ететін, соның қажеттіліктерін қарастыратын сала.

Журналистика адам санасын көтеруге, рухани әлемді байытуға, себепкер болады. Журналистика бұқаралық ақпарат құралдары болып саналатын баспасөз, радио, телевидение, интернет арқылы қызмет етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарын қысқартып БАҚ деп те атайды. Баспасөз, радио, телевидениенің негізгі міндеті – жалпы ақпаратты жинап, өңдеп, халыққа ұсына отырып, қоғамға жат әрекеттерден сақтандыру.

Журналистика – баспасөз, радио, телевидение сияқты әр алуан мекемелердің басын құрайтын ерекше әлеуметтік институт болып табылады. Ол – БАҚ пайдаланатын ақпаратты тарататын және олардың түрлерін қалыптастыратын арналардың біртұтас жиынтығы. БАҚ проблемаларын зерттейтін ғылым саласы да журналистикаға жатады.



Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

көзге елестету –	представить
алмасу –	обменяться
жеткізу –	доставлять
танымдық –	познавательный
сақтандыру –	предупреждать, предостерегать
жат –	здесь: чуждый
қоғамдық пікір –	общественное мнение
ұсыныс –	предложение
өңдеу –	обработка
ұсыну –	предлагать
қажеттілік –	необходимость, надобность
басылым –	издание
мекеме –	учреждение
бұқаралық ақпарат құралдары –	средства массовой информации

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Журналистиканың қоғамдағы рөлі қандай?
2. Журналистиканың негізі қашаннан басталған?
3. Журналистика қандай сала?
4. Баспасөз, радио, телевидениенің негізгі міндеті не?

2-тапсырма. Көп нүктенің орнын толтырыңыз.

Журналистің бармайтын , баспайтын , ашпайтын қалмайды. Журналист өмірдің да, да, қоғамның да, да жазады. Қажет болса (егер кейіпкері түрмеде болса..... , жындыханада болса , т.с.с) өртке де араласады, сотқа да кіріседі, ұрысқа, қылмыстық да, саяси шараларға да, өлімге де араласады (тіпті, өз шындығын қорғау үшін да мүмкін, репортаж жүргізу үшін баруы да ықтимал, керек болса өлімге де бас тігеді). Өйткені бал арасына ұқсап, өзіне қажет жер-көкті кезіп, шартарапты шарлап, тірнектеп, теріп жүріп жинайды. Сол ізденістің барысын-



да небір керемет ләззат алатын таңғажайып сәттерді, сонымен қатар, адам айтса сенгісіз оқиғаларды, қилы-қилы күрделі процесстерді бастан кешіреді. Қызмет бабындағы кәсіби – өз алдына бөлек дүние. Басқа сала өкілдерін былай қойғанда экранда да, эфирде де «жұлдыздардың» жармасып, жүргізушілікке таласатыны –..... .


(Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультеті, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Жидегүл Әбдіжәділқызының журналистиканы сипаттауы).

Керекті сөздер:

ақпаратты / ақпаратты / азабын / бәсеке / ғажабын / жері / жақсылығын / жамандығын / журналист / жындыханаға / есігі / микрофонға / оқиғаларға / соттасуы / соғысқа / сұмдық / тауы / түрмеге / тамаша/ факт.

 **3-тапсырма.** Пікіріңізді білдіріңіз.

Сіз мемлекеттік маңызы бар нысан саналатын ірі кәсіпорын сатуға шығарылған аукционға баспасөз өкілі (журналист) ретінде қатысып отырсыз. Сатып алуға үміткерлер арасынан бағаны қолдан көтеріп отырған адамдарды байқадыңыз.





Тұрақты сөз тіркестері.

(Фразеологизмы)

Тұрақты сөз тіркестері – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағына білдіретін сөз тіркестері.

Фразеологизмге тән мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сөздердің жеке мағыналарына үнемі сәйкес келе бермейді, сыңарлары тұтасып барып, бір ғана мағынаны білдіреді.

Мысалы: «тас бауыр» деген тұрақты тіркестің мағынасы – *мейірімсіз* болса, «су жүрек» деген тіркестің мағынасы – *қорқақ*.

Тұрақты тіркесті құрайтын сөздер бұрыннан қалыптасқан жүйемен айтылады. Олардың сыңарларының орнын ауыстыруға немесе басқа сөзбен алмастыруға келмейді.

Мысалы: «тайға таңба басқандай» дегенді «жылқыға таңба басқандай» деп бір сөзін алмастырып айтуға болмайды.

Фразеологизмдер сөздің көркемдік мәнерін арттырады.

1) М: Бұл жарыста қазақстандықтардың *бағы жанды*. «*Бағы жану*» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасы – жолы болу, табысқа жету.

2) М: Осы жолы ол қарсыласынан *тізе бұзуге* мәжбүр болды. «*Тізе бұзу*» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасы – жеңілу.

3) М: Біздің команда жеңгенде, *төбеміз көкке жетті*. «*Төбесі көкке жету*» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасы – қатты қуану.

4) М: Олар соңғы минутта жеңіліп, *санын соғып* қалды. «*Санын соғу*» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасы – өкіну.

4-тапсырма. *Жаттап алыңыз, жағдаят құрыңыз.*

- ✓ ақ сөйле – говори правду;
- ✓ арзан қол – дешевый;
- ✓ аталы сөз – слово-назидание;
- ✓ атам заманнан – издавна;
- ✓ аты жер жару – статья очень знаменитым;
- ✓ ауызы ауыр – неразговорчивый;
- ✓ аузы берік – держать язык за зубами;
- ✓ аузына қарату – завоевать, всеобщее уважение;
- ✓ аузына май, астыңа тай – да сбудутся твои слова;



Кәсіби қазақ тілі

- ✓ төбе шашы тік тұру – волосы стали дыбом;
- ✓ бармағын тістеу – кусать себе палец;
- ✓ тыным таппай еңбек ету – работать не покладая рук.

5-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

ақ көңіл	трус
тас жүрек	клочок земли
ақ жүрек	старый знакомый
су жүрек	завистливый
іші тар	справедливый, честный
ескі көз	совершенно новый
аядай жер	бездушный, бесчувственный
судай жаңа	простодушный, добрый малый
көзі ашық	сделать карьеру, добиться успеха
тасы өрге домалау	грамотный, образованный

6-тапсырма. Тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

Ұзын құлақ – хабар (молва, весть, слухи);

Құлақ салу – тындау (слушать);

Құлағым сізде – тындап тұрмын (слушаю Вас);

Он саусағынан өнер тамған – шебер (мастер на все руки);

Қой аузынан шөп алмас – момын немесе жуас (тихий, мухи не обидит);

Қас пен көздің арасында – жылдам, лезде, тез (мгновенно, быстро).

Жұбын жазбау – ажырамау, үнемі бірге жүру (быть неразлучным).

7-тапсырма. Сұхбаттан тұрақты сөз тіркестерін табыңыз.

- Қайрат, сен өзі ақылыңнан адасқансың ба?
- Неге олай дедің?
- Жолдастарыңмен ала ауыз болып не көрінді?
- Кімнен естідің?
- Бәрі айтып жүр ғой.



– Оның бәрі алып қашпа сөз, сенбе. Серік, аталы сөз бар емес пе? Көзің жетпейінше ешкімді кінәлауға болмайды.

– Қайрат, рас айтасың.


– Мен аузы берік адаммын, болған істі ешкімге айтпаймын. Ал олар айналасын ауыздарына қаратқысы келеді, ашса алақанында, жұмса жұдырығында болса деп ойлайды. Бұл – үлкен қателік. Олар дұрыс жолмен жүрсе игі еді. Мен ешкімге жаманшылық тілемеймін. Қайта қиыншылықта қол ұшымды берсем деймін.

– Дұрыс, Қайрат. Сендей кешірімді адамдар көп болса екен!

 **8-тапсырма.** Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

2 шілде – Халықаралық спорт журналистері күні. 1924 жылы 2 шілде күні Парижде Халықаралық спорт басылымдары қауымдастығы (AIPS) құрылған болатын. Ал Халықаралық спорт журналистері күні 1995 жылдан бастап аталып өте бастады. Бүгінде AIPS-тің құрамына әлемдегі 130 мемлекеттің спорт журналистері кіреді. Олардың қатарында Қазақстан спорт басылымдары қауымдастығы да бар.


(ҚазАқпарат).

 **9-тапсырма.** Төмендегі тақырыптар бойынша «Қазақстан» телеарнасынан көрсететіндей етіп, шағын мәтін дайындаңыз.

1) «Қазақтілді тұңғыш спорт комментаторы Сұлтанғали Қаратаев».

2) «Жылдың ең үздік телекомментаторы».

3) «Жылдың ең үздік жас спорт журналисті».

 **10-тапсырма.** «Чемпиондар әні» деп аталатын әннің музыкасын Ермек Елгезекөв жазған, ал сөзін Айгүл Мүкей жазған. Сіз бұл әнді кімдер орындайтынын білесіз бе? Орындаушылар туралы айтып беріңіз. Әннің сөзін тауып жаттап алыңыз.



8-сабақ

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

БАҚ туралы заңда: бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі (интернет және басқалары) WEB-сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдары мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны делінген.

Қазақстанда мерзімдік басылымдар: орыс, қазақ және орысша-қазақша (яғни аралас тілде) шығады.

Қазақстанда мемлекеттік және жекеменшік арналар жұмыс істейді. Олар: «Хабар», «Қазақстан-1», «Ел арна», «Асыл арна», «Таң», «31 канал», «Алматы», «Астана», «КТК», «НТК», «Еуразия – бірінші арна», «7 канал» т.б.

Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі БАҚ-тың рөлі зор. БАҚ қоғамдағы ерекше құрал ретінде бағаланып «төртінші билік» деп аталынуда.

«Төртінші билік» деген терминді журналистика саласына алғаш 1776 жылы атақты саясаткер, публицист Э.Берк әкелген екен. 1840 жылы француз жазушысы О. де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атаған. Бірінші билік – Президент, екінші билік – Парламент, үшінші билік – Үкімет, төртінші билік – Бұқаралық ақпарат құралдары. Олардың әрқайсысының теңдессіз өз орны бар. Олар бір-бірімен байланысты.

БАҚ – әділдік пен шыншылдықтың жақтаушысы ретінде қабылданады. Сондықтан БАҚ – төртінші билік қана емес, басты қажеттілік!



Бұқаралық ақпарат құралдарының басты қаруы – қоғамдық пікір. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық санаға әсер етеді де қоғамдық пікір туғызады, қоғамның бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді.

Қазіргі қоғамда БАҚ-ты ұйымдастырудың үш негізгі жүйесі қолданылады: жеке (коммерциялық), мемлекеттік және қоғамдық-құқықтық. Олар әр елде әртүрлі. Алайда, бұл аталған ұйымдастыру, бақылау түрлерінің ешқайсысы да әмбебап әрі мінсіз деп айтуға келмейді.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

БАҚ –	СМИ
мерзімді баспасөз басылымы –	периодическое издание прессы
күжаттама –	документация; досье
дыбыс-бейне жазба –	видео и звукозапись
бейнетаспа –	видеокассета
үздіксіз жария тарату –	непрерывное легализация распространения
нысан –	объект
әлеуметтік қызмет –	социальная услуга
қоғамдық санаға әсер етеді –	влияет на общественное сознание
байланысын қамтамасыз етеді –	обеспечивает связь
қоғамдық-құқықтық –	общественно-правовой
әмбебап әрі мінсіз –	универсально и безупречно
төртінші билік –	четвертая власть
саясаткер –	политик
қоғамдық пікір –	общественное мнение
әділдік –	справедливость
шыншылдық –	искренность; моральная чистота; честность
азаматтық ұстаным –	гражданская позиция



БАҚ еліміздің ішкі және сыртқы саясаты туралы хабарлайды –


СМИ сообщать о внутренней и внешней политике страны


1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. БАҚ дегеніміз не?
2. Қазіргі қоғамда БАҚ-ты ұйымдастырудың үш негізгі жүйесі қолданылады. Атап шығыңыз?
3. «Төртінші билік» деген терминді алғаш әкелген кім?
4. Төрт биліктің бір-бірімен байланысын айтыңыз?
5. БАҚ-тың басты қаруы не екенін айтыңыз?

2-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз, өз пікіріңізді айтыңыз.

«Газета – это глаза и уши народа», – сказал А. Байтурсынов. Традиционно наши СМИ воспринимаются народом как носители достоверной и справедливой информации, и задача журналистов – сохранить это уже сформированное мнение. Проявление гражданской позиции это кредо для любых СМИ.

 **3-тапсырма.** Бір нұсқаны таңдап, жауабыңызды негіздеңіз.





4-тапсырма. *Ресми деректерге сүйеніп, сұрақтарға жауап беріңіз және орыс тіліне аударыңыз.*

Елімізде шығатын газеттің қаншасы мемлекеттік және жекеменшік?



Елімізде қанша ақпарат құралдары бар? Қазақтілді БАҚ үлесі қанша пайыз?



Электрондық БАҚ саны қанша?
Телеарна саны қанша?
Радиокомпания саны қанша?





Қазақстанда ғаламторды пайдаланушылардың саны қанша миллионға жетті?
Ресми деректер бойынша сайттар саны қанша?

Қазақстанда таралатын шетел ақпарат құралдарының саны қанша?



Көнерген сөздер мен неологизмдер (Устаревшие слова и неологизмы)

Көнерген сөздер – күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорында сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер. Көнерген сөздер көнеру сипаты мен тілдегі қолданылу ерекшеліктеріне қарай екіге бөлінеді: *тарихи сөздер* мен *архаизмдер*.

1. Тарихи сөздердің көнеруі лауазымдық атаулардың, қоғамдық құбылыстардың жойылуымен, сондай-ақ әскери қару-жарақ, өндірістік құрал-жабдықтардың қолданыстан шығып қалуымен байланысты *сарбаз – жауынгер (воин, друженник), жасақ – ополчение (дружина), қол – әскер (армия), қолбасы – полководец, предводитель, әскербасы – воевода, қосын – ұйым (организация),*



2. **Архаизмдер** – халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-сана, әдет-ғұрпына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп кеткен сөздер. Мысалы: *сұлтан – султан, дүре – розги, құл – раб, күң – рабыня.*

Көнерген сөздер жаңа мағына алып, сөздік құрамдағы белсенді сөздерге қосылуы мүмкін. Мысалы: *«жасақ» – жасақшы, «төре» – төреші* тәрізді сөздер қосымша жалғану арқылы қайтадан күнделікті қолданысқа ие болды.

Бұрынғы атаулары ескіріп, кейін басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстар бар. Мысалы: *«қол» – әскер, «қол басы» – әскер басы, «серіктік» – бірлесу, «желек» – орамал* т.б. Қазірде осындай басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстардың бұрынғы атаулары **архаизмдер** деп аталады.

Тілімізде жаңа ұғым аттарын білдіретін **жаңа сөздер** бар. Олар ғылыми тілде **неологизм** деп аталады. **Неологизм** дегеніміз – қоғамның дамуына байланысты тілдің сөздік қорына енген жаңа сөздер. Мысалы: *космос – ғарыш, космонавт – ғарышкер, парк – саябақ, теплица – жылыжай, телеграмма – жеделхат, пенсия – зейнет-ақы, спутник – жер серігі, класс – сынып* т.б.

Жаңа сөздердің тууының екі түрлі себебі бар:

1. Қоғамның дамуымен бірге енген жаңа ұғымдарға сай жаңа сөздер пайда болады;

2. Тілдің қолданыс аясының кеңеюіне байланысты тілімізде бұрыннан қалыптасқан кірме сөздердің орнына жаңа аталымдар қолданылады.

Мысалы: *космос, космонавт, спутник* деген сөздер алғаш пайда болған кезде жаңа сөздер болатын. Бұл сөздер соңғы жылдары *ғарыш, ғарышкер, жер серігі* деген қазақтың төл сөздерімен беріліп, жаңа сөздер болып есептеліп жүр. Осы тектес жаңа сөздердің қатарына: *жолсерік, ұнтаспа, саяжай, ермексаз, кеден, сынып* т.б. сөздер жатады. Кейін тілге сіңісіп, халыққа әбден танылып, жаппай қолданылған кезде жаңа сөз болудан қалады. Соңғы жылдары өсімдік, бау-бақша саласына қатысты тілімізге көптеген жаңа сөздер енді: *қызанақ, орамжапырақ, жасуша, дәрумен, агза* т.б.



5-тапсырма. Сәйкестендіріңіз және жаттап алыңыз.

Устав	зейнетақы
Программа	ақпарат
Информация	шәкіртақы
Документ	демеуші
Компенсация	жарғы
Репрессия	төлемақы
Спонсор	құжат
Пенсия	қуғын-сүргін
Стипендия	бағдарлама

6-тапсырма. Сөздерді бағандарға сәйкесінше орналастырыңыз.

Анализ, айбалта, атом, әмеңгер, әскербасы, барымта, болыс, дүре, жасақ, жүзбасы, зындан, кебеже, космос, компьютер, кіреуке, күн, қосын, қол, қолбасы, құл, малта, малай, найза, ояз, пері, періште, ракета, редактор, сандық, сарбаз, сұлтан, соқа, сарбаз, сойыл, теледидар, шоқпар.

Тарихи сөздер (историзмы):

Архаизмдер (архаизмы):

Жаңа сөздер (неологизмы)

7-тапсырма. Мәтіндегі неологизм сөздерді теріп жазып, олардың қалай жасалып тұрғанын айтыңыз.

Әлемнің алдыңғы қатарлы 161 мемлекеті мүше болып табылатын белді ұйымның аламан бәйгесінде бас қаламыз – Астана Бүкіләлемдік әмбебап көрме өткізу құрметін жеңіп алды. Батыс пен Шығыс өркениетін жалғастырған алтын көпір атанған ару Астананың айтулы эстафетасы, енді Дүниежүзілік көрмелер алаңы – ЕХРО-2017-ге ұласпақ. Астана ЕХРО-2017-нің басты ұраны – «Болашақтың энергиясы». Мемлекет басшысы Қазақстанды индустрияландыру стратегиясында «жасыл энергия»-ға сара жол ашып отыр. Астанада ЕХРО-2017-ні өткізу елорданың, жалпы, бүкіл Қазақстанның экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына жаңа серпін беретіндігі сөзсіз. ЕХРО-2017 көрмесін өткізу нәтижесінде



еліміз энергетика саласында озық технологияларды өндіріске еңгізу идеяларын қабылдап, бұл саланы дамытуға жаңа тиімді инвестициялар тарту үшін қолайлы мүмкіндіктерге ие болады. 2017 жылы Қазақстанның бас қаласы – Астана қаласының 20 жылдық мүшелтойы атап өтіледі. Астананың тойы тағы да жаһандық сипатқа ие болады. 2017 жылдың 10 маусымы мен 10 қыркүйегі аралығында көрмеге әлемнің 100 мемлекеті мен 10 халықаралық ұйымынан 5 миллионға тарта адам келеді.

(«ЕҚ», Ж.Жағыпарұлы.)

8-тапсырма. *Өлеңді жаттап алыңыз.*

Өмір мынау қатар тосқан
Жеңілі мен ауырын,
Шуағы мен дауылын.
Бүгін мына сенің туған күнінде
Қандай тілек айтсам екен, бауырым?
Саған байлық тілер ем мен,
Бірақ ол бір әңгүдік,
Есігіңнен кіргенімен паң күліп,
Жүргенімен шеру тартып, сән құрып,
Саған жолдас бола алмайды ол мәңгілік.
Бәлкім, ерлік тілер ем мен,
Тамыр алған төсіңнен,
Ерлік сезім бірақ сенің табылады өзіңнен,
Онсыз адам жүре ала ма
Сокпақтар мен жолсызда,
Ал сұлулық тілер ем,
Сұлусың сен онсыз да.
Қайтсем екен?
Мен одан да барлық адам аңсаған,
Барлық адам сан мың жылдар арман етіп шаршаған,
Азы жетіп, ал сан мыңы тек елесін тамсанған,
Кез келгеннің уысына түспейтін,
Кез келгеннің бақшасында піспейтін,
Зор махаббат тілейінші мен саған. (М.Шаханов).



9-сабақ

ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫ

Журналист өз шығармашылығы арқылы қоғамға, адамға қызмет етеді. Әрбір мамандық сияқты журналистің де өзіне қатысты білімі, іс-тәжірибесі болады.

Журналист өз ісіне берілген маман болуы тиіс. Сондай-ақ, журналист жұртпен тез ортақ тіл тапқыш болғаны абзал. Ол әрқашан жинақы, қиын жағдайдың өзінде жұмыс істей алатын, аңғарымпаз және сезгіш болуы керек.

Журналист – жаңаны жақтаушы, бар жақсылықты қолдаушы болып табылады.

Журналист – газет-журнал немесе радио, телевизия жұмыстарын атқарып, шығармашылық қызмет жасайды. Ол редакция жұмысында бірінші – *ұйымдастырушылық*, екінші – *әдеби өңдеу*, үшінші – *шығармашылықпен* айналысады. Бұл үшін оған *білім* мен *қабілет* керек. Оған қоса өмірдегі құбылыстардың мәнін түсіне білу де үлкен қасиет болып саналады. Қандай оқиғаны болсын тапқырлықпен, сенімді түрде, көз жеткізіп жазатын болуы керек. Журналист тіл байлығын қолдануы қажет. Әрбір журналист өз елінің шын патриоты болуы тиіс. Ол өз мемлекетіндегі және жер жүзіндегі оқиға, құбылыстарға талғаммен және сергектікпен қарап, жедел жариялап отыруға міндетті.

Журналистің басты принциптерінің бірі – еш уақытта қателеспеу болып табылады. Журналист қателесе мыңдаған, миллиондаған адамға сол қателіктің зияны тиюі мүмкін. Журналист өзі жазған материалға халықтың сеніммен қарайтынын ешқашан ұмытпауы керек.

Журналист мамандығы – қадірлі мамандықтардың бірі. Журналистпен заң орындары, үкімет және басқа ұйымдар тығыз байланыста жұмыс істеп, онымен санасып отырады.



Журналист өз жеке мүддесі үшін жұмыс істемей, халық пен елдің қамы үшін жұмыс істейтіндіктен, оны заң орындары да, үкімет те қорғайды, қолдайды. Журналистің жұмысы халықтың сынына түседі, оған халық төрелік етеді. Сондықтан журналист өз мамандығының, қызметінің халыққа керек екенін сезініп, жауапкершілігін, борышын адал атқаруы тиіс.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

көпшіл –	общительный
тез ортақ тіл тапқыш –	быстро находящий общий язык
болғаны абзал –	желательно
жинақы –	собранный
қиын жағдай –	трудные условия, критическая обстановка
аңғарымпаз –	сообразительный
сезгіш –	чувствительный
жақтаушы –	сторонник
қолдаушы –	поддерживающий
шығармашылық қызмет жасайды –	выполняет творческую работу
ұйымдастырушылық қабілет –	организаторская способность
әдеби өңдеу –	литературная обработка
тапқырлық –	находчивость; остроумие
сенімді түрде –	с уверенностью
көз жеткізіп жазатын –	лично убедившись, убедительно
тіл байлығын қолдануы қажет –	должен пользоваться богатством языка
жер жүзінде –	в мире
талғаммен –	со вкусом
сергектікпен –	с чуткостью
жедел жариялап отыруға міндетті –	обязан срочно публиковать, обнародовать



Кәсіби қазақ тілі

кәтеліктің зияны тиюі мүмкін –	возможны неприятные последствия из-за допущенной ошибки
үкімет –	правительство
сенім –	доверие
жеке мүдде –	личный интерес
халық пен елдің қамы –	забота о народе и стране
заң орындары –	законодательные органы
қорғайды –	защищают
халықтың сынына түседі –	подвергается суждению народа
сын –	критика
төрелік ету –	здесь: оценивает

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Журналистің қандай болғаны абзал?
2. Журналистің басты принциптерінің бірі не?
3. Журналист кімдердің мүдделеріне жұмыс істейді?
4. Журналистің жұмысына кімдер төрелік етеді?

67

2-тапсырма. Көп нүктенің орнын толтырыңыз.

Журналистпен ..., үкімет және ... тығыз байланысты жұмыс істеп, есептесіп отырады. Журналист өз ... жұмыс істемей, халық пен ... қамы үшін жұмыс істейтіндіктен, оны заң орындары да, ... қорғауға, ... міндетті. Журналист – ... тұлға ретінде ... ерекше қасиеті бар жан. Ол ... өнеге болуы тиіс. Журналистің ... халықтың сынына түседі, оған ... төрелік етеді. Сондықтан журналист өз ..., қызметінің халыққа керек екенін сезініп, жауапкершілігін, ... адал атқаруы тиіс.

Керекті сөз тіркестері:

борышын / басқа ұйымдар / басқалардан / шығармашылық / жеке мүддесі үшін / жұмысы / заң / елдің / үкімет те / қолдауға / өзгелерге / халық / мамандығының / орындары /

3-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, қазақ тіліне аударыңыз.

Журналист – это человек умеющий писать, говорить, исследовать. Речь не идёт о рецептах в кулинарной книге или новогодней



открытки для родственников. Он исследователь происходящего в мире, который может грамотно изложить в письменном виде ход событий. Тот, кто хранит свои великолепные записи в столе и гордо называет себя мастером пера, не является журналистом. Представители этой профессии готовят информацию, статьи, фотоотчёты, новости для средств массовой информации, интернет-изданий, телеканалов, радио. Такова современная форма журналистики.

4-тапсырма. *Орыс тіліне аударыңыз.*

Спикер атақты спикерге:

– Жақсы сөз сөйлеу үшін жақсы дайындалу керектігінің маңыздылығын айтқан болатынсыз. Өзіңіз 5 минуттық сөз сөйлеу үшін қанша уақыт бұрын дайындаласыз?

– Екі ай.

– Хмм.. Ал, 10 минуттық сөз сөйлеуге ше?

– Бір ай. Қаншалықты ұзақ сөйлеу керек болса, оған соншалықты аз дайындалуым керек.

– Сонда екі сағаттық сөз сөйлеуіңізге қанша уақыт дайындаласыз?

– Дайындықсыз, қазір-ақ шығып сөйлей беремін.

Мақал-мәтелдер

(Пословицы-поговорки)

Мақал-мәтелдер тұрақты тіркестер сияқты аз сөзбен көп мағына білдіреді. Мақал-мәтелдер сөйлеу барысында жасалмай, бұрыннан қалыптасқан даяр қалпында қолданылады. Мысалы, «Тұз астың дәмін келтірер, мақал сөздің дәмін келтірер» («Соль пишу приправляет, поговорка речь украшает»).

Мақал – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, белгілі бір тұжырым жасайды. Мақал – тәрбиелік мәні бар, ақылнақыл сипатында айтылатын сөздер тобы. М: *Не ексең, соны орасың. (Что посеешь, то и пожнешь). Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер. (Сын берет пример с отца, дочь – с матери). Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол. (Чем быть султаном в стране чужой, лучше быть слугой на земле*



Кәсіби қазақ тілі

родной). Келгенше – қонақ ұялар, келген соң – үй иесі ұялар. (Волнуется гость – когда в гости идет, хозяин волнуется – когда гость придет).

Мәтел – ой-пікірді бейнелеп, тұспалдап, ишаралап тұратын сөздер тобы. М: *Нар тәуекел – ердің ісі. (Риск – дело джигита). Алма ағашынан алыс түспейді. (Яблоко от яблони недалеко падает).* Мақал мен мәтелдің айырмашылығы: мақалдың мазмұнында себебі мен салдары қатар айталады, ал мәтелде істің салдары айтылып, себебі айтылмай қалып қояды.

5-тапсырма. Қазақшадан орысшаға аударыңыз.

<p><i>Ғылым – теңіз, білім – қайық.</i> <u>Сөздік</u> теңіз – море қайық – лодка</p>	<p><i>Адам тастан қатты, Гүлден нәзік.</i> <u>Сөздік</u> тас – камень нәзік – нежный</p>
<p><i>Атаның баласы болма, Адамның баласы бол.</i> <u>Сөздік</u> болма – не будь баласы бол – будь сыном (здесь: защитником)</p>	<p><i>Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек.</i> <u>Сөздік</u> жапырақ – лист (растение) шүберек – тряпка (ткань)</p>
<p><i>Көп сөз – күміс, аз сөз – алтын.</i> <u>Сөздік</u> Көп сөз – многословие аз сөз – здесь: молчание</p>	<p><i>Бақыт кілті еңбекте.</i> <u>Сөздік</u> кілті – ключи еңбекте – в труде</p>
<p><i>Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет.</i> <u>Сөздік</u> бейнет – трудный зейнет – благо</p>	<p><i>Күш – білімде, білім – кітапта.</i> <u>Сөздік</u> күш – сила кітапта – в книгах</p>



6-тапсырма. Орысшадан қазақшаға аударыңыз.

<p><i>Умный честь свою оберегает, Скупой скот свой оберегает.</i> <u>Сөздік</u> оберегает – здесь: қорғайды скупой – сараң</p>	<p><i>Лучше быть на Родине подметкой, Чем на чужбине султаном.</i> <u>Сөздік</u> на чужбине – өзге елде на Родине – (Отанында) өз елінде</p>
<p><i>Говори редко, но метко.</i> <u>Сөздік</u> редко – аз метко – саз, дәл</p>	<p><i>Молоко матери – мёд, Речь ребенка – мёд.</i> <u>Сөздік</u> мёд – бал.</p>
<p><i>От дождя земля зеленеет, Благословением народ процветает.</i> <u>Сөздік</u> зеленеет – көгереді благословением – батамен</p>	<p><i>Хоть и золото нашел, пересчитай.</i> <u>Сөздік</u> нашел – тапсаң пресчитай – санап ал</p>

7-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

<p>Жаман үйді қонағы билейді.</p>	<p>Глаза – весы, настроение – судья.</p>
<p>Ағын судың арамдығы жоқ.</p>	<p>Глаза не насытятся смотреть, уши – слушать.</p>
<p>Саудада достық жоқ, сәлемде борыштық жоқ.</p>	<p>В торговле нет дружбы, в приветствии нет долга.</p>
<p>Су басынан бұзылады, балық басынан шіриді.</p>	<p>Ворона беленькими называет своих воронят, еж мягонькими зовет своих ежат.</p>
<p>Қарға баласын аппағым дейді, кірпі баласын жұмсағым дейді.</p>	<p>Вода от истока портится, а рыба пропадает с головы.</p>
<p>Көз – таразы, көңіл – қазы.</p>	<p>В плохом доме гость хозяин.</p>
<p>Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды.</p>	<p>В проточной воде грязи не бывает.</p>



8-тапсырма. *Көп нүктенің орнын толтырыңыз және мағынасын түсіндіріңіз.*

- 1) Тіл – қылыштан да
- 2) Тіл – достықтың алтын
- 3) Тіл жүйрік емес,
- 4) Әке жүрегі таудан,
Ана жүрегі теңізден
- 5) Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде
- 6) Ойнап сөйлесең де,
- 8) Жарқырағанның бәрі
- 9) Қонақ аз отырып,
- 10) Жүз сомың болғанша, жүз
- 11) Ағаш тамырымен, адам

Керекті сөздер:

өткір / алтын емес / досың болсын / досымен мықты / терең /
ұлкен / көпірі / көп сынайды / ой жүйрік / ұлтан бол / ойлап сөйле /

9-тапсырма. *Сұхбатты толықтырыңыз және орыс тіліне аударыңыз.*

- Сәлем, Айзере!
- Сәлем, Бейбіт!
- Сен өткен сабаққа келмей қалып едің ғой, қандай тақырып өткенімізді білесің бе?
- Жоқ, білмедім. Не өттіңдер?
-
- Иә, мақал-мәтелдер ата-бабамыздан қалған мұра ғой.
-
- Мақал-мәтелдің авторы – халық.
-
- Иә, білемін. Түз – тағамның дәмін келтіреді, мақал – сөздің сәнін келтіреді.
- Ал, оқу-білім туралы қандай мақал білесің?
-
- «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ» деген мақал да бар.
- «Оқу – инемен құдық қазғандай» деген мақалдың мағынасы не?



– Оқу, білім алу өте қиын. Бірақ білімнің пайдасы құдықтың суындай таусылмайды.

–

– Отан, еңбек, достық, жақсылық пен жамандық, байлық, білім туралы мақал-мәтелдер айтып бересің бе?

10-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.*

Вам понадобится:

- ✓ Умение писать
- ✓ Желание освоить профессию
- ✓ Терпение
- ✓ Упорство

Инструкция №1

Для того чтобы стать журналистом определитесь с направлением (новостное, аналитическое, художественно-публицистическое). Найдите информационное издание, желающее опубликовать ваши «пробы пера». Подумайте, какого типа статью вы хотели бы написать.

Инструкция №2

Не нашли интересующего вас издания? Начните с любимой газеты, проведите анализ ее статей и подготовьте несколько своих материалов. Обычно на страницах газет пишут о социальных проблемах, культуре, спорте, науке... Но все же легче начинать с небольших статей на общие темы – об открытии недавней выставки, постройке детского сада.



10-сабақ

ЖУРНАЛИСТІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ

Журналистің басты міндеті – ең алдымен оқырманға не керек екенін білуі тиіс. Оқырман – қоғамда, әлемде не болып жатқанын білгісі келеді. Сіз жаңалықты табыңыз да, ол туралы жан-жақты мағлұмат беріңіз. Қорытынды жасауды оқырманның өзіне қалдырыңыз. Журналист біріншіден, тыңдай білуі керек. Негізгі ақпарат қалтарыста, сөйлеушінің сөз арасында айта салған мәліметтерінде жатуы мүмкін. Екіншіден, түрлі құжаттар және материалдармен (заңдар, жарлықтар, қаулылар, шешімдер, сот-сараптамалық қорытындысы, куәліктер, тергеу немесе зерттеу нәтижелері, БАҚ материалдары, қолжазбалар, редакцияға келген хаттар) жұмыс істей алуы, яғни бәрін де дұрыс пайдалана алуы керек. Үшіншіден, өз көрген-білгенінді әңгімелеу: қақтығыс аймағы, спорт жарысы, апат орны, т.б. толып жатқан оқиғалардың ортасында жүрген тілшінің бақылауынан туған мәліметтер. Журналист суреттемені (картинаны) оқырманның көз алдына әкелетін детальдарды ұмытып қалмау үшін диктофонға жазып алғаны дұрыс.

✓ Журналистиканың басты қағидаларының бірі – тілдің қарапайымдығы, түсінікті болуы. Журналистика көркем әдебиет емес, сондықтан әдемі, сирек кездесетін сөз іздеп қиналмаңыз. Оқиғаны дәл беретін күшті етістіктерді пайдаланыңыз. Оқиға ортасында жүргенде, өзіңіз қандай әсерде болсаңыз, оқып отырған адам да сондай күй кешсін.

✓ Жақсы материал тез әрі жеңіл оқылады. Сөйлемдеріңіз ұзақ болмасын. Мүмкіндігінше сөйлемді 7-8 сөзден асырмаған дұрыс.

✓ Калькадан, таптаурын сөзден аулақ болыңыз. (Кейде газет беттерінде «Қалтасы қалың кісілер» т.б. анықтамалар кездесіп қалады).



✓ Материалды қызғылықты тілмен баяндаған жөн. Юморды пайдаланыңыз. (Егер, әңгіме қайғылы жайт туралы болмаса). Сын есімді аз қолданыңыз. «Қатал кісі» дегенше оның осы мінезін көрсететін деталь келтірген дұрыс.

✓ Сәнге айналған терминдерден қашыңыз. (Олар көбіне автор өзін көрсету үшін қолданғандай әсер қалдырады).

✓ Цитата келтірсеңіз, екі-үш сөйлемнен аспасын. Құлаш-құлаш цитата – материалдың көлемін біреудің сөзімен ұлғайтқысы келетіндердің ісі. Мораль оқымаңыз. Есіңізде болсын, пікір айту, баға беру, қорытынды жасау – басқа маманның міндеті.

(«ҚЖТ», Ержан Әбдіраман).

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

журналистің басты міндеттері –	главные обязанности журналиста
оқырман –	читатель
тыңдай білу –	уметь слушать
негізгі ақпарат –	основная информация
қалтарыста –	здесь: за текстом
сөйлеуші –	выступающий
сөз арасында –	между словами, между слов
мәлімет –	сведения; данные; сводка
қаулы –	постановление
шешім –	решение
сот-сараптамалық қорытынды –	судебно-экспертное заключение
куәлік –	удостоверение
тергеу –	расследование
зерттеу нәтижелері –	результаты исследования
зерттеу –	исследовать; изучать
БАҚ материалдары –	материалы СМИ



Кәсіби қазақ тілі

редакцияға келген хаттар –	письма, которые пришли в редакцию
колжазба –	рукопись
көрген-білгенді әңгімелеу –	излагать лично убедившись
қақтығыс аймағы –	зона столкновения
спорт жарысы –	спортивное соревнование
апат орны –	место аварии
қайғылы жайт –	печальное обстоятельство
қағида –	правило; установка
сирек кездесетін сөз –	редко встречающееся слово
етістіктерді пайдаланыңыз –	используйте глаголы
жылтырау –	блестеть; лосниться
баяндау –	докладывать
қатал кісі –	строгий человек
таптаурын сөз –	банальное слово
әсер қалдырады –	оставляет впечатление
қулаш-қулаш цитата –	длинные цитаты
көлем –	объем
сәнге айналған терминдер –	модные термины
жазатын нәрсесі мардымсыз –	здесь: работа незначительная
көлемін ұлғайтқысы келеді –	хочет расширить объем
біреудің сөзі арқылы –	за счет чужих слов

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Журналист мамандығын өмірге әкелген не нәрсе?
2. Журналистің басты міндетін айтыңыз?
3. Журналистке керек ең басты қасиеті туралы айтып беріңіз.
4. Журналист қандай детальді қалт жібермеуі керек?
5. Журналистиканың басты қағидаларын атап шығыңыз?

2-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, қазақ тіліне аударыңыз.

«Первейшая задача журналиста – гарантировать людям получение правдивой и достоверной информации посредством честного отражения объективной реальности».



В обязанности журналистов входит:

- планировать массовые информационные потоки, привлекая к участию в них представителей самых разных областей жизни;
- редактировать полученные тексты, доводя их до принятых в обществе норм цивилизованного текстового общения;
- конструировать из этих текстов некоторое единство, именуемое номером газеты или журнала, программой радиовещания или телевидения;
- с определенной периодичностью выпускать такие «притоки потоков» в свет.

И не удивительно, что в общественном сознании массовые информационные потоки живут как продукт журналистики. Люди смотрят по телевизору мексиканские сериалы, но все равно воспринимают телевидение как журналистику. Так оно и есть.

Стиль туралы түсінік

Стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмсалатын орны көп. Стилистика – стиль туралы ілім. Стилистика – тілдің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін ғылым, ол тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді. «Стиль» – латын сөзі, қазақ тіліне аударғанда «жазу мәнері» («манера письма») дегенді білдіреді.

Стиль түрлері

Қазіргі әдеби тіл қолданылуы тұрғысынан бес стиль саласына бөлінеді.

Ауызекі сөйлеу стиліне тән нәрсе – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы. Ауызекі сөйлеу стилі адамдармен еркін әңгімеде қолданылады. Міндеті – қарым-қатынас. Сөздерді, сөйлемдерді таңдауда еркіндік беріледі.

Ғылыми стиль – ғылыми еңбектер, лекция, баяндамаларда жұмсалады. Сөйлеуде жалпылама – дерексіз, логикалық, дәлелдеу жағы басым. Тіл тәсілдері: жалпы және дерексіз мәндегі бейтарап, кітаби сөздер, ғылыми терминдер.

Көркем стиль – көркем шығармаларда жұмсалады. Тілдік тәсілдері нақты, ауыспалы мағыналы сөздер болып, сөйлеу әдетте бейнелі, жанды, әсерлі, сезімді болады.



Кәсіби қазақ тілі

Публицистикалық стиль – газет, журнал, жиналыстарда пайдаланылады. Сөйлеу қызулы, ұранды болып, көпшілікке ықпал жазау, қоғамдық істерге адамдардың дұрыс қатынасын қалыптастыру міндетін атқарады.

1. Ауызекі сөйлеу тілі стилі

Орны:	күнделікті қарым-қатынас
Мақсаты:	тіл табысу
Сипаты:	қарапайым
Тілдік құралы:	одағай, окшау сөз

2. Көркем әдебиет стилі

Орны:	көркем шығарма, айтыс, спектакль
Мақсаты:	адамның сезіміне әсер ету, образды ойлауға үйрету
Сипаты:	образды, көркем
Тілдік құралы:	ауыспалы мағыналы сөздер, троптар, теңеулер, эмоционалды-экспрессивті сөздер

77

3. Ресми іс қағаздары стилі

Орны:	ресми ісқағаздары, ресми кездесулер
Мақсаты:	іскерлік қарым-қатынасты дамыту, нақты мағлұмат беру
Сипаты:	қысқа да нұсқа
Тілдік құралы:	ресми сөздер, тура мағыналы сөз, кәсіби сөздер, терминдер, қалыпты тіркестер

4. Публицистикалық стиль


Орны:	газет, журналдар, теледидар, радио (БАҚ құралдары)
Мақсаты:	ақпарат, хабар тарату, қоғамдық пікір туғызу
Сипаты:	пафосты, ұранды, экспрессивті
Тілдік құралы:	термин, кәсіби сөздер, тұрақты тіркестер, әдеби орамдар

**5. Ғылыми стиль**

Орны:	ғылыми еңбектер, конференциялар, диссертациялар, монографиялар
Мақсаты:	білім беру, білім тарату
Сипаты:	дәлелді, дәйекті
Тілдік құралы:	терминдер, тура мағынадағы сөздер, кәсіби сөздер

4-тапсырма. «Адам» сөзін қолдану орнына қарай сәйкестендіріңіз және орыс тіліне аударыңыз.

Телефон станциясында	оқушы
Ательеде	демалушы, тынығушы
Шаштаразда	сатып алушы
Ауруханада	шәкірт
Шипажайда (санаторийде)	көрермен
Көлікте (транспортта)	тапсырыс беруші
Ресми құжаттарда	жөлаушы
Үйде	оқырман
Кітапханада	клиент
Базарда	абонент
Театрда	азамат, жолдас
Оқу орнында	науқас
Мектепте	ата-ана

 **5-тапсырма.** Ауызекі сөйлеу стилінде «Аружан анықтама алды» десек, ісқағаздары стилінде «Бектаева Аружанға анықтама берілді» деп жазылады. Мысалы, өмірбаян тілдің бірнеше стилінде дерлік қолданылады. Төменде көрсетілген өмірбаянның ерекшеліктеріне қарай қайсы нұсқасы қандай стиль түріне жатамынын табыңыз.

«А» нұсқасы

Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.



Ол күні жер сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қора үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балалардың атына ұйқастыра ат берілген. Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім... табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпасам да, ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын, жылауық болмаппын.

«Ә» нұсқасы

Шыңғыс Айтматов 1928 жылы 12 желтоқсанда қырғыз жеріндегі Шекер ауылында дүниеге келген. Әкесі Төреқұл өте парасатты, пайымды адам болған екен. Төреқұл ел басқару қызметінде болып, 1937-1938 жылдардағы «халық жауы» деген жазықсыз жазаның құрбаны болды. Кішкентай Шыңғыс бауырларымен бірге көп қиындық көріп өседі.

Ш.Айтматовтың шын мамандығы – табиғат сыйлаған жазушылық өнер. Ол осы өнерін жетілдіру үшін М.Горький атындағы Әдебиет институтында оқиды. Шыңғыстың 1956 жылы жазылған «Жәмила» хикаясы бірден жұрт назарын аударып, көп ұзамай орыс тіліне, іле-шала Парижде француз тілінде жарық көріп, жас суреткердің есімін әлемге паш етті. Бұл күнде Шыңғыс Айтматовтың есімі дүниежүзіне мәшһүр. Шыңғыс ең көп аударылған қаламгерлердің бірі. Жазушы бейнелеген кейіпкерлер, тек қырғыз халқының перзенттері емес, әлем халықтарына тән мінезбен, адамзаттық болмыспен бірігіп жатқан бейнелер. Сондықтан да оны ешбір халық жатсынбайды.

«Б» нұсқасы

Мен, Сұлтанова Әлия Айханқызы, 1964 жылы 20 сәуірде Талдықорған облысы Ақсу ауданының Қызылтаң ауылында тудым. Ұлтым – қазақ. Әкем – Сұлтанов Айхан, орта мектепте мұғалім, шешем – Омарова Гүлсім, ауылдық ауруханада дәрігер.



1981 жылы Ақсу ауданы І.Жансүгіров атындағы орта мектепті бітіріп, Қыздар педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түстім. 1986 жылы институтты үздік бітіріп, аспирантураға қабылдандым.

1989 жылы Қыздар педагогикалық институтына оқытушылыққа қабылдандым.

1995 жылы «Шырай категориясы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадым.

Тұрмыстамын, жолдасым – Омаров Серік 1961 жылы туған, «Алматықұрылыс» акционерлік бірлестігінде бөлім меңгерушісі. Ұлым – Омаров Нұрлан Серікұлы 1992 жылы туған, №34 гимназия оқушысы.

Мекенжайым: Алматы қаласы, Манас көшесі, 21 үй, 2 пәтер.

6-тапсырма. Қазақ тілінде шығатын газет, журнал, ғылыми еңбектер, көркем әдебиеттерден стиль турлеріне үзінділер келтіріңіз.

7-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, орыс тіліне аударыңыз және мәтінді жалғастырыңыз.

Үзілген үміт

Әпкеміз аяқ-асты жүрек емдеу клиникасына түсті дегенді ести салысымен сол жаққа қарай аласұрып бет алдық. Өз аяғымен емдом алуға келген кісіні бірер сағаттан соң жансақтау бөліміне түседі деп кім ойлаған? «Жүрегінде ақау бар, дереу ота жасаймыз», – деген дәрігердің сөзі бәлкім «үкім» сияқты естілгендей болды ма...

8-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Вам понадобится:

Инструкция №3

Для того что бы стать журналистом вам необходимо иметь следующее «снаряжение»: записные книжки, диктофон, книга адресов своих контактов, фотокамера.



Инструкция №4

Развивайте следующие качества: общительность, находчивость, терпимость, честность. Стараться быть в курсе всех событий, происходящих в мире. Четко излагайте свои мысли как в устном, так и в письменном виде. Используйте информацию только из проверенных и достоверных источников.

9-тапсырма. *Өлеңді жаттап алыңыз.*

Менің анкетам

Туған жерің?

Ұланымын, Қарасаз деп аталатын ауылдың.

Туған жылың?

1931. Құрдасымын Шәмілдің.

Жынысың кім?

Еркекпін ғой, еркекпін!
Және-дағы тәуірмін...

Партияда барсың ба?

Жоқпын.
Бірақ коммунистік көзқараспен қараймын.

Шыққан тегің?

Шаруамын.
Бар тірліктен бағалы оны санаймын.

Білімің ше?

Орташа ғой.
Алайда өзім жоғарыға балаймын.

Ана тілің?

Қазақша.
Қысылғанда орысша да, немісше де, тағы бар.



Қайда істедің?

Мынау «Еңбек кітапшамнан» танып ал
Оқымаған, дипломсыз демесең,
Бір басымнан бар мамандық табылар.

Міндеттісің бе әскерге?

Міндеттімін.
Біздің әлі жас кезде.
Жауынгердің ұлымын ғой,
Жанын қиған Мәскеуге.

Сөгіс алып көрдің бе?

Ол жағынан періште едім дей алмаймын
Мен мүлде.
Ойлы-қырлы бұл өмірде болады ғой мүлт кету,
Ол өзі бір еншісі ғой ездің әрі ердің де...

Шетелдерде болдың ба?

Болғамын жоқ.
Олар маған тұрған да жоқ қол бұлғап.
Қалсам болды, өлсем болды жәйіммен,
Осы отырған орнымда-ақ.

Мекенжайың?

Мекенжайым – жер менің.
Жерде жүрген ақын деген пендемін.
Қалам, қағаз, уақыт бер тек аздаған,
Мен өмірді жырлау үшін келгемін!

(М.Мақатаев.)



11-сабақ

ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ АЛТЫ БАСТЫ СҰРАҚ

Әр журналист мақала жазатын болса, мынадай алты сұраққа жауап беруі тиіс:

Who? – Кім? (Кто?)

What? – Не? (Что?)

When? – Қашан? (Когда?)

Where? – Қайда? (Где?)

Why? – Неге? (Зачем?)

How? – Қалай? (Как?)

Журналист осы сұрақтар бойынша қысқа да болса ақпарат беруі қажет. Ағылшын тілінде алты сұрақтың бесеуі «W» әрпінен басталады және біреуі «H». Сол себепті кәсіби тілде журналистер оларды «Бес W және бір H» деп атайды. Осы сұрақтарды журналистикаға Редьярд Киплинг енгізген болатын. Алты сұрақтың жиыны – лид. Лидтің атауы алты сұрақтың ішіндегі маңыздысымен аталады.

Мақала жазар алдында оның құрылымын анықтау қажет, мысалы, оқиға желісінің жоспары сияқты. Алайда, ең бастысы, мақаланың неден басталатынын анықтап алу керек. Алдымен сіздің қойын дәптеріңізде осы алты сұраққа жауап беретін ақпараттың бар немесе жоқ екендігін тексеріп алыңыз. Егер бар болса, онда материалға кірісуге болады. Ең бірінші – лид құрудан бастайық.

Лид құру

Жаңалықпен таныстыру үшін алты сұрақтың ішінен ең маңыздысын тандап, оны мақалада басты мәселе ретінде ерекшелеп аламыз. Осылайша лидтің алты түрін көрсетейік. Лид мақаланың басты сұрағынан басталады.



Кім? Осы сұраққа жауап беру үшін бірінші орынға тұлғаны қоямыз. Көбінде бұл танымал адам – мемлекет басшысы, белгілі саяси қайраткер. Мысалы: *«Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессорлар мен студенттерге оқыған дәрісі зор мәнге ие болды».*

Не? Бұл лид – оқиғаның маңызды екеніне назар аударуға арналады. Мұнда объектілер бірінші орында тұрады. Мысалы: *«Семей полигонының жабылғанына да 20 жыл өтті».*

Қашан? Журналистикада бұл лид ең көп қолданылатындардың бірі. Материалды *«бүгін»* немесе, мысалы, *«18 қазанда»* деп бастайды. Осындай лид ақпараттың жеделдігін көрсетіп тұрады. Мысалы: *«Бүгін Алматыда «IT-213 – Microsoft инновациялық жобалары» 2-ші форумы басталды».*

Қайда? Бұл лид оқиғаның орнына назар аудартады. Мысалы: *«Қазығұрт ауданындағы Жіңішке ауылының тұрғындары төрдегі теледидар экранына қадалып, дыбысына құлақтарын тосады».*

Неге? Лидтің осы түрі оқиғаның себептерін ашып тұрғандай болады. Мысалы: *«Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен ашылған сайттардың мақсаты – қазақ тілді интернет журналистиканы дамыту мен қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы бәсекені арттыру».*

Қалай? Мысалы: *«Қарағанды облыстық тілдерді дамыту басқармасында құжаттардың басым бөлігі тек орыс тілінде жүргізіліп келген. Ал қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту жұмыстарына бюджеттен бөлінген қаражат мақсатсыз жұмсалған дейді тексеріс жүргізген прокурорлар».*

Қарап отырсаңыз, лид қазақ тілінің қолдану жағдайын көрсетіп тұр.

(Марк Григорян.
«Пособие по журналистике»).



кәсіби тілде –	на профессиональном языке
енгізген –	внедрил
мақала жазар алдында –	перед тем как писать статью
оның құрылымын анықтау қажет –	надо определить ее структуру
оқиға желісінің жоспары –	план развития события
сіздің қойын дәптеріңізде –	в вашем блокноте
ақпараттың бар немесе жоқ екендігін тексеріп алыңыз –	надо сначала выяснить с чего начать статью
егер бар болса, онда материалға кірісуге болады –	при ее наличии можно приступить к подготовке материала
лидты құру –	создать лид
жаңалықпен таныстыру үшін –	чтобы ознакомить с новостями
6 сұрақтың ішінен ең маңыздысын таңдап –	из 6 вопросов выбрать самое главное
басты мәселені ерекшелеп аламыз –	выделяем главный вопрос
лид мақаланың басты сұрағынан басталады –	лид начинается с главного вопроса статьи
бірінші орынға тұлғаны қоямыз –	личность ставим на первое место
мемлекет басшысы –	глава государства
көбінде бұл танымал адам –	чаще всего это популярный человек
белгілі саяси қайраткер –	известный политический деятель
маңыздырақ оқиғаларға арналады –	посвящается более важным событиям
бірінші орында тұрады –	ставится на первое место
ақпараттың жеделдігін көрсетіп тұрады –	указывает на срочность информации.



бұл лид оқиғаның орнына назар аудартады –	этот лид обращает внимание на место события
лидтің осы түрі –	этот вид лида
оқиғаның себептерін –	причины события
ашып тұрғандай болады –	здесь: раскрывает
қарап отырсаңыз –	здесь: можно последить, что
лид қазақ тілінің қолдану жағдайын көрсетіп тұр –	указывает на состояние функционирования казахского языка

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Әр журналист мақала жазатын болса, қысқа да болса ақпарат (жауап) беруі тиіс қажетті 6 сұрақты атаңыз?
- 2) Кәсіби тілде журналистер «Бес W және бір H» деп не үшін атайды?
- 3) Бұл сұрақтарды журналистикаға енгізген кім?
- 4) Мақала жазар алдында не істеу қажет?
- 5) Лид неден басталады?

 **2-тапсырма.**

*Кім? Не? Қашан? Қайда? Неге? Қалай?
сұрақтарын қатыстырып,
«Әлемнің жеті кереметі»
тақырыбына эссе жазыңыз.*

 **3-тапсырма.**

*Кім? Не? Қашан? Қайда? Неге? Қалай?
сұрақтарын қатыстырып, жеке кәсібіңізді ашу
үшін диалог құрастырыңыз.*



4-тапсырма. «Қазақстанның жеті кереметі» тақырыбын толықтырыңыз. Сөздікті пайдаланып, орыс тіліне аударыңыз.



1-керемет: Қожа Ахмет Яссауи кесенесі.

Атақты шығыс қолбасшысы Ақсақ Темір салғызған. Көлемі – 46,5х65,5 метр. Орталық залдың айналасына әртүрлі мақсатқа пайдаланылған үлкенді-кішілі 35 бөлме орналасқан.



2-керемет: Тайқазан.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі бағалы ескерткіштердің бірі – тайқазан. Өзі екі тонналық қазанға үш тонна су сыяды.



3-керемет: Айша бибі мазары.

Кесене XII ғасырда салынған. Айша бибі тарихтан белгілі Қараханның әйелі болған. Күмбезді Қарахан салғызған, сәулетші туралы нақты дерек жоқ.



4-керемет:

Тамғалы кешеніндегі жартасқа салынған суреттер.

Бұл адамзаттың рухани мәдениетін, анық дүниетанымын білдіретін аса маңызды деректер жиынтығы саналады.



5-керемет: Алтын адам.

1960 жылы Есіктен табылған бұл ескерткіштің ерекшелігі: осыдан 2500 жыл бұрын жерленген адамның киімі түгелдей алтынмен апталған.



6-керемет: Домбыра.

Ғалымдар осыдан кемінде 2 мың жыл бұрынғы бейнелердегі қос ішекті аспаптың қазақ домбырасымен ұқсастығын айта келіп, оның Қазақстан жеріндегі байырғы көшпелілер арасында кең тараған аспаптың бірі болғандығын дәлелдеді.



7-кермет: Күлтегін ескерткіші.

Күлтегін – көшпенділер тарихындағы ең көрнекті көсем, баһадүр тұлғалардың бірі.

Ресми ісқағаздар стилі

Ресми ісқағаздар стиліне ісқағаздары, заң құжаттарының тілі жатады.

Ісқағаздар стиліне әртүрлі мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Ісқағаздарының әрқайсысының бұрыннан қалыптасқан бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Ісқағаздары сол үлгі бойынша жазылады.

Ресми стильдің көлемі, мазмұны және жазылу формасы жағынан ісқағаздарынан біраз ерекшелігі бар. Ресми ісқағаздары белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стильде көбіне заң, жарғы, үкімет органдарының қаулылары, халықаралық шарт, келісім, дипломатиялық нота, үкімет хабарлары жазылады.

Ісқағаздарының қызметтері:

- жеке тұлғалар арасындағы қатынасты *реттеуші*;
- жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты *реттеуші*;
- әртүрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын *реттеуші*;
- мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін *негіздеуші*;



- жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды айғақтаушы;
- мемлекеттік басқару ісін жүйелеуші;
- тарихи құбылыстарды зерттеудің қайнар көзі;
- мекеме мен ұйымның атқарған істерінің көрсеткіші;
- мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

Ісқағаздарының сипаттары:

- *саяси* (мемлекетішілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
- *әлеуметтік* (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- *ұйымдастырушылық* (басқару қызметі жүйесінде);
- *құқықтық* (заңды және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда);
- *тарихи* (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда).
- *ресмилік* (міндетті түрде заңды тұрғыда тіркелуінде).

Құжаттау үдерісінің элементтері:

- құжаттарды дайындау;
- құжаттарды жолдау, тіркеу;
- сырттан келген құжаттарды қабылдау, тіркеу;
- құжаттарды қолдануға дайындау;
- құжаттардың жүзеге асырылуын бақылау;
- құжаттарды мұрағат қорына дайындау.

Өтініш

Өтініш – құжаттың ең көп тараған түрі. Жеке тұлғалардың басшыларға, мемлекеттік органдарға қандай да бір өтінішін білдіреді. Ісқағаздарын жүргізудің негізгі ережелерін сақтай отырып, еркін түрде жазылады.

Өтініш дегеніміз – азаматтардың жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын, ресми түрде жазбаша баяндалатын, өтіну, өтініш білдіру, сұрау туралы лауазымды тұлғаға бағытталған ресми құжат.



Өтініш құжат ретінде кеңсе бөлімінің (канцелярия) арнайы журналына тіркеліп, нөмірленгеннен кейін ғана ресми құжат болып есептелінеді. Өтініш мекеме басшысына келіп түскеннен кейін, өтінішке лауазымды тұлға «бұрыштама» қояды. Мысалы: «Қарсы емеспін», «Келісемін», «Бекітілсін» т.б.

Өтінішке мекеме басшысы бұрыштама қойғаннан кейін, сол өтініш негізінде бұйрық шығарылады.

Демалыс алу туралы өтініште міндетті түрде демалыс түрі (кезекті еңбек демалысы, кезектен тыс демалыс, ақысыз демалыс) мерзімі көрсетілуі тиіс.

Өтініш мынандай жағдайларда жазылады:

- оқуға түскен кезде;
- басқа оқу орнына ауысқанда;
- бір факультеттен басқа факультетке ауысқанда;
- жатақханадан орын сұрағанда;
- жұмысқа қабылдау кезінде;
- басқа жұмысқа ауысқанда;
- кезекті демалыс сұрау кезінде;
- кезектен тыс демалыс сұрағанда;
- материалдық көмек сұрағанда;
- денсаулығына байланысты академиялық демалыс алғанда т.б.

Өтініштің жазылу тәртібі:

Өтініш А-4 қағазының оң жақ шетіне, баған түрінде кімге жазылғаны, одан кейін бір жол тасталып, кімнің жазғаны және қағаздың ортасына қою кара әріптермен құжаттың атауы жазылады. Одан кейін тағы да бір жол тасталып, азат жолдан бас әріппен мәтін басталады.

3-тапсырма. Құжат түрлерінің қазақша атауын жазыңыз.





Үлгі

«Тұран» университетінің ректоры,
э.ғ.д., профессор А.Р.Алшановқа

«Журналистика» мамандығының
2-курс студенті Әли Мақсатұлынан

Өтініш

Мені Астана қаласында өтетін «БАҚ. Білік. Қоғам» атты конференцияға қатысуыма байланысты 2014 жылдың 14-20 қазан аралығында сабақтан босатуыңызды өтінемін.

Анықтама қоса тіркелген.

11 қазан, 2014 ж.

Үлгі

Өмірбаян

Мен, Егінбаева Ақжан Есенғалиқызы 1990 жылы 11 қарашада Павлодар қаласында туылдым. Ұлым – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

1997 жылы Павлодар облысы, Павлодар ауданының Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебіне 1-ші сыныпқа бардым. Мектепте әртүрлі қоғамдық жұмыстарға қатысып, өзімді өнер жағынан жақсы көрсете білдім. «Қазына» би ансамбліне қатыстым.

2007 жылы географиядан оқушылардың облыстық пән олимпиадасында I орын алдым.

2008 жылы географиядан республикалық пән олимпиадасына қатысып, II орынның жүлдегері атандым.

2008 жылы аталған мектепті «Алтын Белгімен» бітіріп, Алматы қаласындағы «Тұран» университетіне «Журналистика» мамандығы бойынша оқуға түстім.



Ата-анам және екі әпкем бар. Әкем – Егінбаев Есенғали Досымұлы, 1956 жылы туған, Павлодар облысының Салық комитетінде қызмет етеді. Анам – Рахимова Шолпан Қантемірқызы, 1955 жылы туған, Павлодар қаласының Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебінде «Қазақ тілі» пәнінің мұғалімі болып қызмет етеді. Әпкем – Райхан, 1985 жылы туған, Алматы қаласында «Ана тілі» газетінде тілші болып қызмет етеді.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жақсы білемін. Бос уақытымда әдеби кітаптар оқығанды ұнатамын. Компьютердің бірнеше бағдарламасын меңгердім.

8 қыркүйек, 2014 жыл

Үлгі

Мінездеме

Болат Бақытұлы Сыздықов 1967 жылы 15 ақпанда Шымкент облысы, Түркістан қаласында туған. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары. Қазақстан Республикасының азаматы.

Болат Бақытұлы 1985 жылы Түркістан қаласындағы Сейфуллин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін 1995 жылы Алматы қаласындағы «Тұран» университеті, гуманитарлық-заң факультетінің «Журналистика» мамандығына оқуға түсіп, оны 1999 жылы бітірген.

1999-2001 жылдар аралығында «Тұран» университетінде «Журналистика» мамандығы бойынша магистратурада оқыды.

2001-2003 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы «Ақтөбе» газетінде тілші болып істеді.

2003-2005 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «Ұлан» газетінде тілші болып істеді.

2005-2007 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «Ақ желкен» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеді.



2007-2012 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «Дала мен қала» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеді.

Б.Б. Сыздықов – өз ісін жетік білетін, тәжірибелі маман. Ол – бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. Б.Б.Сыздықовтың «Журналистикадағы диалект сөздердің орны» атты еңбегі ақшалай сыйлыққа ие болды.

Б.Б. Сыздықов компьютер бағдарламаларын жетік меңгерген, мінезі ашық, адамдармен тез тіл табыса алатын, әріптестерінің арасында беделді, үлгілі отбасы иесі.

Б.Б. Сыздықов қызмет бабында жоғары қызметке ұсынуға лайық.

Мінездеме редактордың көмекшісі қызметіне ұсыну үшін берілді.


Мінездеме беруші:

«Дала мен қала» газетінің

жауапты хатшысы

А.Ә. Өмірбеков _____
(қолы)

8 қараша, 2014 жыл

 **4-тапсырма.** Төменде берілген сұрақтарға жауап береді отырып, өмірбаян жазыңыз.

1. Сіздің аты-жөніңіз кім?
2. Сіз қай жерде және қашан дүниеге келдіңіз?
3. Сіздің отбасы жағдайыңыз қандай?
4. Сіздің біліміңіз қандай?
5. Сіз қайда оқыдыңыз, нені бітірдіңіз?
6. Сіздің мамандығыңыз қандай?
7. Сіз қайда жұмыс істедіңіз?
8. Қазір қайда жұмыс істейсіз?
9. Сіз қандай компьютер бағдарламаларын білесіз?
10. Қай тілде еркін сөйлейсіз?
11. Әскери қызметке міндеттісіз бе?
12. Қандай әскери атағыңыз бар?
13. Сүйікті ісіңіз? /хобби/



5-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Характеристика

Ақшабаев Серик Турлыханович, 1985 года рождения, является сотрудником ЗАО «АЛСЕКО» с 2007 года по настоящее время.

За время работы Серик Турлыханович зарекомендовал себя высококвалифицированным работником и специалистом своего дела.

Серик Турлыханович отзывчив и доброжелателен, коллеги ценят его как хорошего товарища. Серик Турлыханович прекрасно умеет находить общий язык с партнерами и клиентами нашей организации. Все ценят его вежливость и обходительность.

Трудолюбие и высокая работоспособность так же являются отличительными чертами Серик Турлыхановича.

Характеристика дана для предоставления по месту требования.
Начальник ЗАО «АЛСЕКО» _____

6-тапсырма. Қазақшаға аударыңыз.

- рассмотреть заявление –
- не рассматривать заявления –
- заявление студента –
- содержание заявления –
- регистрировать заявление –
- подать заявление –
- написать заявление –
- принять заявление –

7-тапсырма. Сөйлемді дұрыс құрастырыңыз.

1. кезектен тыс демалыс / байланысты / отбасы жағдайыма /бе-руіңізді өтінемін.
2. қабылдауыңызды / қызметіне / бағдарламашы / бастап / 2013 жылдың 12 мамырынан / сұраймын.
3. орта мектептің / сұраймын / Ы.Алтынсарин / 11 сыныбына / атындағы / қабылдауыңызды.
4. қызметімнен / атқарып отырған / сұраймын / босатуыңызды.
5. сұраймын / ауыстыруыңызды / бөліміне / техникалық қызмет көрсету.



6. беруіңізді / 3 ай көлемінде / сұраймын / шығармашылық демалыс.

7. қажеттілікке байланысты / іссапарға жіберуіңізді / өндірістік / сұраймын.

8-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Вам понадобится:

Инструкция №5

Для любого журналиста необходим навык стенографии, существует много ситуаций, когда невозможно использовать диктофон. Научиться навыку стенографии несложно. Помните, владение стенографией – ваш мощный инструмент в борьбе за звание журналиста.

Инструкция №6

Обладать компьютерной грамотностью очень важно. Во-первых, компьютер способен хранить гораздо большее количество информации, во-вторых, получить доступ к ней посредством компьютера, гораздо проще и быстрее.

 **9-тапсырма.** Пікіріңізді білдіріңіз.

Экономика саласын жақсы меңгерген журналист медицина саласына қатысты сапалы мақала жаза алады ма?



12-сабақ

ЖУРНАЛИСТ ИМИДЖІ

Елімізде бұқаралық ақпарат құралдарының саны көбейген сайын журналистер оқырман мен көрермен қошеметіне бөлену үшін өзара тартысты бәсекеге түседі. Журналист танымал болған сайын оның жазған мақаласын халық іздеп жүріп оқиды. Есімі елге танылған журналистке сұраныс күшейе түседі. Бұл – заңды құбылыс.

Журналистің міндеті – қоғамдағы әлеуметтік тұрмыс пен халықтың хал-ахуалын нақты, боямасыз баяндап отыру. Журналистің жазған сөзіне ел сене алатындай қалыптасқан дербес бейнесі болғаны абзал. Журналистің жеке өзінің тартымдылығы, кісіге жақсы әсері, мәртебесінің, беделінің артуы – имидж. Бұл – оның қалыптасқан имиджі. Журналистің қалыптасқан имиджі жоқ болса, ол өзіне керекті ақпаратты деректі көздерден жинау үшін көп уақыт жоғалтады. Сұхбаты сапасыз болады.

Әлемге әйгілі америкалық психолог, әңгімелесу жағдаяттарының көрнекті маманы Альберт Мейерабиан өзінің «Әңгімелесудің әрқилы жолдары» деген кітабында: «Сұхбат құрған адамдар алғашқы жүздесулерінде бір-біріне үш түрлі сипатта әсер етеді» – деп жазған.

- Бірінші: визуалды – яғни көрген сәттегі пікір салмағы – 55%.
- Екінші: сөз ырғағы – сөйлегендегі дауыс әсері – 38%.
- Үшінші: вербалды – әңгімелесу мазмұны – 7%.

Адамдар, әдетте, сұхбаттасу сәтінде іштей бірін-бірі (ұнасаңыз) «+» немесе (жақтырмаса) «-» белгісімен бағалайды.



Сізге сене ме, әлде сенбей ме? Бұл – журналист үшін ерекше маңызды мәселе. Адамдар алғашқы сәтте бірінші кездескен кісіні жылы қабақпен қарсы алатындығы белгілі. Әрі қарай сізге деген көзқарасының қалыптасуы нені айтып, нені ұсына алатындығыңызға байланысты. Дәл осы тұста журналистің имиджі көздеген мақсатына жету-жетпеуін айқындайды. Оған журналистік дарыны мен сыртқы бейнесінің оң әсері арқылы қол жеткізеді.

Сізді журналист ретінде қабылдағанда, қабылдаушы адам жүздесудің алғашқы сәтінде-ақ кәсіби шеберлігіңіз бен өкілеттігіңізге, беделіңіз бен түр-сипатыңызға назар салады. Бұл жағдайлар жақсы бағаланса, сізге деген сенім мен ықылас жоғарылап, сұхбат сәтті жалғаспақ.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

оқырман –	читатель
көрермен –	зритель
қошемет –	почесть; почтение
танымал –	известный
бәсеке –	соперничество; конкуренция
мақала –	статья
заңды құбылыс –	закономерное явление
сұраныс –	спрос
қоғамдағы тұрмыс –	общественная жизнь
халықтың хал-ахуалы –	здесь: жизнь народа
нақты –	точный, конкретный, реальный
баямасыз баяндау –	излагать правдива, без приукрашивания
дербес бейне –	здесь: личный имидж
бедел –	авторитет
деректі көздерден жинау үшін –	чтобы собирать из достоверных источников
әңгімелесу жағдаяттары –	ситуация для интервью
көрнекті маманы –	видный специалист



әңгімелесудің әрқилы жолдары –	разные способы беседования
сұхбат –	интервью, беседа
алғашқы жүздесулерінде –	при первых встречах
үш түрлі сипатта әсер етеді –	наблюдается три вида влияния друг на друга
сұхбаттасу сәтінде –	в момент встречи
сене ме, әлде сенбей ме –	верит или не верит
маңызды мәселе –	важная проблема
жылы қарсы алу –	встретить радушно, тепло
көзқарасының қалыптасуы –	формирование мнения о вас
дарын –	талант
сыртқы бейнесі –	внешний вид
оң әсері –	позитивное влияние
көздеген мақсатына жету –	достигать цели
айқындау –	выяснить; уточнить (досконально)
кәсіби шеберлігіңіз бен өкілеттігіңізге –	вашему профессиональному мастерству и полномочию
беделіңіз бен түр-сипатыңызға назар салады –	обращает внимание вашему авторитету и внешностью

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Журналистің міндеті не?
2. Журналист имиджі дегеніміз не?
3. Журналистің қалыптасқан имиджі жоқ болса ол қандай қиындыққа тап болады?
4. Америкалық психолог Альберт Мейерабиан өз кітабында адамдар алғашқы жүздесулерінде бір-біріне қанша сипатта әсер етеді деп жазған?
5. Адамдар сұхбаттасу сәтінде іштей бір-бірін қандай белгілермен бағалап отырады?
6. Журналистің имиджі оның мақсатына жету-жетпеуіне қандай қасиеті мен бейнесі арқылы қол жеткізеді?
7. Сіз журналистік имиджі қалыптасқан қандай журналисті білесіз? Ол туралы әңгімелеп беріңіз.



2-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Имидж журналиста как фактор конкурентоспособности СМИ. Эффективность телевизионного общения с массовой аудиторией определяется личностным имиджем телеведущих. Не секрет, что телеведущий имеет право обращаться к аудитории от своего имени. Зрители сознательно или бессознательно отождествляют и персонафицируют воспринимаемую с телеэкрана информацию с тем человеком, который её передает.

3-тапсырма. Мәтінді мазмұндаңыз.

Имидж (ағылш. *image* – бейне, бейнелеу) – өнер ретінде мақсатты түрде адамның өзін, не бұқаралық ақпарат арқылы белгілі бір зат немесе адам жөніндегі керек мәліметті бейнелеп керсету. Имидж – ұлғайтқыш әйнек сияқты, адамның дербес және іскери қасиеттерін қоғамға әлдеқайда жақсы көрсетуге мүмкіндік береді. Соның арқасында күнделікті қарым-қатынасқа ыңғайлылық әкеліп, жұмыс орнында жағымды жағдай жасауға болады.

Имидждің түрлері төмендегідей:

- 1) Қоршаған орта имиджі (адамның жұмыс кеңсесі, көлігі),
- 2) Қоғамдық имидж (өзі қолданатын заттар, мысалы, хаттар, визит карталары, әдетте сыйлайтын сыйлықтары, гүлдері);
- 3) Вербальды имидж (сөйлеу, жазу мәдениеті);
- 4) Кинетикалық имидж (өзіне ғана тән іс-қимылдары),
- 5) Габитарлы имидж (киімі, тұтынатын заттары, шашының сән үлгісі);
- 6) Ментальды имидж (дүниетанымдық көзқарастары, этикалық әдептері, әлеуметтік жағдайы);
- 7) Сыртқы имидж (адам туралы басқалардың бағасы, дос-жарандардың, таныс, таныс емес жандардың деректері, бұқаралық ақпарат құралдарының өзі туралы таратқан ақпараттары). Мамандардың айтуынша, имидж адамның ішкі дүниесіне сай келуі шарт.

Сөзжасам. (Словообразование)

Сөзжасам өз алдына зерттеу объектісі бар тіл білімінің жеке саласы. Сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін зерттейді.



Сөзжасам өмірде пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажеттігін өтеу үшін қызмет етеді. Жаңа аталымдар (номинациялар) сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы жасалатыны белгілі болды. Тәсілдердің түрлілігіне байланысты сөзжасам үрдісіне түрлі сөзжасамдық бірліктер жаңа мағына, жаңа аталымның жасалуына түрлі дәрежеде қатысады. Мысалы, *әнші, жұмысшы, малышы, суретші, жыршы, биші, орманышы, балықшы, саяхатшы, сыбызғышы, қобызшы* т.б. осы типтегі туынды сөздерді алсақ, олардың құрамындағы негізгі морфема да, көмекші морфема да олардың мағынасының жасалуына қатысып тұр. Осы туындылардағы негіз сөз жаңа мағынаның жасалуына арқау болған. Ал осы туынды түбірлердегі *-шы, -ші* жұрнағы оларға мамандық мәнін қосқан. Осының нәтижесінде *әнші* – ән айтатын адам, *жұмысшы* – жұмыс істейтін адам, *малшы* – мал бағатын адам, *суретші* – сурет салатын адам, *жыршы* – жыр айтатын адам, *биші* – би билейтін адам, *орманышы* – орманды бақылайтын адам, *балықшы* – балық аулайтын адам, *саяхатшы* – саяхат жасайтын адам, *сыбызғышы* – сыбызғы тартатын адам, *қобызшы* – қобыз тартатын адам дегенді білдірген. Алғаш осы ұғымды білдіруден туған бұл сөздер кейін мамандық мәніне ие болған. Бұл туынды түбірлердегі *-шы/-ші* жұрнағы мамандық мәнін беріп тұр, ал негіз сөздер ненің маманы екенін білдірген.

Қазақ тілінің қазіргі кезде әбден қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол, әрине, ұзақ уақыттағы дамудың нәтижесі. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілінен басталып, содан бері дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай қолданылып, әбден орныққан, қалыптасқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі бар. Олар: 1) синтетикалық тәсіл; 2) аналитикалық тәсіл; 3) лексика-семантикалық тәсіл.

4-тапсырма. *Түбір сөздерге -шы, -ші, -ды, -ді, -лы, -лі жұрнақтарының тиістісін қосып, туынды сөз жасаңыз және қатарын толықтырыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

Үлгі: *жыр* (негізгі түбір), *жыр+шы* (туынды түбір), *жыр+шы+лық* (туынды сөз).



Саяхат, жазу, орман, тіл, тәрбие, сын, көр, көңіл, су, құрылыс, аударма, сәулет.

5-тапсырма. *-ғар/-гер, -қар/-кер жұрнақтарымен зат есім жасаңыз және қатарын толықтырыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

Ғарыш, іс, жауын, зер, заң, қызмет, талап, саясат, дәрі, мұра, кәсіп, сауда, бас, әдіс.

6-тапсырма. *-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнақтарымен зат есім жасаңыз және қатарын толықтырыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

Ақпарат, мемлекет, оқу, мәтін, тәжірибе, мерзім, қала, бала, әділ, дос.

7-тапсырма. *Мақалды қалай түсінесіз? Пікір айтыңыз.*

«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады».

Адам көркі шүберек, ағаш көркі жапырақ.

8-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.*

Вам понадобится:

Инструкция №7

Профессиональный журналист должен владеть хотя бы одним иностранным языком. Это расширяет «информационные горизонты». К тому же журналист, обладающий подобным навыком, будет более востребован.

Инструкция №8

Чтение по губам и чтение вверх ногами порой помогает получить эксклюзивную, необходимую информацию.



13-сабақ

ЖУРНАЛИСТІҢ ӨЗІНДІК СТИЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Журналистиканың әр жанрының өзіне тән стилі мен тілі болады. Журналист үшін тіл мен стильді жетік меңгеріп, оларды шебер әрі орнымен қолдана білу өте маңызды. Журналистің стилін оның шығармашылық басты сипаттары құрайды.

Әр газеттің өз стилі, тілі бар. Сондай-ақ, әр газеттің, әр нөмірдің, әр нөмірдегі әр материал авторының стилі болады. Тәжірибелі журналистердің өзіндік стилі мен қолтаңбасы қалыптасады. Болашақ журналистер осының бәрін жетік меңгерулері керек. Мысалы, бір журналист материалды таңқаларлық оқиға деңгейінде ұсынуға тырысады. Екінші журналист проблема көтеруге ұмтылады. Үшінші журналист ешқандай көзқарас білдірмей жазады. Журналистердің стильдерінің әртүрлі болуы кемшілік емес. Стильдік байлық – журналист имиджінің жоғары болуына да әсер етеді. Сондықтан журналист шығарманың жанрына қарай немесе бұқаралық ақпарат құралының түріне қарай өз стилін өзгертіп отыруы мүмкін. Себебі баспаның стилінің, радио, телевидение стильдерінің өзіндік талаптары бар.

Журналист тіл мен стильді теориялық тұрғыда меңгеріп қана қоймай, практикалық тұрғыда өз туындыларында шебер қолдана білсе, белгілі бір нәтижеге қол жеткізгені деп айтуға болады.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

тән –	свойственный; присущий
жетік меңгеру –	овладеть в совершенстве
өте маңызды –	очень важно



Кәсіби қазақ тілі

көрсету –	представлять
деп басу –	удачно действовать
жетістік –	достижение; успех
кемшіліктер –	недостатки
өзіндік стилі мен қолтаңбасы қалыптасады –	формируются собственный стиль и почерк
бедел –	авторитет; репутация
тұрғы –	точка зрения
көзқарас –	взгляд
таңқаларлық оқиға –	сенсация
теориялық тұрғыда меңгеріп қана қоймай –	не только овладеть теоретически
өз туындыларында шебер қолдана білсе –	если умело применять в своих произведениях
белгілі бір нәтижеге қол жеткізгені деп айтуға болады –	можно сказать, что достигнуты определенные результаты

105

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Журналист үшін маңызды не екенін айтыңыз.
- 2) Болашақ журналистер нені жетік меңгерулері керек?
- 3) Еліміздегі баспасөз нешеге бөлінеді?
- 4) Қазақ баспасөзінің беделі неге байланысты?
- 5) Журналист қандай жағдайда нәтижеге қол жеткізеді?


2-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Институтом массовой коммуникации факультета журналистики СПбГУ был проведен экспертный опрос руководителей различных СМИ. И вот какие наиболее важные профессиональные качества они выделили (в порядке убывания):


- Грамотность, эрудиция, широкий кругозор, стиль.
- Универсализм.




- Настойчивость, умение «достать материал», оперативность.
- Готовность обучаться, расти профессионально.
- Практические навыки журналиста.
- Талант.
- Коммуникабельность.
- Профессиональная этика, порядочность.
- Жизненный опыт.
- Интуиция.
- Правовая «подкованность».

 **3-тапсырма.** Командалық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Білікті журналистің бойынан қандай қасиеттер табылуы керек?

 **4-тапсырма.** Командалық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Егер белгілі бір арнаға басқарушы болсаңыз қандай жаңалықтар енгізер едіңіз?

 **5-тапсырма.** Төменде берілген мәтінді мазмұндап беріңіз. Өзіңіз білетін танымал жазушы, журналистердің жазу стилі туралы не білесіз? Кім қалай жазады?

Эрнест Хемингуэй

Әңгіме желісі оңайлыққа түсіп жатса немесе жай ғана диалогтардың бір бөлігін жазу керек болса, бірден теруге көшкен. Сол тұста өнімділіктің күнбе-күнгі тәртібі тұрған: жазушы әр күн сайын қанша сөз жазғанын түртіп отырған (сөз саны 450-ден 1250-ге дейінгі аралықта құбылған).



Симона де Бовуар

Симона де Бовуар 1965 жылы бір сұхбатында «Мен әр уақытта жұмыс істеуге құлшынып тұрғанмен, соған қарамастан жұмыстың алғашқы сағаттарын ұната бермеймін. Алдымен шай ішіп алам да, артынша 10 сағатқа жұмыс үстеліне тапжылмай отырып, өнімділікті сағат сайын арттыруға тырысамын. Сосын достарыммен кездесіп, сағат 5-терге жуықтап қалғанда жұмысқа қайта оралып, 9-ға дейін айналысамын. Менде әңгіменің желісіне қайта оралуда қиындықтар болып көрген емес. Үзіліс аралығында газет оқуға, дүкен аралауға кірісемін. Көбіне жұмыстан ләззат алып отырамын. Егер жазғаным дау туғызып жатса, онда 15-30 минутымды мәтінді бір қайтара оқып шығуға жіберемін. Күндіз жазғанымға азғантай өзгерістер енгіземін. Сосын тоқтаған тұстан қайта жалғастырамын. Сюжеттік желіні қайта табу үшін маған жазғанымды бір оқып шықсам жеткілікті.

(massaget.kz)

Сөзжасамның тәсілдері

1. Түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі қосымшалы тілдер болғандықтан, туынды сөз жасауда синтетикалық тәсіл үлкен қызмет атқарады. Бұл тәсіл арқылы туынды сөз жасау үшін оған екі-тілдік бірліктің қатысуы керек:

- лексикалық мағыналы сөз;
- сөзжасамдық жұрнақ.

Лексикалық бірлік туынды сөздің мағынасына арқау болады, сондықтан туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөздер қатысады.

Сөзжасамның синтетикалық тәсілі сөзжасамдық жұрнақтар арқылы туынды түбір сөздер жасап, тілді байытып отырады. Туынды түбірдің мағынасы негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың мағынасынан жасалады. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер *туынды түбір* деп аталады. Мысалы, *үгітші, қаламгер, әсемпаз, сәнқой, бәлеқор, ботақан, құлынишақ, бөлім, бөлме, ақта* т.б.

2. Аналитикалық тәсілде екі сөз бір-бірімен тіркесіп, жаңа лексикалық мағыналы сөз жасайды. Аналитикалық тәсіл арқылы



жасалған туынды сөздер *күрделі сөздер* деп аталады. Күрделі сөздер толық мағыналы сөздерден жасалады. Мысалы, *өнеркәсіп, теміржол, тамаша өмір, жетіқарақшы* т.б.

3. Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің мағынасында ғана өзгеріс болғандықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл деп аталады. Мысалы:

«Ақ» – бастапқы мағына (түсті білдіру). М: *ақ жіп, ақ сүт.*

«Ақ» – бастапқы мағына *ағу (течь; протекать)*. М: *Көктем келді, жылғалардан су ақты. (Весна пришла, текут ручьи).*

«Ақ» – жаңа мағына (сүттен жасалатын тағамның атауы) *сүт, айран, қатық, қымыз, шұбат* сияқты тағамдар. М: *Ұлжанның күз уақытында Зере мен балаларға әзірлеп отыратын ағы осы болатын.*

«Ақ» – *адал (честный)* мағынасын береді. М: *Ақ жүрген адам азбас.*

«Ақ» – *ақиқат, шындық (правда, истина)*. М: *Жұмыр басты пендеге – өлім ақ.*

6-тапсырма. *Мәтіндегі біріккен сөздерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіз және мағыналарын ашыңыз.*

Ғаламшар өркениетіндегі қазақ жұртының мәртебелі орнын әлдеқашан танытқан («Егемен Қазақстан»).

Балаларға арналған елдің басты шыршасы «Ғажайыптар әлемі» технопаркінде орнатылды («Егемен Қазақстан»).

Сот арқылы теміржолшылардан 4 миллион теңге айыппұлды өндіріп алатын болдық («Егемен Қазақстан»).

Жүріп жатқан келіссөздерді бұзып жіберу де ол үшін түкке тұрмайтын («Парасат»).

Толстой өз шығармасын қаламақысыз тегін бастыруға рұқсат беретін («Парасат»).

Астананың елорда атанғанына үш жыл толып отыр («Егемен Қазақстан»).



Жоғарыда аталған ғылыми-техникалық бағдарламаны орындауға еліміз бойынша 25-тен астам ғылыми мекемелер мен кәсіпорындар қатысуда («Егемен Қазақстан»).

7-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.*

Вам понадобится:

Инструкция №9

Сроки, которые дает вам ваш редактор написание тех или иных статей, должны быть строго соблюдены. Это обеспечивает актуальность информации. Никогда не стройте в тексте каких-либо предположений, пишите только о том, что действительно знаете. Журналисту необходимо научиться отличать объективное от субъективного, отбросить свои личные воззрения и мнения. Будьте беспристрастным, объективным и точным!

Инструкция №10

Истинный журналист – сам себе «продюсер». Отучите себя стесняться, уточнять, не бойтесь показаться некомпетентным. Журналист должен предлагать свои материалы различным изданиям, контактировать с крупными и зарубежными СМИ.

8-тапсырма. *Өлеңді рөлдерге бөліп оқып, жаттап алыңыз.*

Махаббат диалогы.

- Құс боп ұшып жоғалсам не етер едің?
- Сені іздеумен мәңгілік өтер едім.
- Отқа түсіп өртенсем не етер едің?
- Күл боп бірге соңыңнан кетер едім.
- Бұлдырасам сағымдай не етер едің?
- Жел боп қуып ақыры жетер едім.
- Қайғы әкелсем басыңа не етер едің?
- Қойшы, сәулем, бәрін де көтеремін.

М.Мақатаев.



14-сабақ

БАСПАСӨЗ

Баспасөз – халықтың қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге әсер ететін бірден-бір құрал. Баспасөз – халық арасында әртүрлі ақпараттар тарата отырып, қоғамдық және саяси пікір қалыптастыруға, мемлекеттің, әлеуметтік топтардың не жекелеген тұлғалардың мүдделі мұраттарын танытуға қызмет етеді. Баспасөз – мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы.

Мерзімді баспасөзге: тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшасы жатады. Мерзімді баспасөздің ең негізгі әрі көне түрлерінің бірі – газет.

Алғашқы газеттер Батыс Еуропада (Германияда – 1609 жылы, Ұлыбританияда – 1622 жылы, Францияда – 1631 жылы) шыға бастады. Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімдік басылым – 1870 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті».

Баспасөздің екінші түрі – мерзімдік емес басылымдарға кітаптар, кітапшалар, плакаттар, күнтізбелер, ноталар т.б. жатады. Оның ең негізгі әрі көне түрі – кітап. Кітап басып шығару VIII–IX ғасырларда Қытайда басталды.

Қазақ тіліндегі алғашқы кітап – «Сейфүл-мәлік» киссасы 1807 жылы Қазан қаласында жарық көрген.

Қазіргі кезде Қазақстанда 1200-ден астам газет-журналдар, апталықтар жарық көреді. Сондай-ақ, әртүрлі меншіктегі 260-тан астам баспадан мыңдаған таралыммен кітаптар, буклеттер мен плакаттар т.б. шығады.

Республикадағы баспасөз жүйесінің қызметі ҚР-ның «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңымен (1999, 23 шілде) реттеледі.



Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

баспа –	издательство
баспасөз –	пресса, печать
баспасөз бостандығы –	свобода печати
баспасөз беттерінде –	по страницам прессы
баспасөз қызметі –	пресс-служба
баспасөз өкілдері –	представители прессы
басылым –	издание
мерзімді баспасөз –	периодическое печать
баспасөз жүйесінің қызметі –	деятельность системы прессы
шолушы –	обозреватель
құрылтайшы –	учредитель
ой-пікір –	суждение; мнение
дүниетанымын қалыптастыру –	формировать мировоззрение
қоғамдық пікір қалыптастыру –	формировать общественное мнение
жиынтық атауы –	совокупное название
саяси жұмыстар жүргізуге –	вести политические работы
мүдделі –	заинтересованный
мүдделі мұраттарын танытуға –	здесь: отражать интересы и цели
тұрақты атауы –	постоянное наименование
ағымдағы нөмірі –	текущий номер
кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын –	выпускаемые по меньшей мере один раз в полгода
қосымша –	здесь: приложение
уәлаят –	вилаят (область, край)
кітапша –	брошюра
күнтізбе –	календарь
кітап басып шығару –	издавать книгу
жарық көру –	увидеть свет; опубликоваться



қисса –	хисса; эпическая поэма
апталық газет –	еженедельная газета
көп таралымды газет –	многотиражная газета
әртүрлі меншіктегі баспадан –	в издательствах различной собственности
айдар –	рубрика

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Баспасөз дегеніміз не?

Баспасөз қандай қызмет атқарады?

Баспасөздің түрлерін атаңыз?

Кітап баспасөздің қайсы түріне жатады?


Алғашқы газеттер нешінші жылдары қайсы мемлекеттерде шыққан?

Қазақ тіліндегі алғашқы кітап қалай аталады?

Қазақ тіліндегі алғашқы кітап нешінші жылы шықты және қайда жарық көрді?

2-тапсырма. Орыс тіліне аударып, өз пікіріңізді айтыңыз.

Баспасөздің ықпалы. Баспасөзді өзіңмен алып жүруге, кез келген жерде, өзіне ыңғайлы уақытта, айналадағыларға кедергі келтірмей (поезд, метро, автобус, т.б.) оқуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқырман өз қалауынша баспа материалдарын бірнеше рет оқуына, қажеттісін сақтап, белгілер қоюына болады. Мұның бәрі баспа құралдарымен көптеген оң байланыстар орнатуына мүмкіндік береді. Осылайша баспасөз қазіргі уақыттағы маңызды ақпарат көзі болып табылады.

 **3-тапсырма.** Журналист ретінде екі ұсыныстың бірін таңдаңыз және себебін түсіндіріңіз.

1) Астана қаласында өтетін ЕХРО-2017-ге іссапарға бару

2) Кезекті еңбек демалысына шығу



Туынды сөздер (Производные слова)

Түбір сөзге жұрнақ қосылу арқылы жасалған сөзді *туынды сөз* дейміз.

Мысалы: Ән+ші, оқу+лық, жұмыс+шы, дос+тық, сый+лық, талап+кер, қызмет+кер.

Есім сөзден зат есім тудыратын жұрнақтар:

1. *-шы, -ші:* жазушы (писатель), аудармашы (переводчик), тілші (корреспондент).

2. *-шылық, -шілік:* адамшылық (человечность), адамгершілік (гуманность).

3. *-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес:* замандас (современник), құрдас (ровестник), жерлес (земляк), сыныптас (одноклассник).

4. *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік:* шеберлік (мастерство), орындық (табуретка, стул), достық (дружба), өсімдік (растение).

5. *-хана:* асхана (столовая), дәріхана (аптека), емхана (поликлиника), перзентхана (роддом, родильный дом).

Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар:

1. *-м, -ым, -ім:* төзім (выдержка), ұғым (понятие), қысым (давление).

2. *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе:* көрме, сүзбе, кеспе.

3. *-қы, -кі, -ғы, -гі:* шалғы (коса), бұрғы (сверло, дрель).

4. *-с, -ыс, -іс:* жеңіс (победа), талас (спор), айтыс (дискуссия), жүріс (ходьба, ход).

5. *-қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек:* сұрақ (вопрос), қонақ (гость), тарак (расческа), күрек (лопата), тілек (пожелание).

6. *-ыш, -іш:* қуаныш (радость), өкініш (сожаление), сүйініш (восторг).

7. *-н, -ын, -ін:* жуын (умойся), түйін (завязь).

8. *-у:* сабау (бить), жамау (заплата), көсеу (кочерга).

9. *-ынды, -інді:* шайынды (помои, ополоски), үйінді (глыба, нанос).

10. *-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш:* басқыш (ступенька), сүзгіш (фильтр), сыпырғыш (веник), білгіш (знаток).



11. *-уыш, -уіш*: өлшеуіш (измерительный прибор), түйреуіш (брошь), бастауыш (начальный).

12. *-ыр, -ір, -р, -ар, -ер*: үңгір (пещера), шұңқыр (яма).

Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар:

1. *-лы, -лі, -ды, -ді*: таулы (горный), күшті (сильный).

2. *-дай, дей, -тай, -тей*: қардай (как снег), айнадай (как зеркало), жібектей (как шелк).

3. *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік*: журналистік (журналистский), инженерлік (инженерный).

4. *-сыз, -сіз*: сусыз (безводный), бұлтсыз (безоблачный).

5. *-қы, -кі, -ғы, -гі*: жазғы (летний), қысқы (зимний).

Жұрнақтардың жалғану жолымен жасалған туынды сөздер

Түбір сөздерге сөз тудырушы жұрнақтар жалғанғанда, жаңа мағыналы сөздер жасалады. Мысалы: *біл+ім, ал+ғыр, кес+не, сүз+бе, көр+ме, қаш+қын, тас+қын, өр+мек, ек+ін (егін), жең+іс, қуан+ыш, ақ+та, көк+те*.

Бірігу жолымен жасалған туынды сөздер

Екі немесе одан да көп сөзден бірігіп, жаңа лексикалық мағына беретін сөздер жасалады. Мысалы: *тас (камень) + бақа (лягушка) – тасбақа (черепаха), қырық (сорок) + аяқ (нога) – қырықаяқ (сороконожка)* т.б. Бұларды тіл білімінде ***біріккен сөздер*** деп атайды.

Қосарлану жолымен жасалған туынды сөздер

Кейде екі сөз қосарланып, бір лексикалық мағына береді. Мұндай сөздерді ***қос сөздер*** (удвоенные слова) деп атайды. Қос сөздің сыңарлары мағыналық жағынан байланысы бар, біртектес заттардың аттарынан, синоним сөздерден, кейде антоним сөздерден жасалады. Мысалы: *үлкен-кіші, жақсы-жаман, алыс-жақын, туған-туысқан, ығы-жығы, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ*.

Тіркесу жолымен жасалған туынды сөздер

Тіркесу жолымен жасалған сөздер екі не одан да көп сөзден құралып, бір екпінмен айтылып, бір ғана лексикалық мағынаны



білдіреді. Мысалы: *қол созым жер, көз ілмеді, темір жол, гарыш кемесі, көк ала, күн сәулесі, он алты, қызыл ала* т.б. Мұндай күрделі сөздердің әрбір сынары бөлек жазылады.

4-тапсырма. *Берілген біріккен сөздерді орыс тіліне аударыңыз және сөйлем құрастырыңыз.*

Жеті+қарақшы, күн+бағыс, күн+тізбе, ит+мұрын, ас+қабақ, қырық+қабат, қара+қат, авто+қалам.

5-тапсырма. *Мына сөздерден қос сөз жасап жазыңыз және сөйлем құрастырыңыз.*

Азық, ыдыс, салдыр, мөп, сұп, тау, құрал, ине, құрбы, ата, қазы, киім, дүркін, күні, қатар, сарт, сөйлей.

6-тапсырма. *Төменде берілген түбір сөздерге -кер, -шы, -ші, -ді, -лы, -лі жұрнақтарын қосып туынды сөз жасаңыз және сөйлем құрастырыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

Тіл / жыр / аударма / жазу / ғарыш / тәрбие / еңбек / сурет / көңіл / сын / құрылыс / тау / ән / қайрат.

7-тапсырма. *Төмендегі жұрнақтармен туынды сөздер жасаңыз.*

-ті, -лас, -малы, -іңкі, -ма, -стан, -паз, -н, -қы, -хана, -кеш, -па, -т, -ыл, -пат, -дай, -лық.

8-тапсырма. *Төмендегі сөздердің қандай тәсілмен жасалғанын анықтаңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

Жазушы, телекөпір, тілші, аудармашы, пікірталас, телекөрермен, баспасөз, бағдаршам, сарымай, кәсіподақ, әуежай, бұрғы, жақсылық, қызылдау, қоңырқай, хатшы, биші, тоқымашы, көзілдірік, қызметкер, жұмыскер, көрермен, ғаламтор, кемпірқосақ, жұмысшы, ғарышкер, тау-тас, жер-көк, итмұрын, бүгін, аялдама, оқулық, Екібастұз, Көктөбе, Қызылорда, көлбақа, қазба, бояма, бағдаршам, баспахана, емхана, шипажай, күн сәулесі, жер серігі, найзағай, көкжиек, Ақтөбе, көккүтан, өнеркәсіп, Үштөбе, Көктөбе, Сырдария, тасбақа.



9-тапсырма. Мәтінді оқып мазмұндаңыз және толықтырыңыз.

«Егемен Қазақстан» газеті күнделікті нөмірінде шетел жаңалықтарын міндетті түрде беріп отырады. Бұл ең басты қоғамдық-саяси газет болғандықтан, әлемде болып жатқан оқиғаларды назардан тыс қалдырмайды. Идеология, саясат саласында және мемлекет басшылары жайлы материалдарға мол орын беріледі. Ондай материалдар мүмкіндігінше бірінші бетке орналастырылады. Мұнда, әсіресе, дипломатиялық қарым-қатынастар туралы жиі айтылады. Президент пен Парламент төрағасы, Премьер-министр кабинеті төрағасының шетелдерге ресми сапарлары туралы тілшілер репортаждары, есептер және фотосуреттер басылады. «Егемен Қазақстан» тиражы жағынан ең көп тарайтын газет. Тіпті, оны шетелдегілер де алдырып тұрады. «Алматы ақшамы» – бұл республикада таралатын газет. Негізінен әкімшілік органдары, жаңалықтары туралы жазады. Сонымен бірге бұл газет те шетел хабарларын үзбей береді. Ал «Жас Алаш» газеті жастарға арналған. Яғни, жастар өмірі туралы қызғылықты материалдар берумен бірге шетел өмірінен де назар аударарлық материалдарды жариялайды. Бұлармен бірге Қазақстанда «Қазақстан-Заман» деген халықаралық газет шығады. Ол Түркиямен бірлесіп шығарылады. Осы екі елдің және басқа да елдердің өмірінен материалдар береді.



15-сабақ

БАСПАСӨЗ ЖАНРЛАРЫ

Баспасөз жанрларын, негізінен 3 топқа бөлуге болады.

Бірінші топ: *ақпаратты* (хабар, есеп, сұхбат, репортаж).

Екінші топ: *талдамалы* (мақала, рецензия, шолу, хат).

Үшінші топ: *көркем-публицистикалық* (суреттеме, очерк, публицистика, эссе, баллада). Сондай-ақ, көркем-публицистикалық жанрлардың сатиралық түрлері (фельетон, памфлет, мысал, эпиграмма, пародия, шарж т.б.) бар.

Баспасөз жанрлары белгілі бір оқиғаларды, құбылыстарды нақты деректер мен мәліметтерге сүйене отырып баяндайды. Әр жанрдың өзіне тән ерекшеліктері мен сипаты, әрі бәріне ортақ белгілері бар.

Ақпаратты жанрлар: күнделікті оқиғаларды жедел түрде хабарлап, жаңалықтарды оқырманға еш өзгертусіз жеткізуге тырысады. *Талдамалы жанрларға*: оқиғаларды салыстыра зерттеу, деректер мен мәліметтерді талдап, солардың төңірегінде ой қорыту және бағалау тәсілі тән. *Көркем-публицистикалық жанрлар*: типтік деректерді суреттеу әдісімен жазылады; әркілы әдеби тәсілдер (даралау, образ жасау, мінез-құлық қақтығысы, оқиға шиеленісі, т.б.) арқылы әлдебір деректі құбылыстың ішкі мән-мазмұны мен идеялық сипатын көркем-публицистикалық деңгейде ашып көрсетеді.

Сатиралық жанрды екі салаға бөледі.

1) Сатираның поэзиялық жанрлары: мысал, пародия, сықақ, өлең, шарж, карикатура.

2) Сатираның прозалық жанрлары: фельетон, памфлет, сатиралық әңгіме, юморлық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық роман.



Сатиралық жанрлар әлеуметтік тұрмыстағы келеңсіз құбылыстар мен кертартпа қылықтарды юморлық не сатиралық пішіммен әшкерелейді, кемшіліктерді жоюға шақырады.

Баспасөз жанрларының негізгі, басты міндеті – өмірдегі нақты оқиғалар мен құбылыстардың күнделікті тізбегін жазу арқылы белгілі бір кезеңнің тарихи шежіресін жасау.

Баспасөз жанрларын тиянақты меңгеру – журналистің кәсіби шығармашылық шеберлігін жетілдірудің, баспасөз материалдарының сапалық деңгейін арттырудың кепілі.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

сұхбат –	интервью
талдамалы –	аналитический
шолу –	обзор
шолушы –	обозреватель
көркем-публицистикалық –	художественно-публицистический
белгілі бір оқиғалар –	определенные событие
нақты деректер мен мәліметтер –	– конкретные факты и сведения
сүйене отырып баяндау –	излагать со ссылкой
әр жанрдың өзіне тән ерекшеліктері бар –	у каждого жанра имеются свои особенности
ортақ белгі –	общие признаки
деректер мен мәліметтерді талдап –	анализировать факты и сведения
солардың төңірегінде –	здесь: исходя из них
бағалау тәсілі тән –	свойственно способ оценивания
суреттеу әдісі –	способ описания
әр қилы әдеби тәсілдер –	разные литературные способы
даралау –	четко выделять; особо выделять
мінез-құлық қақтығысы –	конфликты характеров
әлеуметтік тұрмыстағы –	в социальном быту
келеңсіз құбылыстар –	негативные явления



Кәсіби қазақ тілі

кертартпа –	консерватор, консервативный
сатиралық пішіммен әшкерелейді –	разоблачает в сатирической форме
шақырады –	призывает
кемшіліктерді жою –	устранять, изживать недостатки
нақты оқиғалар мен құбылыстар –	реальные события и явления
тізбек –	последовательность
белгілі бір –	определенный
кезең –	период, этап
тарихи шежіресін жасау –	создать историческую летопись
тиянақты меңгеру –	прочно усвоить
журналистің кәсіби шығармашылық шеберлігін жетілдіру –	совершенствовать профессиональное творческое мастерство журналиста
арттырудың кепілі –	гарантия улучшения

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Баспасөз жанрлары дегеніміз не? Оның жанрлық ерекшеліктері қалай айқындалады?
- 2) Баспасөз жанрларын қанша топқа бөледі?
- 3) Ақпаратты жанрлардың қызметі не?
- 4) Талдамалы жанрлардың қызметі не?
- 5) Көркем-публицистикалық жанрлардың қызметі не?
- 6) Көркем-публицистикалық жанрлардың сатиралық түрлерін атаңыз?
- 7) Сатиралық жанрды қанша салаға бөледі?
- 8) Баспасөз жанрларының міндеттері не екенін айтыңыз?

2-тапсырма. Жанр түрін ажыратыңыз және сөздікті пайдаланып, орыс тіліне аударыңыз.

Гүлназ Молдабергенова, Қазақ радиосының қызметкері:

– Қазақ баспасөзі – қазақтың үні. Қазіргі кезде үніміз қалай шығып жатыр дегенге келсек, онда мен жас буынның еңбегін ерекше атап көрсетер ем. Себебі жаңашылдыққа ұмтылу, заманның талабын тез түсініп, соған сай қимыл-әрекет жасап жатқан орта буын



журналистер мен жас та болса өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып үлгерген журналистеріміз баршылық. Қазір шүкіршілік, радио, телеарна, газет-журналдармен қоса, қазақ тілінде өткір айта алатын интернет порталдар да баршылық. Алайда кемшін тұстарымыз да аз емес. Қазақ журналистерінде әлі де болса жайбасарлық, жалтақтық байқалады. Соны жоймай, бұйығылықтан арылмасақ, бәсекелестік додасында шаң қауып қалуымыз да ғажап емес. («Түркістан» газеті)

3-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, қазақ тіліне аударыңыз.

Информационные жанры

Журналисты активно используют в своей работе разные жанры. Откройте любую газету: вы найдете и хронику, и заметки, и репортажи, и интервью, и статьи, и обзоры, и очерки, и так далее. При этом человек, не имеющий отношения к журналистике, любой материал может назвать статьей или заметкой – как уж он привык. Но профессионалы должны четко узнавать в публикациях признаки того или иного жанра и ни в коем случае не именовать зарисовку, к примеру, статьей.

Жалғаулардың түрлері (тәуелдік, көптік, жіктік, септік)

Сөздер жекеше түрде де, көпше түрде де қолданыла береді. Көптік мағынаны білдіру үшін сөздерге **көптік жалғауы** жалғанады.

Мысалы: *ағаш-тар, көше-лер, қыз-дар* т.б.

Көптік жалғауының түрлері мыналар: *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*. Көптік жалғауының басқы дыбысының түрліше болуы түбір сөздің соңғы дыбысына байланысты. Мысалы:

[қатаң] +тар (-тер): кітап+тар, мектеп+тер.

[р, й, у] +лар (-лер): су+лар, үй+лер.

[дауысты] +лар (-лер): бала+лар, немере+лер.

[н, м, ң, л, з, ж] +дар (-дер): аң+дар, қаз+дар.

Тәуелдік жалғауы заттың біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді (меншікті) екенін білдіреді. Тәуелденетін зат үш жақтың біріне меншікті болып тұрады, сол себепті тәуелдік жалғауының үш жағы бар.



Әр жақтың өзіне тән жалғаулары болады.

Жекеше түрі	
I жақ	-м, -ым, -ім
II жақ	-ң, -ың, -ің
III жақ	-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз
IV жақ	-сы, -сі, -ы, -і

Көпше түрі	
I жақ	-мыз, -міз, -ымыз, -іміз
II жақ	-тарың, -терің, -дарың, -дерің, -ларың, -лерің
III жақ	-тарыңыз, -теріңіз, -дарыңыз, -деріңіз, -ларыңыз, -леріңіз
IV жақ	-сы, -сі, -ы, -і

Сөздердің тәуелденуі *оңаша тәуелдену* және *ортақ тәуелдену* болып екіге бөлінеді.

Бір немесе бірнеше заттың бір ғана затқа меншікті болуын білдіретін тәуелдену *оңаша тәуелдену* деп аталады. Басқаша айтқанда, заттың жекеше түрде тәуелденуі.

Бір немесе бірнеше заттың көп затқа меншікті болуын білдіретін тәуелдену *ортақ тәуелдену* деп аталады. Басқаша айтқанда, заттың көпше түрде тәуелденуі.

Мысалы:

Оңаша тәуелдену:	Менің компьютер-ім, қалам-ым. Сенің компьютер-ің. қалам-ың. Сіздің компьютер-іңіз, қалам-ыңыз. Оның компьютер-і, қалам-ы.
Ортақ тәуелдену:	Біздің компьютер-іміз, қалам-ымыз. Сендердің компьютер-лерің, қалам-дарың. Сіздердің компьютер-леріңіз, қалам-дарыңыз. Олардың компьютер-і, қалам-ы.



Сөздің жіктік жалғауларын қабылдауын *жіктелу* дейді. Жіктік жалғауы бастауыш пен баяндауышты байланыстырады. Сондықтан жіктік жалғаулы сөз әрқашан баяндауыш болады да, сөйлемді тиянақтап тұрады. Жіктік жалғауы негізінен етістікке жалғанады. Сондай-ақ есім сөздерге де жалғана береді. Бірақ жіктік жалғауы кез келген есім сөзге жалғана бермейді, тек адамның кім екенін, қандай екенін білдіретін және кәсібін көрсететін есім сөзге жалғанады.

Есім сөздің жіктелуі:

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Мен тілші <i>мін</i>	Біз тілші <i>міз</i>
II	Сен тілші <i>сің</i> Сіз тілші <i>сіз</i>	Сендер тілші <i>сіңдер</i> Сіздер тілші <i>сіздер</i>
III	Ол тілші	Олар тілші <i>лер</i>

Етістіктің жіктелуі:

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Мен жазамы <i>н</i>	Біз жазамы <i>з</i>
II	Сен жазасы <i>ң</i> Сіз жазасы <i>з</i>	Сендер жазасы <i>ңдар</i> Сіздер жазасы <i>здар</i>
III	Ол жазады	Олар жазады

Сөздердің септік жалғауларын қабылдауын *септелу* дейді. Зат есім жекеше және көпше түрде септеледі.

Септік атаулары, сұрақтары және жалғаулары төмендегіше:

А.	Кім? Не?	–
І.	Кімнің? Ненің?	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің
Б.	Кімге? Неге? Қайда?	-а, -е, -қа, -ке, -ға, -ге, -на, -не
Т.	Кімді? Нені?	-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н
Ж.	Кімде? Неде? Қайда?	-да, -де, -та, -те, -нда, -нде
Ш.	Кімнен? Неден?	-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен
К.	Кіммен? Немен?	-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен



Септелудің екі түрі бар: *жай септелу* және *тәуелді септелу*.

Сөздердің тәуелденбей тұрып, түбір күйінде септелуі *жай септелу* деп аталады.

Сөздердің тәуелденіп барып септелуі *тәуелді септелу* деп аталады.

Жай септелу	Тәуелді септелу
А. газет	А. газет- <i>ім</i>
І. газет- <i>тің</i>	І. газет- <i>ім-нің</i>
Б. газет- <i>ке</i>	Б. газет- <i>ім-е</i>
Т. газет- <i>ті</i>	Т. газет- <i>ім-ді</i>
Ж. газет- <i>те</i>	Ж. газет- <i>ім-де</i>
Ш. газет- <i>тен</i>	Ш. газет- <i>ім-нен</i>
К. газет- <i>пен</i>	К. газет- <i>ім-мен</i>

4-тапсырма. Сөздерге тиісті жіктік жалғауларын жалғаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Мен тілші... . Сіз хатшы... . Сен аудармашы... . Ол төраға... . Біз сарапшы.... Сендер кеңесші... . Сіздер көмекші... . Олар білімді... . Мен кәсіпкер... . Сіз құрылысшы... . Сендер ғалым.... . Сіздер саясаткер..... Олар тұтынушы... . Мен дәрігер... . Сен тексеруші... . Мен жазушы... . Сіз кәсіпкер... . Сен сарапшы... . Біз оқытушы... . Сендер сатушы... . Сіздер сарапшы... . Олар тұтынушы... . Мен заңгер... . Сіз суретші... . Сендер тілші... . Сіздер ардагер... . Олар зейнеткер... .

5-тапсырма. Қазақ тіліне аударып, барыс септікті табыңыздар.

- Марат, куда уехал твой отец?
- Мой отец уехал в командировку.
- В райцентр или в город?
- В город Аркалык.
- Когда он уехал в Аркалык?
- Вчера.
- Мы едем в Аркалык. Что передать отцу?
- Передай папе привет. Скажи, что у нас все хорошо.
- Сакену пришло письмо, пусть придет к нам.
- Жанар, ты идешь в театр?
- Нет, я иду на концерт.



6-тапсырма. *Тәуелдік жалғауларды жалғап, сөйлем құраңыз.*

Жазушы, аудармашы, тілші, көмекші, бастық, кітап, қалам, қағаз, жоба, құжат, отан, өтініш, мамандық, куәлік, білім, еңбек-ақы, уақыт.

7-тапсырма. *Әртүрлі септікте тұрған «іссапар» сөзімен бір-неше сөйлем құрастырыңыз.*

Үлгі: Иссапармен Астанаға бара жатырмын.

8-тапсырма. *Мәтінді мазмұндаңыз және орыс тіліне аударыңыз.*

Спичрайтер деген кім?

Ірі компаниялардың басшылары мен саясаткерлердің барлығы сөз сөйлеген кезде экспромтпен сөйлейді деп ойлау – қателік. Көбінесе олардың сөзін арнайы спичрайтерлер (ағылш. speechwriter) жазады. Спичрайтерлер – жоғары мәртебелі адамдар айтатын мәтінді дайындайтындар.

Басшы не саясаткер сәтті қалжың, нақты факт айтса, ол шикі, қызықсыз, көнерген факт айтқандардан ерекшеленіп тұрады. Батыста спичрайтер – PR саласындағы негізгі мамандықтың бірі. Бұл адам мәтіннің мақсатын, тыңдайтын аудитория жайында алдын ала хабардар болып, сөйлеушінің мінезіне, лексикалық қорына назар аударады және тыңдармандарға қажетті әсер қалдыратын мәтін жазады.

Спичрайтер психолог, әртіс, әдебиетші, әрі саясаткер болуы қажет. Бұл мамандықтың иелері ылғи көлеңкеде қалады, себебі танымалдылық олардың қызметіне кері әсер етеді.

Сіз білесіз бе?

- ✓ Ең алғашқы қазақ журналистерінің бірі Мұхамеджан Сералин.
- ✓ Журналистік айғақтама жүргізуге қабілеті бар ең білімді, ең тәжірибелі журналистерді бүгінде аналитиктер (сарапшылар) деп атайды.



16-сабақ

XIX-XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ

Қазақ баспасөзінің алғашқы өнімдері XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» сияқты басылымдар.

Алғашқы газет, журналдардың атауы, жылдары, редакторлары және шыққан қалалары төмендегідей:

1. 1870-1882 жылдар аралығында Ташкент қаласында «Түркістан уалаятының газеті» шыққан. Алғашқы редакторы Шахмардан Мирасұлы Ибрагимов болды.

2. 1888-1902 жылдар аралығында Омбы қаласында «Дала уәлаятының газеті» шыққан. Алғашқы редакторлары Ешмұхамед Абылайханов пен Дінмұхамед Сұлтанғазиндер болды.

3. 1911-1915 жылдар аралығында Троицк қаласында «Айқап» журналы шыққан. Алғашқы редакторы Мұхаметжан Сералин болды.

4. 1913–1918 жылдар аралығында Орынбор қаласында «Қазақ» газеті шыққан. Алғашқы редакторы Ахмет Байтұрсынұлы болды.

5. 1916 жылы Уфа қаласында «Садақ» журналы шыққан. Алғашқы редакторлары Бейімбет Майлин мен Жиенғали Тілепбергенов болды.

6. 1916 жылы Семей қаласында «Алаш» газеті шыққан. Алғашқы редакторлары Көлбай Төгісов пен Мариям Төгісова болды.

7. 1917–1918 жылдар аралығында Ташкент қаласында «Бірлік туы» газеті шыққан. Алғашқы редакторы Мұстафа Шоқай болды.

8. 1918 жылы Семей қаласында «Абай» журналы шыққан. Алғашқы редакторы Жүсіпбек Аймауытов болды.



9. 1919-1932 жылдар аралығында Орынбор, Қызылорда қалаларында «Еңбекші қазақ» газеті шыққан. Алғашқы редакторы Халел Есенбаев болды.

10. 1919 жылы Омбы қаласында «Қазақстан» газеті шыққан. Алғашқы редакторы Елеусін Бұйрин болды.

11. 1926-1929 жылдар аралығында Қызылорда қаласында «Ауыл тілі» газеті шыққан. Алғашқы редакторы Жалау Мыңбаев болды.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

басылым –	издание
өнім –	продукция
алғашқы редакторы –	первый редактор
төмендегі –	здесь: нижеследующее
еңбекші –	трудовой
садақ –	здесь: стрела
бірлік туы –	знамя единства
іс қағаздары –	деловые бумаги
өтініш –	заявление
өмірбаян –	автобиография
мінездеме –	характеристика
негізгі ерекшеліктер –	основные правила
сақтай отырып –	здесь: соблюдать, придерживаться

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Қазақ баспасөзі нешінші ғасырда дүниеге келді?
- 2) Қазақ тілінде шыққан тұңғыш газеттер қалай аталады?
- 3) Шахмардан Мирасұлы Ибрагимов кім болған?
- 4) Ешмұхамед Абылайханов пен Дінмұхамед Сұлтанғазиндер туралы айтып беріңіз?
- 5) Мұхаметжан Сералин кім болған?
- 6) Ахмет Байтұрсынұлы кім болған?



Кәсіби қазақ тілі

7) Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепбергеновтер туралы айтыңыз?

8) Көлбай Төгісов пен Мариям Төгісовалар туралы айтып беріңіз?

9) Мұстафа Шоқай кім болған?

10) Жүсіпбек Аймауытов кім болған?

11) Халел Есенбаев кім болған?

12) Елеусін Бұйрин кім болған?

13) Жалау Мыңбаев кім болған?

 **2-тапсырма.** Командалық жұмыс.

Өзіңіз білетін қазақ тілінде шығатын газет, журналдар қатарын жазып шығыңыз.

 **3-тапсырма.** Командалық жұмыс.

Қайсы газеттен кімнің мақаласын оқығанды ұнатасыз? Ол газеттегі ең сүйікті айдарыңыз қалай аталады?

Газет-журналдардың безендірілуі көңіліңізден шығады ма?

**Шылау. Септеулік шылаулар. Демеулік шылаулар.
Жалғаулық шылаулар. Көмекші есімдер.**

Шылау (*служебные слова*) – сөздер мен сөйлемдерді байланыстыратын және өзі тіркескен сөзге қосымша мағына беретін сөз табы. Түрлері: *септеулік шылау, демеулік шылау, жалғаулық шылау.*



Септеулік шылау (*послелог*) – белгілі бір септікте тұрған сөзбен ғана тіркесіп қолданылады. Сөздерді сабақтастыра байланыстырады. Септеулік шылауларға мыналар жатады: *арқылы* (*через*), *бірге* (*вместе*), *бұрын* (*до, задолго, раньше*), *басқа* (*кроме*), *таман* (*к, в, близ*), *жөнінде*, *жайында*, *туралы* (*о, об*), *сияқты* (*кажется*), *үшін* (*ради, для*), *шейін*, *дейін* (*до*), *қарай* (*к*), *қарсы* (*напротив*), *тарта* (*около*), *астам* (*боле*), *кейін*, *соң* (*после*), *сайын* (*после каждого*), *әрі* (*дальше*), *бері* (*со, с*), *қатар* (*вместе, рядом*) т.б.

Демеулік шылау (*частицы*) – сөздерді байланыстырмайды. Тек өзі тіркескен сөзге қосымша мағына үстейді.

Демеулік шылаулардың төмендегідей түрлері бар:

а) Сұраулық демеулік шылаулар (*вопросительные частицы*): *ма, ме, ба, бе, па, пе, ше* (*ли, то ли*).

ә) Күшейткіш демеулік шылаулар (*усилительные частицы*): *да, де, та, те(и), әсіресе* (*особенно*), *-ақ, -ау, -ай* (*в значении сожаления*).

б) Болжалды (белгісіздік) демеулік шылаулар (*неопределенные частицы*): *-мыс, -міс* (*будто бы*); *кейде* (*иногда*); *-ау* (*же*).

в) Болымсыздық демеулік шылаулар (*отрицательные частицы*): *түгіл, тұрсын, тұрмақ* (*не только*).

г) Шектік демеулік шылаулар (*ограничительные частицы*): *тек, тек қана, қана, гана, кейде* (*только*); *кейде-ақ* (*только иногда*).

Жалғаулық шылау (*союзы*) – сөздер мен сөйлемдерді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулық шылау беске бөлінеді:

а) Ыңғайластық жалғаулық шылаулар (*соединительные союзы*): *және, мен, (бен, пен) да, (де, та, те) (и); әрі (еще); сонан соң (потом, после)*.

ә) Қарсылықты жалғаулық шылаулар (*противительные союзы*): *ал (а); бірақ (но); сонда да, сөйтсе де, әйтсе де (хотя, все-таки); дегенмен, алайда, онда да, әйткенмен, (однако же, все-таки, зато); әйтпегенде, әйтпесе, болмаса (или же)*.



б) Себеп-салдар жалғаулық шылаулар (*причинно-следственные союзы*): *өйткені, себебі (потому что); сондықтан, сол себепті, сол үшін (поэтому)*.

в) Талғаулықты жалғаулық шылаулар (*разделительные союзы*): *әлде (или); кейде, біресе, бірде (то, иногда); не, немесе, я, яки (или); (не) болмаса (или же)*.

г) Шартты жалғаулық шылаулар (*условные союзы*): *егер, егер де, онда (если, тогда)*.

Көмекші есімдер (*служебные имена*). Көмекші есімдер *Ілік септікте* тұрған сөздермен тіркесіп қолданылады. (*Употребляются в сочетании со знаменательными словами в Ілік септік*).

Көмекші есімдер – негізгі сөздерге теліне жұмсалып, олардың кеңістікке (мекенге), уақытқа (мезгілге) қатысын толықтырып, нақтылап тұратын сөздер.

Көмекші есімдерге *алды (перед), арты (сзади), асты (низ), үсті (верх), жаны (бок), бойы (вдоль), сырты (снаружи), қасы, тұсы (около, у), басы (начало), маңы (окрестность, около), түбі (рядом, возле, дно), арқасы (благодаря), арасы (между, промежутки), ортасы (середина, между), іші (в, внутрь), беті (лицо, поверхность)* сияқты толық лексикалық мағынасы жоқ сөздер жатады.

Мысалы: *өзеннің бойы, ауылдың сырты, қаланың маңы, құдықтың түбі, жолдың үсті, айдың ортасы, жылдың басы, аптаның аяғы* т.б. Көмекші есімдер сөйлемнің дербес мүшесі болып жұмсалмайды. Негізгі сөздермен тіркесіп барып, тәуелдік жалғауында тұрып, сөйлемнің бір мүшесі болады. Мысалы: *Ауылдың жаны терең сай* (Абай). Мұндағы *ауылдың жаны* – бастауыш.

4-тапсырма. *Септеулік шылауды табыңыз, орыс тіліне аударыңыз.*

1. Әжем ауылдан мен үшін келді.
2. Бұл көлік үйге таман келіп тоқтады.
3. Біз ауылға дейін автобуспен барамыз.



4. Жиналыс сағат үшке таман басталды.
5. Қысқа қарай күн суытады.
6. Марат ғылым туралы айтты.

5-тапсырма. *Көмекші есімдерді табыңыз, орыс тіліне аударыңыз.*

1. Көлдің ортасында арал бар.
2. Көлдің жағалауы құм.
3. Бұлақтың басы тұнық.
4. Біздің үй театрдың қасында.
5. Үйдің сырты көк бояумен боялған.
6. Саябақтың іші салқын.
7. Ауыл мен қаланың арасы алыс емес.

6-тапсырма. *Көп нүктенің орнына қажетті шылауларды қойыңыз.*

Кезінде депутаттар «БАҚ» заңды қабылдағанда асығыс шешім қабылдап жіберіпті..... . Алғаш журналистер күні тамыздың 28-не сәйкес келген, қазір белгілі күн бекітілмегендіктен, осылайша аптаның әр күніне көшіп жүрміз. Төртінші билік өкілдерінің 365 күннің белгілі бір күнін өз мерекесі деп сезіне алмауы, әрине, өкінішті. Бұл жайтты депутаттармен кездесу кезінде сан мәрте айттық. Атаулы бір күннің журналистер мерекесі болуын өтініп, ұсыныстар айтылды. бұл мәселе әлі шешімін таппан жоқ.

..... 3 мамыр 28 тамыз «Журналистер күні» болуға лайық. соңғы жылдары көптеген әлем елдері 3 мамыр – Дүниежүзілік сөз бостандығын қорғау күнін журналистер мерекесі ретінде белгілеп, тойлап жүр.

Қажетті септеуліктер:

дегенмен, себебі, туралы, бірақ, немесе, де, да, ғой, алайда.

7-тапсырма. *Көп нүктенің орнына керекті жалғаулық шылауларды қойып, орыс тіліне аударыңыз.*

Алматы ... Астана, Алмас ... Әсел, алмұрт ... алма, қарға ... түлкі, қасқыр ... қоян, тау ... көл, ай ... күн, қыз ... бала.



8-тапсырма. Мәтіндегі шылау сөздердің түрлерін ажыратыңыз және мазмұндаңыз.

Диктордың жұмысы жүргізушіге қарағанда қиынырақ. Себебі диктор өз жанынан ештеңені қоспай, журналистің қолынан шыққан дайын мәтінді оқиды. Сондықтан да оның есте сақтау қабілеті жоғары болуы тиіс. Біздің кезімізде қазіргідей суфлер болған жоқ, қағаздан оқыдық. Ол кезде цензура қатты болды, бір сөзді ауыстыруға болмайтын. Кей кезде тіл маманы болғандықтан мәтіндегі кейбір сөз тіркесі немесе сөйлемнің дұрыс құрылмағанын іштей сезіп отырарсың, бірақ соның өзін көрерменге интонация арқылы түсінікті етіп жеткізу диктордың міндеті. Дикторлық пен жүргізушіліктің арасы – жер мен көктей. Олай дейтінім, олар дикторлар секілді дайын мәтінді оқумен шектелмейді, кез келген мәтінді жеткізу барысында өз жандарынан импровизация жасай алады. Қазіргі жүргізушілерді «бақытты жандар» деп есептеймін. Барлығы өз қолдарында, қандай сөз тіркесін қолданса да, қалай айтса да ерік өздерінде, «суфлер» деген көмекшілері бар, көз алдарындағы экранға шыққан мәтінді оқиды. Соның өзінде сол дайын мәтінді кейбіреулері дұрыс жеткізе білмейді, бір сарында оқиды. Мәтіндегі екпін, буын, қаратпа сөйлем, одағай немесе сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне қойылатын тыныс белгілерді ескермейді, қажет тұста дауыс ырғағымен құбылту деген жетіспейді және де бет-әлпеттерінде ешқандай мән-мағына жоқ. Теледидар технологиясының жаңа талаптары бойынша қазір мәтінді жүргізушілер оқи бастады. Бәлкім, заман ағымына орай бұл да қажет шығар, бірақ көгілдір экрандағы көп сауатсыздықтар осыдан басталғандай болып көрінеді маған.

(Арай Сахариева).



17-сабақ

«ТҮРКІСТАН УАЛАЯТЫ ГАЗЕТІ»

Ташкент қаласында «Түркістан уалаяты газеті» шыққан. Газеттің редакторы – орыс және шығыс тілдерінде еркін сөйлеген, генерал-губернатордың тілмашы болған, ізгі ниетті Шахмардан Мирасұлы Ибрагимов болды.

1870 жылдың 28 сәуірінен бастап, орыс тілінде шығатын «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына төрт рет (екі саны өзбекше, екі саны қазақша) шығарыла бастады. Газет 1870-1882 жылдар аралығында шығып тұрды.

«Түркістан уалаяты газетінің» ресми және ресми емес деп аталған басты екі бөлімі болды. Ресми бөлімде патша өкіметінің бұйрық-жарлықтары жарияланып, үкімдері түсіндірілді. Ресми емес бөлімде – қазақ тарихына, экономика жағдайына, салт-санаға, ауыз әдебиетіне қатысты мақалалар, естеліктер, хабарлар беріліп тұрған. Онда егіншілік, мал шаруашылығы, сауда, ішкі-сыртқы жағдайлар, әдебиет, мәдениет, білім, ғылым, өнер, және әйел теңдігі мәселелері қаралды. Тұңғыш газет өз оқырмандарына Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты көрнекті қайраткерлермен алғаш рет танысуларына мүмкіндік жасады.

Газет «Ғылым хабары» деген айдармен ғылым мен техника жаңалықтарын үзбей хабарлап тұрды. Түркістан өлкесі таулы аймақтарда (Алматы, Ташкент, Түркістан) жер сілкінгенін де жазған. Газетте қар мен жаңбырдың пайда болу сыры, аспан әлемі планеталары туралы түсініктер, ғылыми болжамдар жарияланды. Әлемдік даңқты саяхатшы Магеланның жердің шар тәрізді екенін дәлелдегені туралы ғылыми еңбегін қазақшаға аударып басты.

Газет, негізінен, ресми түрде патша үкіметінің отарлау саясатын жариялайтын басылым болды.



шығыс тілдерінде еркін сөйлеген –	здесь: владеющие восточными языками
тілмаш –	здесь: переводчик
қосымша ретінде –	в виде приложения
ресми –	официальный
ресми емес –	неофициальный
патша өкіметі –	царская власть
экономика жағдайына –	здесь: состояние экономики
салт-санаға –	здесь: традициям и общепринятым нормам
ауыз әдебиеті –	устная литература
естелік –	воспоминание
егіншілік –	земледелие
мал шаруашылығы –	скотоводство
сауда –	торговля
ішкі-сыртқы жағдайлар –	внутренние и внешние
әйел теңдігі мәселелері қаралды –	поднимались вопросы равноправия женщин
оқырман –	читатель
мүмкіндік –	возможность
айдар –	рубрика
өлке –	край
таулы аймақ –	горные регионы
жер сілкіну –	землетрясение
үзбей хабарлап тұрды –	систематически оповещали
қар мен жаңбырдың пайда болу сыры –	тайны образования снега и дождя
аспан әлемі –	вселенная
аспан әлемі планеталары туралы түсініктер –	понятия о планетах вселенной
ғылыми болжамдар –	научные прогнозы



1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) «Түркістан уалаяты» газеті қашаннан бастап және нешінші жылдар аралығында шығып тұрды?
- 2) Газеттің ресми бөлімі туралы айтып беріңіз?
- 3) Газеттің ресми емес бөлімі туралы айтып беріңіз?
- 4) Газет оқырмандарына кімдердің еңбектерін таныстырып отырды?
- 5) Газеттің «Ғылым хабары» деген айдарында қандай хабарлар жарияланып тұрды?

2-тапсырма. Сұхбат мазмұны бойынша қажетті сөздерді (сұрақтарды) толтырыңыз және жалғастырыңыз. Мәтінге ат қойыңыз.

Тілші: – Сәлем, Айша. Менің сұхбат алғанымға қарсы емессің бе?

Айша: – Әрине, қарсы емеспін. Мен сенің сұрақтарына қуана жауап беремін.

Тілші: – Онда бірінші сұрағым.

Айша: – Тараз қаласынанмын.

Тілші: – Сіз

Айша: – Иә, тұрмыстамын. Екі балам бар.

Тілші: – Кешір, ал

Айша: – Иә, менің ағам, сіндім бар.

Тілші: –

Айша: – Олар әлі кішкентай. Саябаққа барғанды ұнатады.

Тілші: –

Айша: – Иә, олар Таразда тұрады. Әкем де, шешем де зейнеткер.

 **3-тапсырма.** Командалық жұмыс.

1) Телеарна тілшісі, халықаралық шолушы, үкімет басшысы және еліміздің білікті экономист мамандары бас қосқан «Келесі жылы Қазақстан экономикасы қалай дамиды?» атты тақырыпта өтетін дөңгелек үстелде болжамдар жасап, пікір таластырыңыз.



Етістіктердің шақтары. (Времена глагола)

Етістіктің шақтары – іс-қимылдың уақытын білдіретін етістіктің тұлғасы. Етістіктердің шақтары үшке бөлінеді. Олар: *осы шақ, келер шақ, өткен шақ.*

Осы шақ – сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді.

Осы шақ		
Нақ осы шақ (собственно-настоящее время)		Ауыспалы осы шақ (настоящее переходное время)
Дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді.		Күнделікті дағдылы болып жатқан іс-қимылды білдіреді.
Жалаң н.о.ш. <i>жатыр, отыр, жүр, тұр</i> етістіктерінің жіктелуі арқылы	Күрделі н.о.ш. (-а, -е, -й, -ып, -іп, -п) (<i>жатыр, отыр, жүр, тұр</i>) + жіктік жалғауы	етістік + (-а, -е, -й) + жіктік жалғауы
<i>жатырмын, отырсың, тұрсыз</i>	<i>бар-а жатырмын, кел-іп отырсың.</i>	<i>Күнде сабаққа бар-а-мын.</i>

Өткен шақ			
Жедел ө.ш. (недавно пр.время)	Бұрынғы ө.ш. (давно пр.время)		Ауыспалы ө.ш. (переходное пр.время)
етістік + (-ды, -ді, -ты, -ті) + жіктік жалғауы	етістік + (-ып, -іп, -п) + жіктік жалғауы	етістік + (-ған, -ген, -қан, -кен,) + жіктік жалғауы	етістік + (-атын, -етін, -йтын, -йтін) + жіктік жалғауы
<i>Мен мақта + ды + м.</i>	<i>Мен мақта + п – пын.</i>	<i>Мен мақта + ған – мын.</i>	<i>Мен мақта + йтын – мын.</i>



Келер шақ		
<i>Болжалды келер шақ</i> (будущее предположительное время)	<i>Мақсатты келер шақ</i> (неопределенное будущее время)	<i>Ауыспалы келер шақ</i> (переходное будущее время)
Іс-қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, болжай ғана білдіреді.	Іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.	Алдағы уақытта болатын іс-қимылды білдіреді.
Етістік + (-ар, -ер, -р) + жіктік жалғауы	етістік + (-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек) + жіктік жалғауы	етістік + (-а, -е, -й) + жіктік жалғауы
<i>Ертең сабаққа бар-ар-мын.</i>	<i>Ертең сабаққа бар-мақ-шымын.</i>	<i>Ертең сабаққа бар-а-мын.</i>

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына шақтық етістіктің тиістісін қойыңыз.

1. Мен кітап
 2. Ол теледидар
 3. Ербол
 4. Әлем бейбітшілікке қол
 5. Жансая үй
 6. Аяулым
- Керекті сөздер: алу, көру, айту, созу, жинау, оқу.

5-тапсырма. Сөйлемдердегі етістіктерді мақсатты келер шаққа айналдырыңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Мен мақала жаздым. Ол газет сатып әкелді. Редактор іссапардан келді. Теледидардан кино көріп отырмыз. Үлгіні көрмеге қояды. Біз театрға барамыз. Сен телефон шаласың. Биылғы қыс жылы болды.



6-тапсырма. *Сөйлемдердегі етістіктерді жедел өткен шаққа айналдырыңыз.*


Ол шұжық, қазы жеген. Дина Нұрпейісова атақты күйші болған. Жентке май қосылған. Әсет жезтаңдай әнші болыпты. Ақбала оны көпке дейін ұмытпаған. Ол бәйге мен көкпарды көріпті. Меруерт наурыз мерекесінде би билепті. Қасым аға Ұлы Отан соғысы туралы әңгіме айтатын. Ол соғыста партизан отрядында болыпты. Ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атанған. Оны халқы сыйлайтын. Қасым аға жылда 28 панфиловшылар паркіне баратын. Ескерткішке гүл шоғын қоятын.

7-тапсырма. *Қазақ тіліне аударып, етістіктің қай шақта тұрғанын анықтаңыз.*

Я знаю много о казахской культуре. Я нигде не был, кроме Казахстана. Я узнала о Казахстане от моего друга. Я изучал казахский язык. Я был в Казахстане. Салтанат уехала в Алматы. Он прочитал много книг.

8-тапсырма. *Сөздерді болымсыз түрге айналдырып, сөйлем құрастырыңыз.*

Оқыды, барды, келді, кетті, сөйледі, жазды, айтты, тексерді, жинады, қарады, санады, бояды, жүзді, жапты, тепті, есептеді, сатты, турады, секірді, күлді, ұйықтады, жеді.

 **9-тапсырма.** *Қазақ тілінде шығатын газеттердің бірінен жуырда болған келіссөз туралы мақаланы тауып, сол бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.*

- 1) Келіссөз қайсы мемлекеттер арасында және қашан өтті?
- 2) Келіссөз барысында қандай мәселелер талқыланды (қаралды)?
- 3) Келіссөз қалай өтті?
- 4) Делегация мүшелері не істеу қажет деп көрсетті?
- 5) Екі жақ қандай келісімге қол жеткізді?
- 6) Қазақстан үкіметі делегациясының басшысы кім болды?
- 7) Шетел делегациясын кім басқарып келді?



10-тапсырма. Өлеңді жаттап алыңыз.

Төрт ана
Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.
Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны,
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және ТУҒАН ТАРИХЫ,
Еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да.
Құдірет жоқ төрт анаға тең келер,
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.
Өзге ананың ұлылығын танымас,
Төрт анасын менсінбеген пенделер.
Төрт анадан сенім таба алмаған
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!

(Мұхтар Шаханов).



18-сабақ

АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТ ҚЫЗДАРЫ

1. Құлжанова Нәзипа
(1887–1933)

Құлжанова Нәзипа – алғашқы қазақ әйел журналистерінің бірі, дарынды аудармашы, ұстаз. Ол 1887 жылы Торғай қаласында дүниеге келіп, сол қалада қазақ-орыс мектебінде оқыды. Оқуын Торғайдағы әйелдер гимназиясында жалғастырды (сол кездегі Қазақ жеріндегі жалғыз әйелдерге арналған жоғарғы оқу орны), кейінірек көмекші мұғалім ретінде қызмет етті.



Құлжанова – алғашқы абайтанушылардың бірі. Ол – 1914 жылы 26 қаңтарда Семей қаласында Абай Құнанбаевтың қайтқанына 10 жыл толуына орай ұлы ақынды еске түсіру кешін ұйымдастырды. Кеште ақын өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндаманы Нәзипаның өзі жасап, одан кейін Абай өлеңдері оқылады. Бұл кеш туралы «Айқап» журналында жазылды.

1923 жылы журналистика мен әдеби-аудармашылыққа бет бұрады. Нәзипа екі тілде бірдей жүйріктігімен де көзге түсті. Орыс және Еуропа әдебиетінің кейбірін қазақ тіліне аударды. Сонымен қатар Абай, Ыбырай, Ғабиттердің шығармаларын тұңғыш рет орыс тіліне аударған да Нәзипа болатын. Нәзипа «Бірінші Шығыс әйелдері съезінің» ұйымдастырушылары қатарында болды. Ол едәуір ғылыми шығармашылық мұралар, мақалалар, кітаптар мен аудармалар қалдырды. Нәзипа Құлжанова 1933 жылы 21 тамызда Алматы қаласында дүниеден өтті.



Ләзиза Мешітбайқызы Серғазина

(1908-1982)

Ләзиза Серғазина – қазіргі Павлодар облысында туған. Қазақ әйелдері арасында алғашқы болып журналистік білім алды. Ләзиза қаламы қуатты қазақ қыздарының бірі болды. Журналист Серғазина әрі аудармашы, ақын, қоғам қайраткері ретінде де белгілі.

Ләзиза Серғазина оқырманға өткен ғасырдың 1930 жылдары танылды. Сол кездегі «Әйел теңдігі», «Балға-Молот» «Сталин жолы» кейіннен «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан әйелдері» журналдарында еңбек етті. Әсіресе, әйел теңдігі, олардың қоғамдағы белсенділігі жайында өткір мәселелерді көтерді. Ол «Қасиетті махаббат» поэмасын, көптеген өлеңдер жазды. В.Лацистің «Дауыл», А.Гайдардың «Мектеп» шығармаларын қазақ тіліне аударып, әдебиетке өз үлесін қосты.

Журналист Ләзизаның қолжазбалары, күнделіктері, жеке заттары, фотосуреттері мен соғыс жылдарында қазақстандық сарбаздарға жазған әскери хаттары мұражайда сақтаулы.

Ләзиза Мешітбайқызы болашақ жас журналистердің де бағдаршамы болмақ.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

қаламы қарымды (жүйрік, қуатты) –	очень способный, талантливый журналист, умело владеющий писательским мастерством
қазақ әйелдері арасында алғашқы болып –	одна из первых среди казахских женщин
әйел теңдігі –	равноправие женщин
белсенділігі жайында өткір мәселелерді көтерді –	выдвигал актуальные вопросы по активности
әдебиетке көп үлес қосты –	внесла большой вклад
сарбаздарға жазған әскери хаттары –	(военные) армейские письма фронтовикам(бойцам)



мұражайда сақтаулы –	хранятся в музее
бағдаршамы болмақ –	здесь: быть маяком
акын, қоғам қайраткері –	поэт, общественный деятель
өмірлік жары –	супруг на всю жизнь
дарынды аудармашы –	талантливый переводчик
еске түсіру кеші –	вечер воспоминаний
ғылыми шығармашылық мұралар –	научные творческие наследия
негізін салушы –	основатель
дәлел –	здесь: подтверждение тому
Бірінші Шығыс әйелдері съезі –	Первый съезд женщин Востока
ұйымдастырушылары қатарында болды –	была одной из организаторов

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Құлжанова Нәзіпа кім болған?
- 2) Ол қайда оқыды?
- 3) Нәзіпа кімдердің шығармаларын аударды?
- 4) Ол абайтанушы ретінде қандай істер бітірді?
- 5) Ләзиза Серғазина кім болған?
- 6) Ләзиза Серғазина қандай журналдарда еңбек еткен?
- 7) Ләзиза Серғазина оқырманға нешінші жылдан бастап танылды?
- 8) Ләзиза Серғазина қандай журналдарда қызмет етті?
- 9) Ол қоғамдағы қандай мәселелерді көтерді?
- 10) Оның мұражайда қандай заттары сақталып тұр?
- 11) Ол кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударған?

2-тапсырма. Орыс тіліне аударыңыз және пікір білдіріңіз.

Бір ақылды, елге сыйлы патша өзін сыйлайтын азаматтарға: «Бүгін түнде мына тұрған үлкен ыдысты таңға дейін сүтпен толтырып қойыңдар, таңертең ерте алып кетеді», – дейді. Патша таңертең ыдысты қараса, тап-таза су екен. Оның себебі, әр адам: «Мен су құя салайын, басқалардың бәрі сүт құяды, ешкім білмес», – деп ойлапты.



Сол сияқты біздің әрқайсымыз: «Сол елден, мен туған жерден көп азаматтар шықты ғой, солар барып жұмыс жасайды, жақсылық істейді» деп ойласақ, сүтке емес, суға толған ыдыстай болуымыз әбден мүмкін.

3-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.*

Аксессуары деловой женщины

Необходимо помнить, что деловой стиль – это всегда сдержанность и строгость, но в то же время – изящество. Тщательно и гармонично подобранные стильные аксессуары, такие как сумочка, часы, мобильный телефон, ручка, визитница, органайзер – влияют на имидж деловой женщины, выгодно дополняют его, подчеркивая неповторимость и уникальность.

 **4-тапсырма.** *Командалық жұмыс. Пікір білдіріңіз.*

1. Қазақстандық қандай бұрынғы қоғамдық-саяси қайраткерлер туралы білесіз? Оларды атап беріңіз.

2. Қазақстандық қазіргі қандай қоғамдық-саяси қайраткерлер туралы білесіз? Оларды атап беріңіз.

Осы шақ (*Настоящее время*)

Осы шақ – іс-әрекет пен қимылдың сөйлеп тұрған сәтте орындалып жатқанын білдіреді. *Осы шақ* мағынасына қарай екі түрлі болады: *нақ осы шақ* және *ауыспалы осы шақ*.

1. *Нақ осы шақ (собственно-настоящее время)* – іс-әрекет пен қимылдың сөйлеп тұрған нақ сәтінде болуын білдіреді.

Нақ осы шақтың өзі екі түрге жіктеледі: *жалаң нақ осы шақ* және *күрделі нақ осы шақ*.

а) *жалаң нақ осы шақ (простая форма)* – *отыр (сидит), тұр (стоит), жатыр (лежит), жүр (ходит)* етістіктерінен тұрады да, олар жекеше, көпше түрде жіктеледі.

Жақ	Жекеше	Көпше
I.	Мен отырмын. Я сижу.	Біз отырмыз. Мы сидим.



II.	Сен отырсың. Ты сидишь. Сіз отырсыз. Вы сидите.	Сендер отырсыңдар. Вы сидите. Сіздер отырсыздар. Вы сидите.
III	Ол отыр. Он(а) сидит.	Олар отыр. Они сидят.

ә) күрделі нақ осы шақ (сложная форма) – *-ып, -іп, -п* жұрнақтары негізгі етістіктерге жалғанып, *отыр, жатыр, тұр, жүр* көмекші етістерінің тіркесуі арқылы жасалады.

Мысалы: *Ойланып отыр, оқып отыр, сөйлеп тұр.*

Назар аударыңыз!

Глаголы *бар, кел, апар, әкел* с суффиксами деепричастия *-а/е* сочетаются с вспомогательным глаголом *жатыр*.

Жақ	Жекеше	Көпше
I.	Мен бар+а жатыр+мын. Я иду (туда).	Біз бар+а жатыр+мыз. Мы идем.
II.	Сен бар+а жатыр+сың. Ты идешь (туда). Сіз бар+а жатыр+сыз. Вы идете (туда).	Сендер бар+а жатыр+сыңдар. Вы идете. Сіздер бар+а жатыр+сыздар. Вы идете.
III.	Ол бар+а жатыр. Он идет (туда).	Олар бар+а жатыр. Они идут.

2. Ауыспалы осы шақ (настоящее переходное время) – көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнақтары жалғану арқылы жасалып, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған кезде болатынын әрі ұласпалылық сипатын танытады. Мысалы: *Адам сөйле+й+ді (человек разговаривает), құс ұш+а+ды (птица летает), су ағ+а+ды (вода бежит), от жан+а+ды (огонь горит).*



Жақ	Жекеше
I.	Мен университетте оқимын [оқы+й+мын]
II.	Сен университетте оқисың [оқы+й+сың] Сіз университетте оқисыз [оқы+й+сыз]
III.	Ол университетте оқиды [оқы+й+ды]

Жақ	Көпше
I.	Біз университетте оқимыз [оқы+й+мыз].
II.	Сендер университетте оқисыңдар [оқы+й+сыңдар] Сіздер университетте оқисыздар [оқы+й+сыздар]
III.	Олар университетте оқиды [оқы+й+ды]

Назар аударыңыз!

Если основа окончивается на *-ы*, при добавлении суффикса *-й* в сочетании они дают *-и*. М: *оқиды (оқы+й+ды) – он (она) учится; тоқимын (тоқы+й+мын) – я вяжу.*

5-тапсырма. Жалаң нақ осы шаққа айналдырыңыз және орыс тіліне аударыңыз.

- Мен отыр..., тұр... жүр...
- Сен отыр..., тұр..., жүр...
- Сіз отыр..., тұр..., жүр...
- Ол отыр..., тұр..., жүр...
- Біз отыр..., тұр... жүр...
- Сендер отыр..., тұр..., жүр...
- Сіздер отыр..., тұр..., жүр...
- Олар отыр..., тұр..., жүр...

6-тапсырма. Мына сөйлемдерді болымсыз түрге айналдырыңыз.

- 1) Әмбебап журналистер көп.
- 2) Халықтың пікірі әртүрлі.
- 3) Интернет журналистика дамиды.
- 4) Ақпарат әлемдік болу керек.
- 5) Газеттерде маркетингтік қызмет болуы керек.



6) Басқа мамандықты меңгерген мамандар да журналист бола алады.

7) Қазақ журналистикасының қазіргі даму деңгейі өте жоғары деп айтуға болады.

7-тапсырма. Мына етістіктерге ауыспалы осы шақтың журналын қосыңыз және оларды болымсыз түріне айналдырыңыз.

Үлгі: орнату – орнатамын – орнатпаймын.

Жазу, аудару, басу, оқу, айту, бару, жүгіру, достасу, тілдесу, көшіру, есептеу, дайындау, қосу, үйрету, сақтау, күту.

8-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз. Мәтінді оқып, етістіктің шақтарын анықтаңыз.

Танцор танцует. Студенты выполняют задание. Мальчик идет в магазин. Дедушка идет из поликлиники. Депутаты принимают новый закон. Я помогаю маме. Мы живем в Казахстане. Я узнала вас. Дома на стене висит картина. Издательство «Аруна» сегодня работает.

9-тапсырма. Сөйлемдерді төмендегі үлгі бойынша жазып шығыңыз. Үлгі:

Әсет телефон арқылы сұхбат алып отыр.

Әсет телефон арқылы сұхбат алады.

Әсет телефон арқылы сұхбат алмақ.

Әсет телефон арқылы сұхбат алар.

Әсет телефон арқылы сұхбат алған.

Әсет телефон арқылы сұхбат алыпты.

Әсет телефон арқылы сұхбат алатын.

1) Айжан мақала жазып отыр.

2) Журналистер төл мерекелерін тойлап жатыр.

3) Редактор газеттің мерекелік нөмірін тексеріп отыр.

4) Хат тасушы хат-хабарларды тасып жүр.

5) Оператор микрофонды тексеріп жатыр.

6) Интернеттің көмегімен машина сатып алып отыр.



- 7) Электронды пошта арқылы жолдасына хат жіберіп отыр.
- 8) Университетте «Алтын күз» мерекесі тойланып жатыр.

10-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.*

Әкелері жайында балалары не ойлайды?

6-жасында: – Менің әкем бәрін біледі!

20 жасында: – Менің әкем біраз нәрсе біледі.

30 жасында: – Әкем соншалықты көп нәрсе біле қоймайды.

40 жасында: – Мен де әкемдей білемін.

50 жасында: – Әкем біраз нәрсе біледі.

60 жасында: – Менің әкем бәрін біледі.

70 жасында: – Әттең, әкем өмірде болса, әкеммен ақылдассам ғой!



19-сабақ

ЖУРНАЛИСТІК ЭТИКА

«Этика» – грек тілінен енген термин сөз. Мағынасы – салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым, үрдіс. Этика ғылым ретінде әдептілік, адамгершілік, ізгілік, сыпайылық мәселелерін қарастырады.

Журналистік этика тұрғысынан объектілерді зерттеуде дерек, мәлімет жинаудың екі түрі бар: ашық және жасырын түрде зерттеу.

Журналистің кәсіби ерекшелігі оған көптеген әлеуметтік жауапкершілікті жүктейді. Этика – адамгершілік келбетті айқын-дайтын тәртіпті талап етеді. Ол журналистің мінез-құлқы мен сана-сезім ерекшеліктерімен, қоғамдағы ережелерді, заңдарды, талаптарды орындау өзгешелігімен, сондай-ақ қоғам пікірімен айқындалады. Журналистік этика журналистік мамандықты игерген әрбір азаматқа өзіндік кәсіби талап-тілектерді қояды.

Журналистік этика ұғымының екі мағынасы бар:

Журналистік этика тар мағынасында – журналистің адамгершілігі, ізеттігі, инабаттылығы т.б. қасиеттерімен айқындалады.

Журналистік этика кең мағынада – журналистің шыншылдық және объективтілік принциптеріне тікелей байланысты. Журналистік этика нормаларын сақтау – шындық фактілерді жазу, ақиқат өмір құбылысын бейнелеу, өтірікке, дәлелсіз өсекке, жала жабуға шындық фактілерді бұрмалап жазуға жол бермеу деп саналады.

Журналист кәсіби моральдық, этикалық принциптерді сақтауға тиіс. Ол принциптер журналистің халықшылдығымен, бұқарашылдығымен, шыншылдығымен, объективтілігімен анықталады. Журналистің жеке басының этикасы оның жалпы кәсіптік принциптерінен туындайды.



Журналист – халық мүддесінің жанашыры. Олар қоғамдық ортада ерекше ілтипат пен зор құрметке қашанда лайық. Публицистің абырой-атағын жоғары ұстау, оған кір келтірмеу әрбір журналистің кәсіби парызы және этикалық нормасы болуы тиіс.

Журналист – сөзімен де, өзімен де өзгеге үлгі. Оның ғылыми-теориялық білімі терең, батыл да принципшіл, кішіпейіл әрі ашық мінезді адам болуы міндетті. Сонымен қатар оған жазу мәдениетін толық игерген жоғары сауаттылық пен дарындылық та өте қажет. Осы қасиеттер арқылы белгілі бір журналистің қоғамдық-саяси ахуалға деген ұстанымы мен көзқарасы, моральдық-этикалық деңгейі анықталады.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

журналистің кәсіби ерекшелігі –	профессиональная особенность журналиста
көптеген әлеуметтік жауапкершілікті жүктейді –	возлагает множество социальной ответственности
моральді тәртіпті талап ететін –	требующий моральную дисциплину
адамгершілік келбетті айқындайтын –	определяющий нравственный облик
сана-сезім ерекшеліктерімен –	особенностями сознательности
қоғамдағы ережелер –	общественные нормы
қоғам пікірімен айқындалады –	определяется общественным мнением
игерген –	овладевший
өзіндік кәсіби талап-тілектер –	особые профессиональные требования
тар мағынасында –	на узком смысле
кең мағынада –	на широком смысле
ізеттілік –	благовоспитанность; учтивость
шыншылдық принциптеріне тікелей байланысты –	непосредственно зависит от принципа правдивостью



Кәсіби қазақ тілі

журналистік этика нормаларын сақтау –	соблюдение норм журналистической этики
шындық фактілерді жазу –	писать правдивые факты
ақиқат өмір құбылысын бейнелеу –	изображать истинные жизненные явления
өтірік –	ложь
дәлелсіз өсек –	неаргументированная сплетня
бұрмалау –	здесь: исказить; извращать; фальсифицировать
жала жабу –	клеветать
шындық фактілерді бұрмалау –	исказить правдивые, объективные факты
жол бермеу –	не допускать
халықтық –	народность
бұқаралық –	массивность
журналистің жеке басының этикасы –	личная этика журналиста
жалпы принципін туындайды –	вытекает из общих принципов
зерттеу объектісі –	объект исследования
жол-жоралғы –	обычай (напр., подношение подарков)
инабаттылық –	почтительность
сыпайылық –	вежливость
халық мүддесінің жанашыры –	защитник интересов народа
қоғамдық ортада –	в общественной среде
зор құрметке қашанда лайық –	всегда достоин большому уважению
публицистің абырой-атағын жоғары ұстау –	высоко держать честь и славу публициста
кір келтірмеу –	не запятнать



сөзімен де, өзімен де өзгеге үлгі –	и словами, и личным примером быть примером другим
кәсіби парызы, этикалық нормасы болуы тиіс –	должна быть профессиональная этическая норма
өзгеге үлгі боларлықтай –	быть примером для других
кішіпейіл –	скромный
ашық мінезді –	с открытым характером
жазу мәдениетін толық игерген –	в совершенстве обладающий творческую культуру
осы қасиеттер арқылы –	с помощью этих качеств
белгілі бір –	определенный
қоғамдық-саяси ахуалға деген ұстанымы мен көзқарасы –	– принципы и позиция по отношению к общественно-политическому климату
моральдық-этикалық деңгейі анықталады –	определяется морально-этический уровень
ерекше ілтипат –	особенная любезность
зор құрметке қашанда лайық –	всегда достойно огромного уважения
абырой-атағын жоғары ұстау –	высоко держать честь и славу

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Журналистің кәсіби ерекшелігі оған нені жүктейді?
- 2) Этика қалай айқындалады?
- 3) Журналистік этика тар мағынасында қалай айқындалады?
- 4) Журналистік этика кең мағынасында қалай делінген?
- 5) «Этика» сөзінің мағынасы не екенін айтып беріңіз және зерттеу объектісінің қазақша баламаларын айтыңыз.
- 6) Этика тұрғысынан объектілерді зерттеуде факт, мәлімет жинаудың қандай түрлері бар?
- 7) Журналистің кәсіби моральдық, этикалық принциптері деген қалай талданады?
- 8) Журналист қоғамдық ортада неге лайық?



 **2-тапсырма.** Пікір білдіріңіз.

1. Журналист бүркеншік немесе анонимді атымен, және өзінің атымен жұмыс істей алады.

Болашақта бүркеншек атпен жұмыс істеуге қалай қарайсыз?

2. Қазақстандық журналистің этикалық кодексінде: «Журналист құпия ақпаратты өзінің кәсіби қызметінде жеке мүддесі немесе басқа адамдардың мүддесі үшін пайдаланбайды» – деп жазылған.

Журналист өз мүддесі үшін құпия ақпаратты пайдаланған болса, сіз қалай қабылдар едіңіз?

3-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, мәтінді қазақ тіліне аударыңыз және мәтінге тақырып қойыңыз.

Давным-давно в старинном городе жил Мастер, окруженный учениками. Самый способный из них однажды задумался: «А есть ли вопрос, на который наш Мастер не смог бы дать ответа?» Он пошёл на цветущий луг, поймал самую красивую бабочку и спрятал её между ладонями. Бабочка цеплялась лапками за его руки, и ученику было щекотно. Улыбаясь, он подошёл к Мастеру и спросил: «Скажите, какая бабочка у меня в руках: живая или мертвая?» Он крепко держал бабочку в сомкнутых ладонях и был готов в любое мгновение сжать их ради своей истины. Не глядя на руки своего ученика, Мастер ответил: «Всё в твоих руках».

Жизненный профессиональный уровень сегодня в ваших руках. Самое главное это правильно его определить.

**Өткен шақ.***(Прошедшее время).*

Өткен шақ – қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып, істеліп кеткенін білдіреді.

Мысалы:

Кеше мақаланы бітірдім. Мен бұл кітапты оқыдым. Ол кезде сен оннан асқансың. Шалдың бір баласы болыпты. Демалыста оқушылар қалаға баратын.

Берілген мысалдағы *бітірді, оқыдым, асқансың, болыпты, баратын* деген етістіктер *бітіру, оқу, асу, болу, бару* қимылдарының (іс-әрекеттерінің) болып кеткенін білдіріп, өткен шақ мағынасын беріп тұр.

Өткен шақтың түрлері *(формы прошедшего времени).*

Өткен шақ мағынасы мен жасалуына қарай: *жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ* болып үшке бөлінеді.

1. Жедел өткен шақ *(недавно прошедшее время)* – іс-қимылдың жуық арада болғанын білдіреді.

Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағы жалғану арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады.

Мысалы: *Асан домбыра тарт-ты, мен өлең айт-ты-м. Сен үйге келме-ді-ң.*

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Мен мақтады+м (я хвалил)	Біз мақтады+қ (мы хвалили)
II	Сен мақтады+ң (ты хвалил) Сіз мақтады+ңыз (Вы хвалили)	Сендер мақтады+ң+дар (вы хвалили) Сіздер мақтады+ңыз+дар (Вы хвалили)
III	Ол мақтады (он хвалил)	Олар мақтады (они хвалили)

Болымсыздық формасы: Мен мақта+ма+ды+м (я не хвалил).



1. **Бұрынғы өткен шақ** (*давно прошедшее время*) – қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда көп бұрын іске асқандығын білдіреді.

Мысалы: *Сен мектепті бітіргенсің. Ол ауылға барыпты.*

Бұрынғы өткен шақ екі түрлі жолмен жасалады.

1) Бұрынғы өткен шақ *-ған, -ген, -қан, -кен* тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады: *(мен) бар-ған-мын, (сен) кел-ген-сің, (ол) айт-қан.*

Жақ	Жекеше	Көпше
I.	Мен ашқан+мын (я открыл)	Біз ашқан+быз
II.	Сен ашқан+сың (ты открыл) Сіз ашқан+сыз (Вы открыли)	Сендер ашқан-сың+дар Сіздер ашқан+сыз+дар
III.	Ол ашқан (он открыл)	Олар ашқан

2) Бұрынғы өткен шақ *-ған, -ген, -қан, -кен* тұлғалы есімшеге немесе *-ып, -іп, -п* тұлғалы көсемшеге *е (еді)* көмекші етістер тіркесуі арқылы жасалады.

Бұрынғы өткен шақтың мұндай *күрделі түрінде е (еді, екен)* көмекші етістігі ғана жіктеледі.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Мен іш+іп+нін (оказывается, я пил)	Біз іш+іп+ніз (оказывается, мы пили)
II	Сен іш+іп+сің (оказывается, ты пил) Сіз іш+іп+сіз (оказывается, Вы пили)	Сендер іш+іп+сің+дер (оказывается, вы пили) Сіздер іш+іп+сіз+дер (оказывается, Вы пили)
III	Ол іш+іп+ті (оказывается, он пил)	Олар іш+іп-ті (оказывается, они пили)



Болымсыздық формасы: *Сіз іш+не+n+сіз (оказывається, Вы не пили).*

Бұрынғы өткен шақ күрделі түрінің жіктелу үлгісі.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Мен оқыған <i>едім</i> (<i>екенмін</i>), оқып <i>едім</i>	Біз оқыған <i>едік</i> (<i>екенбіз</i>), оқып <i>едік</i>
II	Сен оқыған <i>едің</i> (<i>екенсің</i>), оқып <i>едің</i> Сіз оқыған <i>едіңіз</i> (<i>екенсіз</i>), оқып <i>едіңіз</i>	Сендер оқыған <i>едіңдер</i> (<i>екенсіңдер</i>), оқып <i>едіңдер</i> Сіздер оқыған <i>едіңіздер</i> (<i>екенсіздер</i>), оқып <i>едіңіздер</i>
III	Ол оқыған <i>еді</i> (<i>екен</i>), оқып <i>еді</i>	Олар оқыған <i>еді</i> (<i>екен</i>), оқып <i>еді</i>

2. Ауыспалы өткен шақ (*переходное прошедшее время*) – сөйлеп тұрған уақытқа дейін дағдылы болып тұрған іс-қимылды білдіреді.

Ауыспалы өткен шақ *-атын, -етін, -йтын, -йтін* жұрнақты есімшеге I, II жақтың жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалады.

Жақ	Жекеше	Көпше
I.	Мен ұш+ <i>атын</i> + <i>мын</i> (я тогда летал)	Біз ұш+ <i>атын</i> + <i>быз</i> (мы тогда летали)
II.	Сен ұш+ <i>атын</i> + <i>сың</i> (ты тогда летал) Сіз ұш+ <i>атын</i> + <i>сыз</i> (Вы тогда летали)	Сендер ұш+ <i>атын</i> + <i>сың</i> + <i>дар</i> (вы тогда летали) Сіздер ұш+ <i>атын</i> + <i>сыз</i> + <i>дар</i> (Вы тогда летали)
III.	Ол ұш+ <i>атын</i> (он летал)	Олар ұш+ <i>атын</i> (они тогда летали)

Болымсыздық формасы: *Ол ұш+па+йтын (он тогда не летал).*



4-тапсырма. Болымсыз етістікке айналдырыңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Мен	келдім	айттым	кеттім
Сен	келдің	айттың	кеттің
Сіз	келдіңіз	айттыңыз	кеттіңіз
Ол	келді	айтты	кетті
Біз	келдік	айттық	кеттік
Сендер	келдіңдер	айттыңдар	кеттіңдер
Сіздер	келдіңіздер	айттыңыздар	кеттіңіздер
Олар	келді	айтты	кетті

5-тапсырма. Бұрынғы өткен шақтың жұрнағын жалғаңыз.

I	Мен қатыс...	I	Біз қатыс...
II	Сен қатыс... Сіз қатыс...	II	Сендер қатыс... Сіздер қатыс...
III	Ол қатыс...	III	Олар қатыс...

6-тапсырма. Орыс тіліне аударыңыз.

Мен қалада оқығанда, ауылдағы апамды сағынатынмын. Сондықтан жиі хат жазатынмын. Анам маған азық-түлік жіберіп тұратын. Әкем маған ақша салып тұратын. Ағам кейінгі кезде өз жоспары туралы жиі айтатын болды. Бұл күн тәртібінен түспейтін мәселе болды.

7-тапсырма. Сөйлемнен өткен шақтың жұрнақтарын тауып, жасалу жолын анықтаңыз.

- 1) Ол осы пікірді жиі айтатын еді.
- 2) Журналистер шығармашылықпен жұмыс істейтін, мақала жазатын.
- 3) Өзім білмейтін тақырыпқа тереңдемейтінмін.
- 4) Жұрт ақпаратты қиналмай қабылдайтын.
- 5) Журналистика – халықтың қамын ойлайтын, соның қажетін қарастыратын сала.
- 6) Ең көп тарайтын «Егемен Қазақстан» газеті.
- 7) Жалақының, қаламақының көлемін анықтаған кезде екінші топтағы журналистерге басымдық берілетін.



8) Өзекті мәселені назарға алыпмыз.

9) Журналистер өз кәсібiнiң шеберлерi болу үшiн басқа мамандықтарды меңгерiп алған.

10) Олар журналистика төңiрегiнде пiкiрлескен едi.

11) Намазалы Омашев – қазақ журналистикасының дамуына өлшеусiз зор үлес қосқан, еңбектерi алыс-жақын шетелдiктердiң таңдайын қақтырған.

8-тапсырма. *Сұхбатты рөлдерге бөліп оқып, шақтарын анықтаңыз.*

– Балам, сен жаңа қандай мультфильм көрдiң?

– Апа, мен «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген мультфильмдi көрдiм.

– Ол саған ұнады ма?

– Әрине, бұл мультфильм маған өте ұнады. Кiп-кiшкентай құс бүкiл адамдар үшiн жақсылық жасады.

– Көрдiң бе, балам, демек, мультфильмдегi сияқты өмiрде жақсылық және жамандық, мейiрiмдiлiк және қатiгездiк болады.

– Апа, менiң мейiрiмдi болғым келедi, адамдарға көп жақсылық жасағым келедi.

– Әрине, сен әлi-ақ өсерсiң, арманыңа жетерсiң. Мультфильмде саған тағы не ұнады?

– Апа, маған мультфильмнiң музыкасы ұнады.



20-сабақ

ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Телевизияда ақпарат пен өнер бір-бірімен тығыз байланысты. Телевизияның өзге ақпарат құралдарынан даралануының өзі оның синтездік сипатында жатыр. Сондықтан телевизияны таза журналистік туынды жасайтын БАҚ ретінде тану жеткіліксіз. Себебі, эфирлік өнердің сипаттары телевизияның ішкі болмысында толықтай сақталған. Көркем туындыны ұсыну формасы, қарым-қатынастық тетіктері телевизияны өнер ретінде алға шығарды.

Телевизия хабарларын қаржыландыру көздері және меншік түріне қарай: *мемлекеттік, қоғамдық, коммерциялық* деген үш топқа бөлуге болады.

Телехабар өзінің қамтитын аумағына байланысты: ұлттық деңгейдегі, жергілікті, қалалық-аудандық және коммюнити (мүдделес топтардың) деп бөлінеді.

Формасына қарай: кабельдік, релелік, ғарыштық, яғни жасанды серіктік деп жіктеледі.

Телехабар дайындап, жүргізетін телевизия журналистерінің қызметтік ерекшеліктері саң-алуан. Тележурналистің сөзі аудиторияға ақпаратты тарататын белгілі бір тәсіл арқылы тасымалданып жеткізіледі. Ол телекөрсермендердің психологиялық жағдайымен де санасуға тиісті. Телевизия журналистикасы әрдайым уақыт пен кеңістіктің кедергілерін азайтудың, қысқартудың жолдарын іздестіреді. Тележурналист жеткізіп отырған ақпаратының шынайылығына өзі көз жеткізіп, соған толықтай өзіде сенуге міндетті. Оны журналист әңгіме ауанымен, дауыс ырғағымен немесе үнінің екпінімен алмастыра алмайды.

Телевизияда телередактор (продюсер), автор, телетілші, телевизия комментаторы, телешолушы, тележүргізуші қызметінің маңызы зор.



Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

бір-бірімен тығыз байланысты –	тесно связаны друг с другом
туынды –	произведение
таным –	познание
көрініс –	вид; облик
өнер ретінде –	как вид искусства
қаржыландыру –	финансирование
қаржыландырылу көздері –	источники финансирования
меншік –	собственность
мүдделес –	имеющие общие интересы
кеңістік –	пространство
шынайылық –	искренность
жасанды серік –	искусственный спутник
өңгіме ауаны –	характер передачи
дауыс ырғағымен –	интонацией
үнінің екпінімен –	порывом, силой голоса
даралану –	выделяться; отделяться (от других)
телешолушы –	телеобозреватель

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Телевизия хабарлары қанша топқа бөлінеді?
2. Телехабар өзінің қамтитын аумағына қарай және формасына сай қалай жіктеледі?
3. Телевизия журналистерінің қызметтік ерекшеліктерін қанша бағытта қарастыруға болады? Оларды атап шығыңыз.
4. Телевизияда қандай маман иелерінің қызметі маңызды?


2-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, орыс тіліне аударыңыз.

Телевизиядағы ақпараттық бағдарламаларда сөзден тысқа-ры (невербаль) құралдардың атқаратын рөлі зор. Ондай құралдар түріне негізінен сөйлеу ырғақтылығы (мелодика речи) деген ұғымға жатқызылатын ритм, қуаттылық, пауза, логикалық және сөздік



екпін, дауыс келбеті, ым мен ишара, қол сермеу кимылдары секілділер кіреді. Ым-ишара – бір жағынан ақпараттың жету мүмкіндігін оңайлатып, нанымдылығын арттырады. Радиохабарда ақпарат таратушы мен қабылдаушы бір – бірін көре алмайтындықтан, онда ым-ишара қолдануға еш мүмкіндік жоқ. Ал телевизияда оны қолдануға қолайлы.

 **3-тапсырма.** Пікір білдіріңіз.



Келер шақ. (*Будущее время*)

Келер шақ – кимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатынын білдіреді.

Келер шақтың түрлері (формы будущего времени).

1. Болжалды келер шақ (*будущее предположительное время*) – есімшенің *-ар, -ер, -р, -с* қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы, *берерміз, айтпассың*. Болжалды келер шақ аналитикалық тәсілмен: *-атын, -етін* есімше тұлғалы етістікке *шығар, секілді, тәрізді* сөздері тіркесуі мен *-і* тұлғалы тұйық етістіктің тәуелдік немесе барыс септік формасына *мүмкін, тиіс, қажет, керек* тәрізді сөздердің тіркесуі арқылы жасалады.

Жақ	Жекеше	Көпше
I.	Мен демал+ар+мын.	Біз демал+ар+мыз.
II.	Сен демал+ар+сың. Сіз демал+ар+сыз.	Сендер демал+ар+сың+дар. Сіздер демал+ар+сыз+дар.
III.	Ол демал+ар.	Олар демал+ар.



Болымсыздық формасы: «-с» жұрнағы немесе «емес» сөзі арқылы жасалады.

Мысалы, *Мен демал+ма+с+пнын. Мен демал+ар емес+пін (возможно, я не отдохну).*

2. **Мақсатты келер шақ** (неопределенное будущее время) – етістік түбірге *-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек* қосымшалары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *жүрмек, айтпақпнын.*

Жақ	Жекеше	Көпше
I.	Мен қала+мақ+пнын.	Біз қала+мақ+пныз.
II.	Сен қала+мақ+сың. Сіз қала+мақ+сыз.	Сендер қала+мақ+сың+дар. Сіздер қала+мақ+сыз+дар.
III.	Ол қала+мақ.	Олар қала+мақ.

Болымсыздық формасы: «-шы/ші» жұрнағына «емес» сөзі тіркесуі арқылы жасалынады.

Мысалы, *Ол хат жаз+бақ+шы емес (Он не намерен писать письмо).*

3. **Ауыспалы келер шақ** (переходное будущее время) – етістік түбірге көсемшенің *(-а, -е, -й)* қосымшалары жалғанып, жіктеліп жасалады.

Мысалы, *барады, оқиды.*

Жақ	Жекеше	Көпше
I.	Мен телефон шал+а+мын.	Біз телефон шал+а+мыз.
II.	Сен телефон шал+а+сың. Сіз телефон шал+а+сыз.	Сендер телефон шал+а+сың+дар. Сіздер телефон шал+а+сыз+дар.
III.	Ол телефон шал+а+ды.	Олар телефон шал+а+ды.

Болымсыздық формасы: *Мен телефон шал+ма+й+мын (Я не позволю).*



4-тапсырма. *Мына сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз және айырмашылығын айтыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.*

1. Мен ертең тікелей эфирге шығамын. Мен ертең тікелей эфирге шығармын. Мен ертең тікелей эфирге шықпақпын.

2. Көп кешікпей әжеме телефон соғамын. Көп кешікпей әжеме телефон соғармын. Көп кешікпей әжеме телефон соқпақпын.

3. Біз ертең «Кітаптар әлемі» дүкеніне барамыз. Біз ертең «Кітаптар әлемі» дүкеніне барармыз. Біз ертең «Кітаптар әлемі» дүкеніне барамақпыз.

4. Интернеттен жолдастарымның суретін көремін. Интернеттен жолдастарымның суретін көрермін. Интернеттен жолдастарымның суретін көрмекпін.

5-тапсырма. *Сөйлемді болжалды келер шаққа айналдырыңыз.*

Үлгі:

Сен ертең сағат жетіде тұр.

Сен ертең сағат жетіде тұр-а-сың.


Сен ертең сағат жетіде тұр, сонан соң асханаға кел, тамақ іш. Сонан соң институтқа келіңдер. Лекция сағат екіде аяқталады. Сағат екіде институтқа мен де келемін. Сонан соң бәріміз киноға барамыз. Киноға Сәуле де барады. Кино шамамен (приблизительно) сағат төртте аяқталады. Ертең демалыс. Демалыс күні саябаққа барамыз. Футбол ойнаймыз.

6-тапсырма. *Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз және болымсыз түрге айналдырыңыз.*

Мен бүгін университетке барамын. Сен ертең киноға барасың. Ол кешке жұмысқа барады. Менің ағам биыл үйленеді. Сенің мақалаң газетке ертең шығады. Сіздің қаламақыңыз өседі. Біз бүгін саябақта қыдырамыз. Сендер ертең сабаққа дайындаласындар. Олар әжесіне сыйлық алады.



 7-тапсырма. (Командалық жұмыс).



8-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Инструкция №5

Для любого журналиста необходим навык стенографии, существует много ситуаций, когда невозможно использовать диктофон. Научиться навыку стенографии несложно. Помните, владение стенографией – ваш мощный инструмент в борьбе за звание журналиста.

Инструкция №6

Обладать компьютерной грамотностью очень важно. Во-первых, компьютер способен хранить гораздо большее количество информации, во-вторых, получить доступ к ней посредством компьютера, гораздо проще и быстрее.



21-сабақ

ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА ЖАЙЫНДА

Қазақ телевизиясы 1958 жылы құрылған.

Содан бері телевизия саласына келген көптеген талантты тележурналистер халыққа танылды. Сала бойынша маман даярлайтын жоғары оқу орындары пайда болды.

Тележурналист Марат Барманқұлов және Құдайберген Тұрсын телевизия журналистикасының өзекті мәселелерін тыңғылықты зерттеп, ғылым докторы дәрежесін қорғап, профессор атанды.

Белгілі журналист Қайнар Олжайдың, Серік Абасшахтың, Мақат Садықтың кітаптары жарық көрді. «ҚазАқпарат» баспасынан «Қазақ телевизиясы» атты көп томдық энциклопедия жарыққа шықты.

Отандық телеарналардың саны көбейе түсуде. Сондықтан оны керекті мамандармен қамтамасыз ету үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясымен қатар Астанадағы Лев Гумилев атындағы ЕҰУ-де және Қазақ ұлттық өнер университетінде де телевизия саласының мамандары даярлана бастады. Олардың сұраныстарына жауап беретін оқулықтар көптеп шығарылуда.

Журналистің халыққа тез танымал болуына толық мүмкіндігі бар. Сондықтан екiнiң бiрi тележурналист болуға ұмтылады. «Телевизия журналистi атаққа да шығарады, орға да құлатады» деген қанатты сөз бар. Себебi тележурналистiң жұмысы миллиондардың көз алдында тым жария түрде ашық өтедi. Сәттi шықса – мақталасың, сапасыз жасалса – датталасың. Оның үстiне бiткен iске сыншы көп екендiгiн ұмытпауымыз керек.





Телевизия дегеніміз – ең ықпалды ақпарат құралы. Ол – әлеуметтік айна, бұқаралық қарым-қатынастың маңызды буыны әрі саяси идеялық аса мықты қару. Оны бүгінде тек қана ақпарат құралы ретінде қарастырушылық бар. Бұл мүлде жеткіліксіз. Адамзаттық және ұлттық өнерді, мәдени құндылықтарды таратушы телевизияның нағыз өнер екенін естен шығармауымыз керек.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

танылды –	стали известными
телеарна –	телеканал
ұмтылады –	стремятся
дәреже –	степень
алғышарт –	предпосылка
құлату –	свалить
танымал –	известный
ұстаным –	позиция
құрылым –	структура
шеберлік –	мастерство
құндылық –	ценность
сәтсіз –	неудачно
талантты журналистер –	талантливые журналисты
өзекті мәселе –	здесь: актуальная проблема
«сәтті шықса – мақталасың» –	«сделаешь удачно – похвалят»
«сапасыз жасалса – датталасың» –	«сделаешь не качественно – осудят»
біткен іске сыншы көп –	много критиков на завершенное дело
ұлттық өнер –	национальное искусство
қарастыру –	рассматривать

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ телевизиясы қашан құрылды?

2. Телевизия журналистикасының өзекті мәселелеріне байланысты қандай еңбектерді білесіз?



3. Телевизия саласының мамандарын даярлайтын оқу орнын атаңыз?

4. Тележурналистердің жұмысы кімдердің көз алдында өтеді?

5. Телевизия қандай құрал?

2-тапсырма. *Мазмұндаңыз және орыс тіліне аударыңыз.*

Бір үйдің теледидары сынып қалыпты. Жөндейтін адамды шақыртып, теледидардың қорабын ашып қараса, іші нан ұнтағына толып қалыпты. Мұны жасаған үйдегі 4 жасар кішкентай қыз екені белгілі болды. Анасы қызымен сөйлесіп, неге солай істегенің сұрайды. Сонда кішкентай қыз: «Теледидар экранынан Африканың аш балаларын көрген кезде, оларға жаным ашып, ас үйден нан әкеліп, теледидардың үстіндегі тор-тор жеріне нанды уатып салып тұрдым», – деп жауап берген екен..

3-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.*

Репортаж – журналистік іс-әрекеттің бір түрі; оқиға орнынан баспа, радио, теледидар арқылы берілетін, ішкі және халықаралық өмір оқиғалары туралы ақпарат, әңгіме. Репортаж оқиға болған жердің топырағында туады. Сондықтан да репортаж дегеніміз – оқиғаның өзі. Репортаждың басқа жанрлардан ерекшелігі – өткен



оқиғаны емес, болып жатқан оқиғаны дәл сол сәтте баяндайды, соны суреттейді. Ол жаңадан ғана қонған ғарышкерлер туралы да, іске қосылып жатқан құрылыс, жаңа ашылған стадион немесе мәдениет сарайы жайында да, қалай болғанда да болып жатқан оқиға ғана баяндалады. Репортажға тек ірі оқиғалар ғана тақырып болады деу дұрыс бола бермейді. Репортаждың мақсаты – болған оқиғаны бұлжытпастан суретке түсіру емес. Сол оқиғаның әлеуметтік мәні мен маңызын аша отырып, оқырманның талғамын таба білу. Репортаж жазу ісі нақтылықты талап етеді. Репортаж – шын фактілер мен оқиғаларды дәл, іле-шала көрсете алатын жанрдың бірі. Сондықтан репортаж неғұрлым шұғыл (оперативті) болып, оқи-



ғаны оқушыларға неғұрлым тез, айқын, әсерлі түрде, ой толғарлық дәрежеде жеткізсе, ол соғұрлым бағалы, ықпалды да тартымды болады. Репортажға тән нәрселер: репортер оқиғаның басы-қасында болуы шарт. Сол оқиғаны дәл сол күйінде суреттеп жазады, оған өзінің қатысын білдіріп, оны қоғамдық пікір талабымен толықтырады. Кез келген ұсақ-түйек оқиғалардың бәрі бірдей репортаж жазуға негіз бола бермейді. Оның негізінде қоғамдық-әлеуметтік маңызды оқиғалар жатуға тиіс. Оқиғалар толық, жан-жақты, жүйелі түрде жазылады. Репортаж өмір шындығына сүйенеді. Тілі нәрлі, стилі тартымды келеді.

Етістіктің райлары

(Наклонение глагола)

Етістіктің райлары қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асу, орындалу мүмкіндігіне қарай төрт түрге бөлінеді.

- 1) **Бұйрық рай** *(повелительное наклонение).*
- 2) **Ашық рай** *(изъявительное наклонение).*
- 3) **Шартты рай** *(условное наклонение).*
- 4) **Қалау рай** *(желательное наклонение).*

Етістіктің райлары – орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін, қатынасын білдіреді.

Ашық рай <i>(изъявительное наклонение)</i>	Бұйрық рай <i>(повелительное наклонение)</i>
Іс-қимылдың қай шақта екенін білдіреді.	Іс-қимылдың бұйыру, талап ету, өтіну ретінде айтылу мағынасын білдіреді.
Үш шақтың жасалу жолдары арқылы жасалады.	Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы жасалады.
<i>Мен келдім (келе жатырмын, келемін, келмекшімін, келгенмін т.б.)</i>	<i>I. Мен бар-айын. II. Сен бар. Сіз бар-ыңыз. III. Ол бар-сын.</i>



Шартты рай (условное наклонение)	Қалау рай (желательное наклонение)
Іс-қимылдың орындалу-орындалмау шартын білдіреді.	Қалау, тілекті білдіреді.
Етістік + (-са, -се) + жіктік жалғауы арқылы жасалады.	Етістік + (-ғы, -гі, -қы, -кі) + тәуелдік жалғауы /кел етістігі арқылы жасалады.
<i>Күн ашық бол-са, тауға шығамыз. Егер сен ойна-са-ң, мен де ойнаймын.</i>	<i>Біздің сабақ оқы-ғы-мыз келді. Сенің үйге қайт-қы-ң келе ме?</i>

1. Бұйрық рай етістігі бұйрықты, насихатты, тыйымды және т.б. білдіреді. Мысалы: *шақыр (позови), қуан (радуйся), байла (завяжи).*

Жак	Жекеше	Көпше
I.	Мен айт+айын. (ейін, -йын / йін).	Біз айт+айық. (ейік, -йық / йік).
II.	Сен айт. Сіз айт+ыңыз. (іңіз, -ңыз/ңіз).	Сендер айт+ыңдар. (іңдер, -ңдар /ңдер). Сіздер айт+ыңыздар. (іңіздер, -ңыздар/ңіздер).
III.	Ол айт+сын. (-сін).	Олар айт+сын. (-сін).

Болымсыздық формасы: -ма/ме, -па/пе, -ба/бе жұрнағы арқылы жасалады.

Есінде сақта!

Глаголы в **бұйрық рай** употребляются только в форме III лица. Мысалы: *Ол байла+сын. (Он пусть свяжет). Ол әкел+сін (Она пусть принесет).*

* * *

Основная форма бұйрық рай – это форма второго лица единственного числа. Она является основой глагола.

Мысалы: *Сен отыр (ты сядь). Сен ал (ты бери). Жат (ложись). Қара (смотри). Жап (закрой). Аш (открой).*



2. Ашық рай етістігі – амал-әрекеттің өткенде, қазірде және келешекте болу немесе болмауын білдіреді.

Мысалы: *жуынамын (умоюсь), қуанып тұр (радуется), шақырды (позвал), санаган (сосчитал).*

3. Шартты рай формасы етістіктің жалаң (түбір, туынды), күрделі негіздеріне *-са (-се)* жұрнағы жалғану арқылы жасалады.

Шартты рай формасы үнемі жіктеліп жұмсалады. Оның жіктелу үлгісі өткен шақ формасына ұқсас.

Жақ	Жекеше
I.	Мен шақыр+са+м. (Если я позову).
II.	Сен қуан+са+ң. (Если ты обрадуешься). Сіз кет+се+ңіз. (Если Вы уйдете).
III.	Ол ерте тұр+са. (Если он рано проснется).

Жақ	Көпше
I.	Біз жаз+са+қ. (Если мы напишем).
II.	Сендер кел+се+ңдер. (Если вы придете). Сіздер сана+са+ңыз+дар. (Если мы напишем).
III.	Олар тыңда+са. (Если они послушают).

Болымсыздық формасы: *-ма/ме, -па/пе, -ба/бе* жұрнақтары арқылы жасалады. *Сендер ойланбасаңдар. (Если вы не задумаетесь).*

4. Етістіктің қалау рай түрі сөйлеушінің қимыл, әрекеті қалауын, оған ынтасын, тілек, ниетін білдіреді. Етістікке *-ғы, -гі, -қы, -кі* жұрнағына тәуелдік жалғауы жалғанып, *кел* көмекші етістігінің *келеді, келді, келіп тұр* тіркесуі арқылы жасалады.



Жақ	Жекеше
I.	Менің ашық айт+қы+м келеді.
II.	Сенің ашық айт+қы+ң келіп тұр. Сіздің ашық айт+қы+ңыз келген.
III.	Оның ашық айт+қы+сы келетін.

Жақ	Көпше
I.	Біздің ашық айт+қы+мыз келді.
II.	Сендердің ашық айт+қы+лар+ың келді. Сіздердің ашық айт+қы+лар+ың+ыз келіпті.
III.	Олардың ашық айт+қы+сы келеді.

4-тапсырма. Орыс тіліне аударыңыз және бұйрық райды табыңыз.

Сен дәптерге жаз. Кітапты дауыстап оқы.
Жұмысқа ерте кел. Оған ойынды ашық айт.
Дәрігерге бүгін бар. Таңертең ерте тұр.
Салқын суға жуын. Тамағынды іш.

5-тапсырма. Орыс тіліне аударыңыз және шартты райды табыңыз.

Марат шақырса барамын, шақырмаса бармаймын. Баласы жақсы оқыса, анасы қуанады. Ол ертең келсе, айтамын. Күн күркіресе, жаңбыр жауады. Қар жауса, күн суытады.

6-тапсырма. -ңыз/іңіз, -ыңыз/іңіз жалғауы арқылы бұйрық райлы сөйлем құрастырыңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Үлгі: Маған *анальгин*, *валидол*, *цитрамон*, *мукалтин* беріңіз.
Тыңда, көр, сана, сөйле, бас тарт, көтер, байла, ойлан, кел, күт.

7-тапсырма. Берілген сөздермен бұйрық райлы сөйлем құрастырыңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Жазыңыз, сөйлесін, үйрет, оқы, қайтала, бар, жауап бер, қойындар, орында, отыр, сұра, көмектес, түсіндір, толықтыр.



8-тапсырма. *Өлеңді жаттап алыңыз.*

...Сүріну бар да самғау бар
Тірлікте кейде алдау бар.
Отаным, саған айтамын,
Менде бір аппақ арман бар.
Ақтығы алғаш жауған қар
Ақ жырым – аппақ құстарым,
Ақ көңілдерге самғандар!
Бұтаға қонып қалмаңдар!
Алдарыңда әлі тандар бар
Зымыран құстар, зауландар!

(Мұқағали Мақатаев).



22-сабақ

ТЕЛЕЖУРНАЛИСТЕРГЕ КЕҢЕС

Тележурналист өзінің күнделікті өмірінде ұстануы қажет он екі түрлі практикалық кеңесті жадында сақтауы керек.

1. Көрерменді өзіңізге тарту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаңыз. Қабілеттілік, алғырлық мүмкіндіктеріңіз болса пайдаланыңыз.

2. Көрерменді өзіңіздің сұхбаттасушыңыз деп біліңіз. Егер көрерменнің сенімінен шыға алмайтындай болсаңыз, эфирге шықпаңыз.

3. Белгілі бір мәселе жөнінде толықтай терең білмесеңіз де, оны сезінетін түйсігіңіз болсын.

4. Өзіңізге лайық жеке тақырыбыңыз болғаны абзал.

5. Үнемі қызықты әрі тартымды көріне біліңіз.

6. Телехабардың бас кейіпкері кім екенін үнемі жадыңызда сақтаңыз.

7. Мәдениетті әрі сыпайы болыңыз. Көрерменді де, өзіңзді де құрметтеңіз. Анайы сөздерден аулақ болып, ебедейсіз қимыл, қозғалыстан, жарасымсыз киім киюден аулақ болыңыз.

8. Өзгелердің сөзіне зейін қойып тындап үйреніңіз.

9. Көрерменнің психологиясын сезіне білген абзал.

10. Байқағыш, қырағы әрі қызықтай білетін қабілетіңіз болсын.

11. Қиын жағдайдан тез әрі ыңғайлы тәсілмен шыға білетін шеберлікті игеру қажет.

12. Мұның бәрі мамандығыңызды шеберлікпен игергенде ғана мүмкін болмақ.

Бұған Ұлы Британия «Би-Би-Си» корпорациясының телехабарға қатысушыларға «көзді аударып-төңкеруге, ерінді сылпылдатуға, саусақты жұлқылауға, қабақты түюге, өтірік күлуге, үстелге бауырлап жатып алуға тыйым салынатындығын» үнемі ескертуден жалықпайтынын қосып қоюдың еш артықтығы жоқ деп білеміз.



Тележурналистке тән ең басты қасиет – жеделдік. Оның өзі сізден тез ойлануды, қисынды әрі мәнді сөйлеуді талап етеді. Журналистің тілдік мәдениеті жоғары деңгейде болғаны абзал. Кіммен болсың, дереу тіл табысып кететін өнерді игеріп, кез келген тұлғаның көңілін баурап алатын ептілік қажет. Алғырлықтың орны қашан да бөлек. Қажетті ақпарат көздерін әрдайым біліп, тауып алатындай мүмкіндіктің болғаны жақсы.

Сюжет, мәтін, студия декорациясы, субтитр сөзі, комментарий, сұхбат, синхрон, сазды әуен, дауыс, дыбыс т.б. тележурналистиканың құралдары да назардан тыс қалмауға тиіс. (Қ.Шамахайұлы).

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

колдан келгеннің бәрін –	все что умеете
алғырлық –	хваткость; цепкость
сезіну –	чувствовать; почувствовать
түйсік –	чутье; интуиция
сезіну түйсігі –	инстинкт чувствования
лайық –	здесь: соответствующий
абзал –	здесь: желательно
қисынды –	логично
қызықты –	интересный; забавный
тартымды –	привлекательный; симпатичный
жад –	память
ептілік –	ловкость
бас кейіпкер –	главный герой
анайы сөз –	грубо выражаться
қимыл, қозғалыс –	действие, движение
жарасымсыз –	неподходящий
зейін қою –	концентрация внимания
қырағы көз –	зоркий глаз



Кәсіби қазақ тілі

еш артықтығы жоқ –	не будет лишним
күнделікті өмірінде –	в ежедневной жизни
шеберлікті игеру –	осваивать мастерство
өтірік күлкі –	притворный смех
ойлану –	думать; размышлять; обдумывать
бұл бір қисынды жүйе екен –	это логичная система
қисынды әңгіме –	правдоподобный рассказ
мәндеп сөйлеу –	придать смысл своему слову
тілдік мәдениет –	языковая культура
тыйым салынады –	запрещается
ебедейсіз –	неловкий; неповоротливый; неуклюжий
байқағыш –	наблюдательный
қырағы –	бдительный

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Тележурналиске қажетті практикалық кеңестерді айтыңыз.
2. Үнемі жадыңызда нені сақтауға тиіссіз?
3. «Би-Би-Си» корпорациясының телехабарға қатысушыларға үнемі ескертіп отырған ескертпелері туралы айтып беріңіз?
4. Тележурналиске тән ең басты қасиет туралы айтып беріңіз?

173

2-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Шеф-редактор журналы «Губерния», директор ТРК «Орион» Александр Швец:

– Прежде чем выбирать профессию журналиста, молодому человеку нужно критически оценить, подходит ли она ему, есть ли у него необходимые качества. Мне, например, интересен весь мир, интересны люди и их дела. Когда я беру интервью у человека или записываю беседу с ним в студии, я всегда пытаюсь увидеть, чем он интересен, что я могу почерпнуть от общения с ним. Если молодому человеку тоже интересны политики, деятели культуры и весь мир, если он любознателен, то ему нужно идти в журналистку.



3-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.*

С огромным удовольствием пишу эти строки о моем родном Казахском радио. ...Пришел я на Казахское радио в последний год Великой Отечественной войны. Время было тяжелое. Я – сын учителя. И, как вы сами знаете, учителя всегда бедствовали в быту. Ничем не отличалась от других в этом отношении и наша семья. И вот нужда заставила меня прийти на радио. Профессии у меня тогда никакой не было. Мне еще не исполнилось и 20 лет. И один из моих друзей, Леня Коробченко, уже работающий диктором на радио, посоветовал попробовать себя у них именно в этом качестве, потому что, как он сказал, голос у меня очень даже радиотелефоничный. А я к тому же с детства очень любил радиотехнику, увлекался созданием детекторных приемников... И я пришел на радио. Меня прослушали, признали голос подходящим. Но, главное, приняли из-за грамотного произношения. В этом отношении я очень благодарен отцу, который обучил меня письменности на казахском языке и чтению. Ведь учился-то я в русской школе (есть такая в Алма-Аты – 54-я) и, что греха таить, многие мои сверстники-казахи не знали родного языка. Вот благодаря знанию языков, дикции меня и взяли на Казахское радио диктором-стажером...

Ермек СЕРКЕБАЕВ,
Народный артист СССР и КазССР,
Лауреат государственных премий, профессор.

Етіс. (Залог)

Етіс іс-қимылдың орындалуына орындаушының қатысы қандай екенін білдіреді. Етістер жұрнақтарының түрлеріне, мағыналары мен қызметтеріне қарай, төмендегідей түрге бөлінеді: өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс.

	Түрлері	Жұрнақтар	Мысалдар
1.	Өздік етіс (Возвратный)	-ын -ін -н	жу+ ын ки+ ін тара+ н



2.	<i>Ырықсыз етіс</i> (Страдательный)	-ыл, -іл, -л -ын, -ін, -н	<i>жуылды, киілді,</i> <i>таралды,</i> <i>салынды, әкелінді,</i> <i>таранды</i>
3.	<i>Ортақ етіс</i> (Совместный)	-ыс, -іс, -с	<i>салысты, әкелісті,</i> <i>ойласты, сөйлесті</i>
4.	<i>Өзгелік етіс</i> (Побудительный)	-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т	<i>жугыздыр, енгіздір,</i> <i>саттырды, кептірді,</i> <i>жазғызды, кіргізді,</i> <i>айтқызды, кескізді,</i> <i>босат, жүгірт</i>

Өздік етіс. (Возвратные залогии).

Қимылдың іс-әрекеттің орындаушысына, іс иесіне тікелей қатыстылығын білдіріп, әдетте сабақты етістіктерден *-ын, -ін, -н* жұрнағы жалғану арқылы жасалатын етістің түрі *өздік етіс* деп аталады. Мысалы: *Оқушылар ерте тұрып жу-ын-ды. Бала өзі ки-ін-ді. Ол тара-н-ды* деген сөйлемдердегі *тарану, жуыну, киіну* қимылдары іс иесіне бағытталғанын білдіріп тұр.

Ырықсыз етіс. (Страдательный залог).

Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндігі көрінеді де, *-ыл, -іл, -л* түбірдің ішінде «л» дыбысы болса *-ын, -ін, -н* жұрнақтары арқылы жасалатын етіс түрі *ырықсыз етіс* деп аталады. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктен жасалады, өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Мысалы: *сөз айт-ыл-ды, уәде бер-іл-ді, шарт жаса-л-ды, үй таза-ла-н-ды, қамал ал-ын-ды, үй сал-ын-ды* т.б.

Жұмыс істе-л-ді (Работа выполнена). Бір аптадан кейін жұмыс аяқта-л-ды (Через неделю работа была завершена). Хат ауылға жібер-іл-ді (Письмо отправлено в аул).

**Ортақ етіс.** (Взаимный залог).

Қимыл, іс-әрекеттің иесі, орындаушысы біреу емес, бірнешеу болып, *-ыс, -іс, -с* жұрнақтары арқылы жасалатын етістің түрі *ортақ етіс* деп аталады. Мысалы: *Омар мен Оспан хат жаз-ыс-ты. Қыз бен жігіт сөйле-с-ті. Ол бізге үй сал-ыс-ты* деген сөйлемдердегі *жазу, сөйлеу, салу* қимылдары бір ғана субъект (іс иесі) тарапынан емес, бірнеше орындаушы (Омар мен Оспан, қыз бен жігіт, ол мен біз) арқылы іске асатынын көрсетеді. *Мен досыммен құшақта-с-тым (Я обнялся с другом). Олар хат жаз-ыс-ты (Они переписывались).* *Біз көр-іс-тік (Мы увиделись).*

Өзгелік етіс. (Понудительный залог).

Өзгелік етіс қимылдың, іс-әрекеттің сөйлемдегі іс иесі яғни субъектінің өзі емес, екінші бір басқа субъект, қимылды орындаушы арқылы істелінетінін білдіріп, белгілі жұрнақтар арқылы жасалады.

Ол жұрнақтар:

1) *-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз*; 2) *-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір*, 3) *-т*;

176 т.б. Мысалы: *ки-гіз, ки-ін-дір (одень), айт-тыр, айт-қыз (заставь говорить кого-то), іш-кіз (заставь выпить), жу-ын-дыр (умой), ойна-т (заставить играть)*. Демек, өзгелік етісті сөйлемде қимылды, іс-әрекетті іске асырушы екі субъект болады: бірі – сол қимылды орындатушы, екіншісі – қимылды тікелей орындаушы (бұл ғылым тілінде *агенс* деп аталады). Мысалы: *Біз оған өлең айт-қыз-дық (Мы заставили его петь). Мен көйлек сатып ал-ғыз-дым (Я попросила себе купить платье).*

4-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз және етіс түрлерін тауып, қатарына жазыңыз.

- 1) Я обнялся с другом.
- 2) Они переписывались.
- 3) Мы заставили его читать стихи.
- 4) Через неделю работа будет закончена.
- 5) Письмо отправлено в аул.
- 6) Мойся, расчешись.
- 7) Я попросила себе купить платье.



5-тапсырма. Төмендегі етістіктерді өзгелік етіске айналдырып, сөйлем құрастырыңыз.

Жазу, айту, алу, сату, келу, жету.

6-тапсырма. Төмендегі етістіктерге ырықсыз етіс жұрнағын жалғап, өткен шақта, осы шақта, келер шақта сөйлем құрастырыңыз.

Жазу, түсіру, тарату, шығару, түсіндіру, дайындау, қайтару, беру, көрсету, шешілу.

7-тапсырма. Етіс түрлерін анықтаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Олжас жуынды. Дастарқан жайылды. Тойға көп адам жиылды. Төрағаға көптеген сұрақтар қойылды. Балаларға көмек көрсетілді. Жылы киінді. Бұл мәселе жиналыста шешілді. Жиналыс ойдағыдай өткізілді. Күн жылынды. Жайлауда той басталды. Алтыбақан тербетілді. От жағылды. Қорытынды жасалды.

8-тапсырма. Көп нүктенің орнын толтырып, етіс түрлерін анықтаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Ән айт...ды. Маған ән айт...ды.

Ыдыс жу...ды. Анасы баласына ыдыс жу...ды.

Кітап оқ...ды. Оқытушы студентке кітап оқ...ты.

Сыйлық бер...ді. Аяулым сыйлық бер...ді.

Салтанатты кеш өткіз...ді. Бүгін ұжымда салтанатты кеш өт...ді.

Жеке-жеке отыр...ды. Студенттерді жеке-жеке отыр...ды.

9-тапсырма. Өлеңнен етіс түрлерін табыңыз, өлеңді жаттап алыңыз және мазмұнын айтып беріңіз.

Б.Алтынсарин

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.



*Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды;
Адамды құстай ұшырды;
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді;
Отынсыз тамақ пісірді;
Сусыздан сусын ішірді, – деп өз заманындағы өнерлі елдерді
жастарға үлгі етіп жырлайды. Ал бүгінде ше?*



23-сабақ

ТЕЛЕВИЗИЯ МӘТІНІ

Телевизияға арналып жазылатын мәтіннің өзіндік құрылымы, ерекшелігі, арнайы формасы болады. Жалпы, телевизия бейнелік қозғалыстардан, дыбыс-дауыстардан тұратын жиынтық (синтез) өнер болғанымен, іс бәрібір алдымен қағаз бетіне мәтін жазудан басталады. Бірақ телевизия туындысының тілі мен стилінде мерзімді баспасөз жазбасынан айтарлықтай өзгешелік бар. Сондықтан газет-журналға тән кейбір ұзын сонар әңгімеден, күрделі сөйлемдерден бойды аулақ салу телемәтінге қойылатын негізгі талап болмақ.

Тележурналистің парызы: қарапайым әрі түсінікті, нақты әрі анық жазу, сөз атауларын қысқартпау, тырнақша мен сілтемені өз мәтнінде аз қолдану, үтір мен нүктелерге мән беру, адамдардың аты-жөндерін толықтай дұрыс атау, есімдіктерді жөнімен қолдану, мейлінше көрермендерге тікелей назар аудару, қазақ тілінің құнарлы нәрін толық пайдалана білу.

Телевизияға арналып жазылатын туындының басты ерекшелігі – сөз бен бейнесюжет бір-бірін толықтырады және сол арқылы екеуі тұтасып кетеді. Мұндайда көпсөзділіктің салдарынан тамаша бейнесюжеттің құны түсіп қалатындығын да ұмытпауға тиіспіз. Айталық, телетуындының құрылымын лайықты ету үшін мына мысалға назар аударайық. Тележурналист немесе хабар кейіпкері «батыс өңірде ауа райы аптап ыстық» деп эфирде айтты делік. Осы сәтте көлеңке жерге жатып алып, тілін салақтата еңтіккен итті «ірі планда» (үлкейтіп түсіру арқылы) көрсеткен дұрыс. Сонда ғана бейне мен мәтін үйлесім таппақ.

Сәулетті құрылыс салу үшін оның тағаны мен едені, төбесі мен қабырғалары қандай маңызды болса, телетуындының да өзіндік құрылымдары бар.



Шығарма дегеніміз – ішкі көңіл – күйдің, рухани ой мен мазмұнның сәулетті құрылысы іспетті. Туындының іргетасы автордың идеясы арқылы қаланса, оның қабырғасы құдіретті сөзбен тұрғызылмақ.

(Қ. Шамахайұлы).

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

бейнелік –	изображение, анимация
қозғалыс –	движение
дауыс –	голос
бәрібір –	все-таки
ұзын сонар әңгіме –	длинный разговор
қарапайым әрі түсінікті –	простой и понятный
анық жазу –	писать ясно
іргетас –	фундамент
сөз атауларын қысқартпау –	не сокращать наименования слов
тырнақша мен сілтемені мәтінде қолданбау –	не применять кавычки и ссылки в тексте
құнарлы –	здесь: осмысленный
нәр –	здесь: содержательный
күрделі сөйлемдер –	сложные предложения
телемәтінге қойылатын негізгі талап –	основные требования, предъявляемые телетексту
парыз –	долг
тілін салақтата –	с высунутым языком
ентіккен –	запыхавшийся

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Телемәтінге қандай талап қойылады?
2. Тележурналистің парызы қандай?
3. Телевизияға арналып жазылатын туындының басты ерекшелігі не?



4. Қандай жағдайда бейнесюжеттің құны түсіп қалады?
5. Шығарма дегеніміз не?
6. Телетуындының қандай өзіндік құрылымдары бар?

2-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, орыс тіліне аударыңыз.*

Қазақ радиосы

Қазақ радиосында диктор болып Әнуар Байжанбаев және ақиық ақын Мұқағали сынды халқымыздың алыптары қызмет еткен. Олардың аттары атақты Левитандай аңызға айналды. Олар қазақ радиосында төл тіліміздің қуатын тыңдаушысына жеткізіп, диктор мамандығының абыройын асқақтатты.

Қазақ радиосының ұлттың үнін, ділін, тілін, өнерін, тарихи жолдарын болашаққа жеткізудегі қызметі жазса таусылмайтын том-том кітап болары сөзсіз.

Қазақ радиосының «Алтын қорында» ұрпақтан ұрпаққа мирас болар мол мұра: *жыр, терме, дастан, қисса, дәстүрлі ән, күйлердің дыбыстық жазбалары* сақтаулы.

Қазақ радиосының хабарлары – халқымыздың тарихының куәсі. Олардың танымдық, тәрбиелік мәні де аса жоғары.

Қазақ радиосы – әдебиет, мәдениет, өнер әлемі.

3-тапсырма. *Орыс тіліне аударып, пікіріңізді қосыңыз.*

Журналист пен бизнесмен арасындағы диалог:

- Табысқа жетудегі құпияңыз қандай?
- Екі сөз.
- Ол қандай сөздер?
- Дұрыс шешімдер.
- Дұрыс шешім қабылдау үшін не керек?
- Ол бір-ақ сөз.
- Қандай?
- Тәжірибе.
- Тәжірибені қалай жинағансыз?
- Екі сөз.
- Ол қандай екі сөз?
- Бұрыс шешімде.

**Етістіктің аналитикалық формасы***(Аналитическая форма глагола)*

Етістіктің аналитикалық формасы бір немесе бірнеше компоненттен тұрады. Негізгі етістік көсемше немесе есімше түрінде болады. Мысалы, *сындыра беру, сындырып алу, сындырып қоя жаздау.*

Көмекші етістіктер саны төртеу, бесеу де болуы мүмкін.

Мысалы, *сындырып барып құлап қала жаздау.*

Жіктік жалғаулар соңғы көмекші етістікке жалғанады.

Мысалы, *Мен соңғы автобустан қалып қоя жаздадым.*

Болымсыз жұрнақтар негізгі етістікке де, көмекші етістікке де жалғана береді.

Мысалы, *сөйлемей қойды* (так и не заговорил), *сөйлемей қоймады* (не мог не высказаться).

Болымсыз *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* жұрнақтарынан басқа *емес, жоқ* сөздері де қолданылады. Сөйлем соңында тұрып жіктік жалғаулардың қабылдайды.

Мысалы, *Мен оны көрген жоқпын. Мен оны көрген емеспін.*

Мағына	Жұрнақ	Көмекші етістік	Мысалдар
Іс-әрекеттің басталуы (начало действия)	<i>-а/-е/-й</i>	бастау жөнелу	жаза бастады – начал писать жүгіре жөнелді – побежал
Іс-әрекеттің жалғасуы (продолжения действия)	<i>-а/-е/-й</i>	бару беру түсу	жаза берді – продолжал писать оқи түсті – продолжал еще читать
Іс-әрекеттің аяқталуы (завершения действия)	<i>-ын/-ін/-п</i>	біту кету қалу шығу өту болу	жазып бітті – закончил писать тұрып кетті – встал ұйықтап қалды – уснул сүртіп шықты – вытер көріп кетті – увидел сөйлеп болды – закончил говорить



Іс-әрекеттің жол-жөнекей орындалуы (незначительность действия)	-а/-е/-й	келу кету салу отыру жүру	көре келді – увидел на пути сюда көре кетті – увидел на пути отсюда айта салды – сказал невзначай сөйлей отырды – говорил, пока сидел санай жүрді – заодно посчитал
Іс-әрекеттің күтпеген жағдайда орындалуы (неожиданность действия)	-а/-е/-й	қалу қою кету	жата қалды – быстро лег сала қойды – быстро положил отыра кетті – неожиданно сел

4-тапсырма. *Етістіктердің аналитикалық формасын жасаңыз.*

Үлгі: Сауалға жауап іздеу. – Сауалға жауап іздей алу.

Алу: Түрлі ақпарат көздерінен тақырыпқа қатысы бар деректерді топтастыру, оларды жүйелеу. Тақырыпқа қатысы бар адамдармен пікірлесу.

Бастау: Тез шешім қабылдау. Мақала жазбастан бұрын тақырып таңдау. Өз мүмкіндігін пайдалану. Қызықты сериал көру.

Жаздау: Жеке көзқарасын айту. Сараптама жүргізуді ұмытпау. Өз сөзімен жазып шығу. Жалған ақпарат беру.

5-тапсырма: *Берілген етістіктердің аналитикалық формаларын жасап, орыс тіліне аударыңыз.*

Үлгі: көрсету: көрсете сал – покажи.

Салу: көшіру, айту, ашу, істеу, беру, пісіру, жабу, әперу.

Беру: жазу, ойлау, сөйлеу, тойлау, сырлау, үйрету, отыру, есептеу, алу, байқау,



Шығу: тексеру, санау, киіну, көрсету, сұрту, кіру, тарау, көру.

Бастау: ойнау, бұзу, дайындау, емдеу, жинау, тапсыру.

6-тапсырма. *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, етістіктердің аналитикалық формасын жасаңыз.*


- 1) Мен сіздің осы пікіріңізді
- 2) Біз үкімет басшыларының экономикалық саясатын
- 3) Біліктілігіңіз бен біліміңіз үшін
- 4) Ол сені жазып бітті деп
- 5) Мен дұрыс істеді деп
- 6) Мен бұл адамның ойын, пікірін
- 7) Ол поездан
- 8) Мәдина әсем әнді

Керекті сөздер:

жақтаймын / мақтаймын / қолдаймын / ойлап қалды / жақтаймыз / кешігіп қалды / шырқап қоя берді / ойлайсыз ба? /

 **7-тапсырма.** *Пікіріңізді білдіріңіз.*

Сіз журналист ретінде шетелдік танымал адаммен кездесіп, сұхбат алып отырсыз. Ол өз кезегінде Қазақстанның рәміздері, тарихи және көрікті жерлері туралы сұрайды.



8-тапсырма. *Сөйлем құрастырыңыз.*

Оқып шығу (прочитать), шаршап қалу (устать), күле беру (продолжать смеяться), бере салу (отдать), ұйықтай жаздау (чуть не уснуть), күте тұру (подождать), көшіп келу (переехать), жуып қою (вымыть), ұмытып кету (забыть), төгіп алу (пролить), жөндеп беру (починить), ішіп қою (выпить), құлап қалу (упасть).



9-тапсырма. *Өлеңді жаттап алыңыз.*

Тәуелсіздік

Өзіндікі Елің де,
Өзіндікі Жерің де.
Өзіндікі өзің еткен Бақ
Тәуелсіздік төрінде.
Асқар Тау да сенікі,
Бақша, бау да сенікі.

Қалтқысыз Дос пенен
Қатал Жау да сенікі.
Өзіндікі Туың да,
От пен Ауа, Суың да.
Жаса, Қазақстаным,
Белді бекем буын да!..

(Иран-Ғайып)



ТЕЛЕВИЗИЯДАҒЫ БЕЙНЕБАЯН ТҮСІРУ ТӘСІЛДЕРІ

Телевизия – журналистика, көркем әдебиет, бейнелеу, музыка, ақпарат, театр т.б. салалардың синтездік өнімі. Белгілі бір көрініс жасау үшін оның жанрына қарай жоғарыда аталған салалардың мүмкіндіктері түгел қолданылады. Алайда олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері сақталады. Сондай-ақ олардың қолданылу заңдылықтары бар.

Телевизияда бейнелік көрініссіз сөзбен жеткізетін ең негізгі жағдайлар мыналар:

- бейнебаян арқылы көрсетуге мүмкіндік болмаған жағдайда;
- оқиғаны сол адамның өзінің сөзі арқылы бергенде ғана сенім тудыратын болса;
- даулы мәселеге жеке адамның көзқарасы міндетті түрде қажет етілсе.

Телевизия туындыларының көркемдік сапасын арттыруда телеоператорлық, телережиссуралық және монтаждау өнерлерінің де алар орны айырықша. Жекелеген бейнелерді лайықты әрі кәсіби жоғары деңгейде түсірудің өзі камераны дұрыс орналастырудан, сурет нысаны мен камера екеуінің арасындағы қашықтықты дәл сәйкестіруден, түсіру нүктені нақты белгілеуден басталатын күрделі өнер. Көрермен назарын эфирге аудару үшін бейнебаянды жандандырып, мазмұнын тереңдету үшін жекелеген бейнеден басқа панорамалық, ракурстық, «наезд», «отъезд» тәсілдері пайдаланылады.

Панорамалық бейне дегеніміз бір нүктеден немесе белгілі бір нысаннан келесі жағына барып бітетін үзіліссіз қозғалысқа негізделген бейне көріністің түрі. Панораманы ішінара жоғары-төмен, көлбеу және айналма деп бөледі. Ал, «наезд» дегенге келсек, ол – түсірілетін нысанға жақындап баратын қозғалысқа негізделген бейне. Олай болса, «отъезд» нүктеден немесе нысаннан шегінуді білдіретін қозғалыс.



Ракурстық бейне деп нысанды бір қырынан немесе тас төбесінен, не көлбетіп түсіруді айтады. Әдістемелік тұрғыдан осылай түсіндіруге болады.

Телевизия өнерінде *монтаждау* ісінің де алар орны айтарлықтай. Ол туралы зерттеуші-ғалым Клара Қабылғазинаның оқулығы жарық көрген. Монтаждаудың да өзіндік сатылары мен байланыстары, қараңғылық жасау, сіңіру, перделеу секілді арнайы тәсілдері баршылық.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері


көрініс –	кадр
заңдылықтар –	закономерность
бейнебаян –	изображение
даулы мәселе –	спорный вопрос
көзқарас –	взгляд, мнение, точки зрения
туынды –	произведение
сенім тудыру –	создать достоверность
дұрыс орналастырудан –	от правильной расстановки
қашықтық –	отдаленность
жекелеген бейне –	здесь: изображение крупного плана
қозғалыс –	движение
күрделі өнер –	сложное искусство
шегіну –	отходить назад; отступать
ракурстық бейне –	ракурсное изображение
панорамалық бейне –	панорамный образ
сіңіру –	здесь: поглашение
көлбеу және айналма –	наклон и вращение
перделеу –	занавеска

1-тапсырма. *Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. Телевизияда сөзбен жеткізетін ең негізгі жайларды айтып беріңіз.



2. Телевизияда қандай тәсілдер пайдаланылады?
3. Понарамалық бейне дегеніміз не?
4. Ракурстық бейне дегеніміз не?
5. Монтаждау өнерінде қандай тәсілдер бар?

 **2-тапсырма.** Командалық жұмыс. Сұхбат үлгілерін жасаңыз.

Сіз «Алматы ақшамы» газетінің журналисті ретінде биылғы жылғы «Тұран ханшайымы» («Мисс Туран») атанған студент қыздан сұхбат алыңыз.

Сіз «Қазақстан» арнасының журналисті ретінде «Тұран ханшайымы» («Мисс Туран») атанған студент қыздан сұхбат алыңыз.

3-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

Теория того, как брать интервью

Прежде чем предложить кому либо дать интервью, нужно этого кого-то хоть немного изучить. Что он(а) любит, что является провокацией, какие вопросы позволят скомпрометировать и т.д. В общем все, что вы сможете узнать. Это поможет в дальнейшей работе. Иначе, хорошего интервью не получится, а получится вопрос-ответ и ничего интересного. Так же необходимо задать цель вашего интервью. От цели будет зависеть конечный результат. Нужно сразу определить – то, что вы хотите от человека.

Құрмалас сөйлем. (Сложное предложение)

Екі не одан да көп жай сөйлемдердің мағыналық және интонациялық тығыз бірігуі арқылы күрделі ойды білдіруге қызмет ететін сөйлемді *құрмалас сөйлем* дейміз.



Құрмалас сөйлемде кем дегенде екі предикативтік орталық болады, яғни екі одан да көп жай сөйлемдерден тұрады.

Салалас құрмалас сөйлем.
(Сложносочиненное предложение)

Құрамындағы предикативті сыңарларының баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, интонация және жалғаулық шылаулар арқылы байланысатын құрмалас сөйлемді *салалас құрмалас сөйлем* дейміз.

Салалас құрмалас сөйлем: ыңғайластық, қарсылықты, себеп-салдар, кезектес, талғаулы, түсіндірмелі болып бөлінеді.

ыңғайластық		
Жай сөйлемдері бір-біріне іргелес болған уақиғаны, істі білдіретін салалас түрі	және, әрі, да, де, та, те	Бұл тәсіл өте әсерлі шықты әрі тез қабылданды, хабардың мағынасын аша түсті.

қарсылықты		
Жай сөйлемдерінің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін салалас түрі.	бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, сөйткенмен, алайда, әйтсе де, әйткенмен	Болашақ журналистер жақсы білім алып жатыр, алайда ешкім жақсы мақала жазған жоқ.

себеп-салдар		
Жай сөйлемдерінің бірі екіншісінің себебін білдіретін салалас түрі.	өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін, неге десеніз, сол себепті т.б.	Ол жақсы оқиды, себебі жақсы маман болғысы келеді. Ұзаққа бармайтын бағдарлама, себебі халық «көшірмені» қабылдамайды.



<i>кезектес</i>		
Жай сөйлемдердегі іс-қимылдың кезектесіп келетінін білдіретін салалас түрі.	бірде, біресе, кейде	Кейде эфирдегі үш сағаттың $\frac{1}{2}$ бөлігін көп сериялы шетелдік телефильмдер алып жатты. Мен бірде қуанамын, бірде ренжимін.

<i>талғаулы</i>		
Жай сөйлемдерінде айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана орындалатынын білдіретін салалас түрі.	не, немесе, я, яки, не (я), болмаса, әлде, әйтпесе	Менің мақалам газетке не ертең шығады, не одан кейінгі санда басылады. Ертең я жел тұрады, я жауын жауады.

<i>түсіндірмелі</i>		
Екінші жай сөйлемі бірінші сөйлемінің мағынасын түсіндіріп тұратын салалас түрі.	жалғаулығы жоқ	Газет публицистикасы екі негізгі қызмет атқарады: бірі – ақпарат таратады, екіншісі – үгіт-насихат жүргізеді. Кәсіпкерден сұхбат алудың сәті түсті: оқырмандарды қызықтыру керек.

4-тапсырма. *Туісті жалғауларды қойып, салалас құрмалас сөйлемге айналдырыңыз.*

Жоғары оқу орындарына бюджеттен бөлінетін ақша бәріне жете бермейді. Талапкерлердің көпшілігі ақылы негізде оқуға түсуге



Кәсіби қазақ тілі

мәжбүр. Қазақстан өркениетті елдер қатарына ілігуді мақсат етіп отыр. Халқы, болашақ ұрпағы білімді болуы керек. Агенттік төрағасы кәсіпкерлердің көптеген сауалдарына жауап берді. Кәсіпкерлер оған қанағаттанбады. Республикалық агенттікте шағын бизнесті қолдау мәселелеріне байланысты «дөңгелек үстел» өткізілді. Оған көп кәсіпкерлер қатыса алмады.

5-тапсырма. *Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойыңыз және орыс тіліне аударыңыз.*

- 1) Мен оған сен туралы айтқанмын, ол тындамады.
- 2) Жаңбыр жауды жер көгерді.
- 3) Нұрлан ауырып қалды, жұмысқа шыққан жоқ.
- 4) жаңбыр жауады, күн шығады.
- 5) қатты сөйлейсің, жәй сөйлейсің.

6-тапсырма. *Қазақ тіліне аударыңыз және салалас құрмалас сөйлем түрлерін табыңыз.*

Он не хотел сегодня уезжать, и к тому же день был холодный.
Собрание закончилась, и народ стал расходиться.
Я давал ему свою книгу, но он не взял.
Он ушел раньше меня, но я его догнал.
В кино сегодня либо я пойду, либо ты пойдешь.
Прошло много времени с тех пор, как я пришел.
После сдачи экзаменов поедem домой.

7-тапсырма. *Төмендегі сөзбе бойынша сөйлем құраңыз.*

Ыңғайлас салалас:	және, әрі, да, де, та, те	1. 2. 3.
Қарсылықты:	бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, сөйткенмен, алайда, әйтсе де, әйткенмен	1. 2. 3.
Себеп-салдар:	өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін, неге десеңіз, сол себепті т.б.	1. 2. 3.



Кезектес:	бірде, біресе, кейде	1. 2. 3.
Талғаулы:	не, немесе, я, яки, не (я) болмаса, әлде, әйтпесе	1. 2. 3.
Түсіндірмелі:	жалғаулығы жоқ	1. 2. 3.

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойыңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Менде әрі құжат , үйдің нөмірі жоқ.

Меруерттің даусы жақсы, ол өлең айтуға ұялады.

Ертерек үйге дәрігер шақыру керек ауруханаға бару керек.

Біз кешке Республика сарайына барамыз салтанатты кеш болады.

Журналистер мақала жазса, қонақтардан сұхбат алады.

Абзал Ерболға қарап ашуланады, Актілекке қарап қалжындайды.

Ол мақаласын түнде жазып отыр, ол күндіз редакцияның тапсырмасымен зауытқа барып келген.

Алыстан әлдекімдердің күбірлеген дауысы естіледі, қай жақтан естілетінін шамалай алмаймын.

Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар құлағымен есіткен айтар.



25-сабақ

ТЕЛЕДИДАР СЫРЛАРЫ

XX ғасырдың озық техникасының бірі – теледидар. Теледидарға бұл күнде түрлі анықтама береміз. Теледидар – идеология құралы. Теледидар – ойды бүкпесіз жеткізетін ашық алаң. Теледидар – бала үшін тәрбиеші болып отырғаны да бұлтартпас шындық. Теледидар – тіл үйретуші құрал.

Көптеген зерттеулерге қарағанда, адам күніне кем дегенде 3-4 сағатын теледидар алдында өткізеді екен. Бұл дегеніңіз, әрбіріміз 3-4 сағат ішінде көк сандықтан тәлім-тәрбие алып, санамызға түрлі ақпаратты сіңіреміз деген сөз.

Телеарналардағы жүргізуші басқа мамандық иелері емес, журналистер болуы тиіс. Өйткені телеарнаның, бағдарламаның рейтингісі журналистің қалай жүргізгеніне тікелей қатысты болады.

Телевизия – *видео, мәтін, табиғи дауыс* секілді компоненттердің теңдей қосындысы.

Радио мен газет журналистеріне қарағанда, телевизия үшін уақыт өте маңызды. Газеттегі әріптестердің 200-500 жолдық мақаласына арқау болатын ақпаратты тележурналистер жаңалықтар қызметінде – 1,5-2 минутқа, ал сараптамалық бағдарламада – 5 минуттық уақыттың ішіне сыйдырулары қажет.

Радио және газет журналистері видеомен жұмыс істемейтіні белгілі. Ал телевизияда видео, мәтін, дыбыс ұштағанын қатар алып жүруің қажет. Бұл арада интонацияны ерекше атап етуге болады, өйткені тележурналистерде кездесетін проблема – дауыстың дұрыс қойылмауы, болмаса интонациямен жұмыс істемеу.

Газет журналистері қолына 30 грамдық диктофон алып жалғыз өзі баратын болса, ал телевизия журналистері жанына операторды, жарық қоюшыны, кейде тіпті режиссерді де ертіп жүретін кездері болады. Ал газет журналистерінің жанында кейбір кездерде ғана фотожурналист еріп жүреді. Олар суретті көбіне газет мұрағатынан немесе интернеттен ала алады.



Телевизия журналистеріне материалдағы бейне аса маңызды. Ал ол бейнені қалай түсіру жөнінде тележурналистер «оны түсіретін оператор бар емес пе?» – деп ойлайды. Бұл өте қате пікір! Тележурналистің жанындағы оператордың не түсіргені ол үшін өте маңызды болуы шарт!

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

сыр –	здесь: особенности
бүкпесіз –	здесь: истинно
бұлтартпас –	неотвратимый
кем дегенде –	минимум
сіңіреміз –	здесь: воспринимаем
тікелей –	непосредственно
қатысты –	здесь: зависеть
теңдей –	равномерное
қосынды –	сумма
сыйдыру –	здесь: три компонента
қатар алып жүру –	одновременное применение
жалғыз өзі –	один сам
шарт –	условие
мұрағат –	архив
ертіп жүру –	брать с собой
дауыстың дұрыс қойылмауы –	неправильная постановка голоса
жаналықтар қызметі –	служба новостей

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Телеарнаның, бағдарламаның рейтингісі неге қатысты болады?
2. Телевизия компоненттері туралы айтып беріңіз.





3. Телевизия үшін өте маңызды нәрсені атаңыз.
4. Телевизияда қатар алып жүретін ұштағанды атап беріңіз.
5. Тележурналистердің жанында кімдер бірге еріп жүруі тиіс?

2-тапсырма. *Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.*

Ескерту! Дәрігерлердің жүргізген арнайы зерттеулері 14 жасқа толмаған оқушылардың күніне көретін телевизиялық хабарларының ұзақтығы 1 сағаттан аспауы керек екенін ескертеді. Ересек оқушылар хабарларды үзіліссіз 2 сағаттан артық көрмегені жөн. Теледидарды жұмыс және демалыс режимдерін бұзбай, отбасы мүшелерінің ұнататын және талап-тілегіне сай келетін, олардың барлығына пайдасы бар хабарларды алдын ала тандап алып, дұрыс пайдалану қажет.

 **3-тапсырма.** *Командалық жұмыс. Пікір білдіріңіз.*



Сабақтас құрмалас сөйлем

(Сложноподчиненные предложения)

Құрамындағы предикатив сыңарларының алғашқысының баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, екіншісіне бағына байланысатын құрмалас сөйлемді сабақтас құрмалас дейміз.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада тұрған сыңарын бағыныңқы сыңар, баяндауышы тиянақты тұлғада тұрған сыңарын басыңқы сыңар дейді. Бағыныңқы сыңар мен басыңқы сыңар бір-бірінен үтір арқылы ажыратылады.



Сабақтас құрмалас сөйлем: шартты бағыныңқы, қарсылықты бағыныңқы, себеп бағыныңқы, мезгіл бағыныңқы, қимыл-сын бағыныңқы, мақсат бағыныңқы болып бөлінеді.

Шартты бағыныңқы

Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің шарты болып келетін сабақтастың түрі.

қайтсе? не етсе? қайткенде? не еткенде?

Күн бұлттанып еді, бірақ жаңбыр жаамады. Шығыс болмай, кіріс болмас.

Қарсылықты бағыныңқы

Бағыныңқысы басыңқы сөйлеміне қарама-қарсы болып келетін сабақтастың түрі.

қайтсе де? не етсе де? қайткенмен? не еткенмен? не етпестен?

Мен оған сен туралы айтқанмын, бірақ ол тыңдамады.

Себеп бағыныңқы

Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің себебін білдіретін сабақтастың түрі.

неліктен? не үшін? несі үшін? не себепті? не деп?

Журналистер газетке мерекелік нөмір дайындағандықтан, жұмыстан кеш шықты.

Мезгіл бағыныңқы

Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің мезгілін білдіретін сабақтастың түрі.

қашан? қай кезде? қашаннан бері?

Тұңғыш жинағы кітап болып шыққан кезде, ата-анасы қатты қуанды.



Қимыл-сын бағыныңқы

Бағыныңқысы басыңқы сөйлемде айтылған іс-қимылдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрі.

қайтіп? не етіп? қалай?

Жылжымалы телестанция әржақтан түсіріп, хабарды дайындадық.

Мақсат бағыныңқы

Бағыныңқысы басыңқы сөйлемдегі ойдың мақсатын білдіретін сабақтастың түрі.

не мақсатпен? неге? не үшін? не етпек болып?

Телехабарды жастар өміріне арнау үшін, мемлекетіміздің жастар саясатын зерттедім.

4-тапсырма. *Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін ажыратыңыз және тұсына жазыңыз.*

Ата-анасын көруге асығып, Оспан үйге кірді. _____

Бірлік болмай, тірлік болмас. _____

Марат оқымақшы болып, қалаға кетті. _____

Оспан маған айтпастан, үйден шығып кетті. _____

Тәжірибеден өтпейінше, бұл тақырыпты түсінбейсің. _____

Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл. _____

Күн жылы болғандықтан, біз серуенге шықтық. _____

Марат Халыққа қызмет көрсету орталығына бармас бұрын, құжаттарын реттеді. _____

Ахмет жарақатына қарамастан, күндіз-түні еңбектеді. _____

Әні әлемді шарлап, өз халқының даңқын жайып, Роза өз еліне оралды. _____

Ол білім алу үшін, біраз қалаларды аралады. _____

Далаға шығып тоңғанша, үйде отыр. _____



5-тапсырма. Сөйкестендіріңіз және сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін ажыратыңыз.

Айтқан сөзің дұрыс болса,	арнаулы ауруханаға жатқызғанды.
Жұмыс уақыты әлдеқашан аяқталса да,	аяғының ұшынан басып өз бөлмесіне өтті.
Жазғы демалысқа шыққалы,	бет-аузын орамалмен таңып алыпты.
Халі ауыр болған соң,	қалғанын өздері түсіне жатар.
Үйдегілерді оятып алмайын деп,	ауыл балалары күнде кешкісін Бапай шалдың үйінің іргесіне жиналамыз.
Ақ ұлпа бұлттың үстінде қалықтап бара жатқандай болып,	достары әртүрлі амал істеген-ді.
Еламанның жаман әдетін қойғызбақ болып,	Рахат пен Лиза ертеңгі жиналыстың барысын талдап ұзақ отырды.
Аянның ертегісін тыңдау үшін,	тек дене еңбегімен айналысып жүр.
Серіктері танып қалмас үшін,	ерекше бір күйді басынан кешірді.

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңыз және орыс тіліне аударыңыз.

Мыңның білгенше, бірдің біл.
..... қосылса, жоқ қылады.
..... өмір сүрсем де, аз секілді көргенім.
..... басылып қалды, бірақ тоқталған жоқ-ты.
Не ексең, соны
..... түзелмей, түзелмейді.



Алматының ашылмағандықтан, төпеп жауып тұр.
Жақсы болса, маған айт.
..... оқысаң, боласың.

Керекті сөздер:

бір / жаңбыр / орасың / гитара сазы / кино / бір дауысты / жетпіс жыл / ән / соны / мін / аспаны / білімді / кітапты / атын / көп дауыс / түсін

7-тапсырма. *Келесі жай сөйлемдерді сабақтас құрмалас сөйлемге айналдырыңыз.*

Үлгі: Омар айтты. Іс орындалады. – Омар айтқан соң, іс орындалады.

Жігіт орнынан тез тұрды. Келген кісіге есік ашты.

Мәтінді басып болыңыз. Асқардан көбейтіп беруді сұраңыз.

Өзіңе қажетті тақырыпты тандап ал. Тақырыпқа байланысты ақпаратты қарап шық.

Университетке жақындай берген. Студенттер топырлап алдынан шықты.

Мәжіліс аяқталды. Әсем мен Қуаныш сөйлесті.

Барып сырттан құлақ салдық. Ешбір дыбыс естілмейді.

Осы кісінің жәрдемі болды. Біз баратын жерімізге тез бардық.

8-тапсырма. *Мәтінді мазмұндаңыз.*

Теледидар (телевизор) – (лат. «алыстан көруші») сурет, дыбыс және видеоны желісіз көретін электронды құрылғы. Теледидардың пайда болуына ХІХ ғасырда Паповтың жасаған радиосы себеп болды. Ең алдымен 1884 жылы неміс өнертапқышы Пауль Нипков «Нипков дискісін» ойлап тапты, бұл механикалық телевиденияның негізі болды. Кейін 1906 жылы 10 қазанда Карл Фердинанд Браунның оқушысы өнертапқыш Макс Дикманн мен Г.Глаге сурет жіберетін Браун түтікшесін ойлап тапты. 1930 жылы



А.П.Константинов және 1931 жылы С.И.Катаев сигналды видео сурет ойлап тапты. Теледидардың негізін 1933 ж. АҚШ-та тұратын 11-сынып оқитын Ресей инженері В.К.Зворыкин ең алғаш видеосигналды ойлап тапты. КСРО-дағы ең алғаш теледидар «КВН-49» 1949 жылы ойлап табылды. 1947 жылы АҚШ-та 180 мыңға жуық теледидар болған. Ал 1953 жылы олардың саны 28 млн-ға жетті. Осылайша теледидар жасалған.



26-сабақ

РАДИО ЖӘНЕ РАДИО ТІЛІ

Радио дегеніміз – бұл көңіл-күй құбылысы. Көңіл-күй – ұстап көруге болмайтын дүние, ол материалдық игіліктерден де маңыздырақ. Радио дыбыс арқылы аса ауқымды аудиторияға әсер етудің орасан зор мүмкіндіктерін ашады. *Тіл, музыка, шу, монтаж* – радионың түсіндіру құралдары.

Дауыс үндестігі, сөйлеу ырғағы, логикалық және эмоциялық екпін түсіру, сөйлеу қарқыны – бұның бәрі де оқырманмен әңгімелесу тәсілдері болып табылады. Осының ішінде ең басты рөлді «сөз» атқарады. Өйткені, ол негізгі ақпаратты жеткізу құралы, қалғаны оны толықтырып, әсерлендіріп тұрады. Жүргізуші әрқашан белгілі бір әңгімелесушімен сөйлесуге бейімделгендіктен, сол адамның тілінде сөйлеуі тиіс. Сондықтан радионың тілі кітаптың немесе газеттің тіліне қарағанда өзгеше.

Радио тілі – ауызекі тіл. Ауызекі тіл – жанды тіл. Радио тілі – қарапайым, түсінікті, тапқыр, бейнелі, әуезді болуы керек.

Радиода дыбыс айрықша рөл атқарады. Сондықтан сөйлегенде дауысты жоғарылату мен төмендетудің, екпіннің және үн ырғағының радио тілінде орны үлкен.

Ауызша сөзді *радиосөзге* айналдыра білу де өнер. Ол үшін қазақ тіліндегі фонетиканың, морфологияның, лексиканың, синтаксистің заңдылықтарынан хабардар болу керек. Сонда ғана радиода хабарлар дайындауда табысқа жетуге болады. Ауызша сөзді жетілдіре отырып, өңдеп, көркемдеп, мағыналы түрде қолдана білу – *радиосөзді* жасайтын жол.

Қанатты сөздер де радиосөзге ерекше әсер етіп, тыңдарманды қызықтырады.



Радиосөздің нормасын жасайтын лингвистикалық база – ауызша сөздің стилистикасы болып табылады. Белгілі бір нормадағы ауызша сөз радиосөздің негізі болып есептеледі. Ал осы радиосөздердің жалпы жиынтығы: нормалары, стилистикасы, заңдылықтары, жүйесі, т.б. көптеген компоненттері *радио тілінің* қалыптасуы мен дамуын анықтайды.

Мәтінге қажетті сөздер және сөз тіркестері

шу –	шум
көңіл-күй құбылысы –	здесь: духовное явление
ұстап көруге болмайтын дүние –	нематериальное
материалдық игіліктер –	материальные ценности
дауыс үндестігі –	гармония голоса
сөйлеу ырғағы –	ритм речи
логикалық және эмоциялық екпін түсіру –	здесь: произносить с логическим и эмоциональным ударениями
сөйлеу қарқыны –	темп речи
толықтыру –	дополнять
өңдеу –	обрабатывать
жүргізуші –	ведущий
әңгімелесуші –	собеседник
бейімделу –	приспосабливаться
қарапайым –	простой
қысқа –	короткий
түсінікті –	понятный
тапқыр –	меткий
бейнелі –	образный
әуезді –	здесь: выразительный
ырғақ –	ритм
қанатты сөздер –	крылатые слова



Кәсіби қазақ тілі


әсер ету –	произвести впечатление
тыңдарман –	слушатель
аса ауқымды –	широкомасштабная
ауызекі тіл –	устная речь
жанды –	живая речь
радиосөз –	радиоречь
хабардар болу –	в курсе
жетуге болады –	достичь
көркемдеу –	повысить художественную изобразительность
қанатты сөздер –	крылатые слова
жүйе –	система

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Радио тілі» қандай болуы керек?
2. Радиода ерекше рөл атқаратын не екенін айтыңыз?
3. Радиода хабарлар дайындауда табысқа жету үшін нелерден хабардар болу керек?
4. Радиодағы радиосөзге ерекше әсер етіп, тыңдарманды қызықтыратын не нәрсе?
5. Радио тілін құрайтын радиосөздердің жалпы жиынтық компоненттерін атаңыз?

203

 **2-тапсырма.** Пікір білдіріңіз.





3-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз, ондағы таныс емес сөздерді сөздіктен көріп, мағынасымен таныс болыңыз.

Қазақ радиосындағы сұхбат

Тілші: – Қайырлы таң, құрметті бауырлар! Бүгінгі біздің хабарымыздың қонағы – Қазақстан-Британ техникалық университетінің бірінші курс студенті Хасенов Марат. Марат, біздің шаңырағымызға қош келдіңіз!

Марат: – Сәлеметсіз бе? Рақмет.

Тілші: – Марат, сіздің туған жеріңіз?

Марат: – Менің туған жерім – Астана қаласы.

Тілші: – Орта мектепті Астана қаласында бітірдіңіз бе?

Марат: – Иә.

Тілші: – Қазақстан-Британ техникалық университеті еліміздегі ең беделді, алдыңғы қатардағы жоғары оқу орны ғой. Университет осындай беделге қалай жетті екен?

Марат: – Иә, біздің университетімізге өз біліміне сенгендер ғана түседі. Білім сапасы ғана бедел алып береді деп ойлаймын.

Тілші: – Дұрыс екен. Марат, бүгінгі біздің сөз етпек болған тақырыбымыз – жастардың туған жерге деген сағынышы туралы. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген жастар туған жерлерін сағына ма және сол сезімдерін айтып бөлісе ме?

Марат: – Әрине, сағынады. Әсіресе, бірінші курста қатты сағынатын сияқты. Өз үйінен бірінші рет алысқа ұзап шыққан жастар жаңа ортаға бейімделіп кете алмайды. Содан кейін ата-ананың қамқорлығын, он бір жыл оқыған мектебінді, ұстаздарынды, достарынды, бәрінен-бәрі сағынасың.

Тілші: – Жақсы! Өзің айтпақшы, жастардың туған жерге деген сағынышы бірінші курста ғана басымырақ болады да, кейін басылып қалатын сияқты. Университетті бітірген соң, өзімнің аулыма, қалама барып қызмет жасаймын деген жастар аз. Шамасы келсе, бәрінің шетелге барып қызмет жасағысы келеді. Көп ақша тапқысы келеді. Туған жерге деген баяғы сезім балалықтың бір естелігі сияқты көрінеді. Осыған сенің ойың қалай?

Марат: – Дұрыс айтасыз, бірақ өз басым ол сезімді басымнан өткізген жоқпын. Сондықтан маған ой айту ертерек сияқты. Бірақ



сенің Отаныңды басқа елдің азаматтары емес, өзің ғана көтеретінін білу керек.

Тілші: – Жастарға біздер, үлкендер, ақыл айтсақ, дұрыс түсінбей қалады. Жастар, өздерің, құрбыларыңа айтсаңдар, өтімді болатын сияқты. Марат, сен қандай тілек айтар едің?

Марат: – Менің достарым, ауылдан, өз үйімізден ең алғаш ұзаққа кеткендегі тап-таза сағыныш сезімімізді жоғалтып алмайық. Біз қаншалықты есейсек те, ата-аналарымызға сәбиміз, туған жерге перзентпіз. Соны ұмытпайық дер едім.

Тілші: – Рақмет, өзіңнің де туған жердің адал перзенті болуыңа тілектеспін. Сау бол.

Марат: – Сау болыңыз. («ЕШКО» журналы).

Аралас құрмалас сөйлем

(Сложно-смешанные предложения)

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында кем дегенде үш жай сөйлем болады. Олар бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысады.

Аралас құрмалас сөйлем енді бірде тиянақсыз-тиянақты-тиянақты тұлғалы болып келіп, әр сыңарының өзіндік басыңқы сыңары болады. Мұнда алғашқы тиянақсыз тұлғалы сыңар өзінен кейінгі сыңардың бағыныңқысы сипатында жұмсалады, ал екінші сыңар тиянақты тұлғалы бола тұра, келесі сыңардың бағыныңқы бөлігі болып табылады. Үшінші сыңар ортаңғы сыңарға басыңқы сипатта тұрса да, бірінші сыңармен мағыналық байланысқа түспейді.

Аралас құрмалас сөйлем

салалас + сабақтас + салалас	сабақтас + салалас + салалас	сабақтас + салалас + сабақтас + салалас	салалас + сабақтас + сабақтас + салалас
Біз учаскелік полицияға ерте	Көзін сәулеге үйреткен	Тергеуші есік алдына	Ол бастықтың



хабарладық, бірақ олар телефон тұтқасын ұзақ уақыт көтермегендік- тен, қылмыскер- лерден айырылып қалдық.	Асқар терезеден қараса, аспан айдай ашық екен де, шуақты күн түске тармасып қалған екен.	шығып кетсе, куәгерлердің дауыстары үздіксіз шығады да, тергеуші қайтса, сөздерінің аяқталмай, тоқталғаны аңдалады.	бөлмесіне келген еді, бірақ басқа келгендер болып, көпке дейін кезек келмей, есік алдында күтіп қалды.
--	--	--	--

4-тапсырма. Сөздікті пайдалана отырып, қазақ тіліне аударыңыз.

- 1) Мынның түсін білгенше, бірдің атын біл.
- 2) Бір күн дәмдес болғанмен, қырық күн сәлемдес.
- 3) Көп дауыс қосылса, бір дауысты жоқ қылады.
- 4) Жетпіс жыл өмір сүрсем де, аз секілді көргенім.
- 5) Ән басылып қалды, бірақ гитара сазы тоқталған жоқ-ты.
- 6) Не ексең, соны орасың.
- 7) Сын түзелмей, мін түзелмейді.
- 8) Алматының аспанын бұлт басып, жаңбыр төпеп жауып тұр.
- 9) Жақсы кино болса, маған айт.
- 10) Кітапты оқысаң, білімді боласың.

5-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

Аралас құрмалас сөйлем:	Қара басыма пайдасыз екен деп, мен көптің мұңын аяққа баса алмаймын.
Сабақтас құрмалас:	Өзінді өзің сыйламасаң, өзгеден сый дәметпе.
Салалас құрмалас:	Ақын жауабын аяқтады, жастар тағы сұрақтар жаудырды.



Мезгіл бағыныңқы сабақтас:	Сен қазір жұмысқа кіріспесең, ертең үлгере алмайсың.
Қарсылықты бағыныңқы сабақтас:	Әңгімені басынан бастамақ болып, Саржанмен кездескен күнді есіме толық түсіріп көрейін.
Себеп бағыныңқы сабақтас:	Ол кітапханаға бара жатқанда, алдынан Серік шықты.
Мақсат бағыныңқы сабақтас:	Зейнетке шыққанмен, ол кісі жұмыстан қол үзген жоқ.
Шартты бағыныңқы сабақтас:	Еңбек етсең, қара жер де береді.

6-тапсырма. *«Жаныңда жүр жақсы адам» тақырыбына эссе жазыңыз.*

7-тапсырма. *Тыныс белгілерін қойыңыз және сөйлем түрлерін ажыратыңыз.*

1. Түні бойы жазғандарын хатшыға көшіртіп алып Асанов қайта оқып шығып еді толып жатқан қайшылықтар көп екен.
2. Күн батуға таянғанда аспан әлемін қара бұлт қаптаған еді терістіктен соққан күшті жел жерге бір тамшы да тамызбады.
3. Сабақты жақсы оқысаң жолдастарың құрметтейді және ата-анаң қуанышқа кенеледі.
4. Бізше адам өмірін түзеуге барлық адамдар тату тұруға негізгісі ақ жүрек адал еңбек арлы ақыл болуы керек.
5. Жақыныңды ренжітсең жатқа күлкі боларсың.
6. Махаббатта бір-ақ формула бар ол тұрақтылық.
7. Сен қазір жұмысқа кіріспесең ертең үлгере алмайсың.
9. Отыз екі жасқа келгеніне қарамастан осы жазда капитан Ер-болатовтың самайына ақ кірді.
10. Күлген жақсы бірақ шектен аса күлу мәдениетсіздік.



8-тапсырма. *Сабақтас құрмаластың жасалу жолын түсіндіріңіз, өлеңді жаттап алыңыз.*

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас!
Ел үшін жанын кешіп, жауды қуған,
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Арқаның селі, желі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

М.Жұмабаев.

9-тапсырма. *Мазмұндаңыз және орыс тіліне аударыңыз.*

Ақшаның әсері

– Түсінбеймін: кедейге барсаң – ақжарқын, қолдан келгенше көмектесуге асығады. Байға барсаң – көкіректеніп, сені тыңдамақ түгіл, байқамайды да. Айтшы, шынында да, ақшаның әсері осыншалықты күшті ме?

– Терезеге қарап не көріп тұрғаныңды айтшы?

– Бір әйелді баласымен. Базар жаққа кетіп бара жатқан арбашыны...

– Жақсы. Енді айнаға қара, не көріп тұрсың?

– Айнадан не көруші едім? Өзімді ғана.

– Негізінде терезе де әйнектен, айна да әйнектен жасалынған. Алайда, аздап күміс себілген әйнектен өзіңнен өзгені көре алмайсың.



II БӨЛІМ

Мен кімге еліктеймін?

Танымал журналистер

Дина Төлөпберген

(Газетке берген сұхбатынан ықшамдалып алынды)

ҚР халқы Дина Төлөпбергенованы «Отырар» телеарнасындағы «Жас толқын» жастар хабарынан танып білсе, енді Динаны «КТК» телеарнасындағы «Астарлы ақиқат» бағдарламасын жүргізетін журналист ретінде біледі.

«Астарлы ақиқат» бағдарламасы туралы Дина:

– «Астарлы ақиқаттың мақсаты бүгінгі болмысты бұқпасыз, боямасыз баяндау. Бұл жобادا біз тың идея аясына ұмтыламыз. Оның мақсаты – мысқылмен намысты қайрау, көңілді толғандыру, ойлылыққа шақыру. Астарлы ақиқаттың әкесі – КТК телеарнасы, анығын айтсам, Арман Шораев, Дәурен Меркеев, Срайыл Смайыл деген ағаларым, ал анасы – мен. Ой тұнығында жатқан ойлар көп. Қазіргі таңда, шығармашыл достарыммен бірге әлеуметтік роликтерді түсірумен айналысып жатырмын. Деректі фильм де түсіріп жүрмін. Жалпы, алға қойған мақсатым көп. Еліміз аман, денсаулығымыз зор болса, бағындырар шыңымыздың бәрі алда! Бүгінгі қадамдарымның бәрі – тәй-тәй басу ғана...», – дейді.





Бейсен Құранбек

1971 жылы 9 желтоқсанда Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Қызылжар ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Еңбек жолын республикалық «Спорт» газетінде тілші, жауапты хатшы қызметтерінен бастаған. Ал қалған жылдарын қазақ телевидениесімен байланыстырып, «Рахат», «Хабар», «31-арна», Президент телерадиокешенінде қызмет атқарған.

2007-2012 жылдары Алматы облыстық «Жетісу» телеарнасының бас директоры болды. Қазіргі уақытта «Қазақстан» ұлттық арнасының «Айтуға оңай» ток-шоуының тележүргізушісі.



(Интернеттен алынды)

Отбасының қағидасын жеке басым үшін жазғанмын. Бұл дүниеде ережесіз ешнәрсе жоқ. Қазір керемет махаббатпен қосылып-ақ әрбір төртінші отбасы ажырасып жатыр. Себебі ортақ мәміле, ортақ қағида жоқ. Қағидаларды жазуды 25 жасымда бастадым. Оқуға кеш түскендіктен отбасын сәл кешігінкіреп, 27 жасымда құрдым. «Диплом алмайынша үйленбеймін» деп өзіме уәде берген едім.... Өмір көрген ағалар «Әр отбасының өз конституциясы болуы керек. Олай болмайынша ерлі-зайыптылар арасында сезім суып, көңіл қалады. Көңіл қалған соң шаңырақ шайқалады» дегенді. Сол сәттен бастап мен де отбасылық бағдарламамды жасай бастадым.



(Бейсеннің үйленетін кезінде жасаған қағидасы.)

Отбасының 7 қағидасы:

1) Сыйластық бірінші кезекте тұру керек. «Үйленген күннен бастап мені «сіз» дейсің» дедім. Бастапқыда «сіз» дегені құлаққа түрпідей естіліп, күлкіге көміліп қалғамын. Он бес жылдан бері «сіз» деген сөз отбасымыздың татулығының тірегіне айналды. Достарымның әйелдері біреуі 5 жылдан соң, біреуі 8 жылдан соң, біреуі 10 жылдан кейін күйеулерін «сіз» дей бастады. Анасы әкесін «сіз» деп сыйлап тұрса, бала да әкесін құрметтейтінін түсінді;

2) Сенің ата-анаң – менің ата-анам, менің ата-анам – сенің ата-анаң. Балдызыма ақыл айтсам, туған қарындасыма айтқандай айтамын, келіншегім қайнысына ұрысса, туған інісіне ұрысқандай ұрысады;

3) Қандай сыйлы қонақ келсе де, үйімізге ішімдік кіргізбейміз;

4) Балаларымызды мектепке дейін хан сияқты сыйлаймыз, мектеп кезінде шәкірт сияқты тәрбиелейміз, мектептен соң дос сияқты сырлас боламыз, бірақ ақыл айтпаймыз;

5) Ренжісіп қалсақ, 5 минуттан соң сөйлесеміз. «Жақсы адамның ашуы шәйі орамал кепкенше, жаман адамның ашуы басы жерге жеткенше». Біреуіміз қылт етсек, екіншіміз уақыт санап отырамыз;

6) Біздің үйде ер-азамат есеп бермейді, телефон соғып: «Қайда жүрсің? Қашан келесің?» – деген сұрақ қойылмайды. Кейбір достарымның әйелдері телефонмен: «Қайда жүрсің қаңғырып?» – деп жатқанын естігенде, телефоны болмаған біздің ата-бабалар не деген бақытты деп ойлаймын;

7) Ешқашан ажыраспаймыз. Маған әйел табылады, оған күйеу табылар, ал балаларға бөтен біреу әке-шеше бола алмайды.



Көк сандыққа жіпсіз байлайтын Сейітханов (Сұхбаттан үзінді)

Қазақ спорт журналистикасында өз қолтаңбасы бар спорт шолушыларының бірі – Амангелді. Оны білмейтін спорт жанкүйері жоқ шығар. Амангелдіге тән қасиет – көк сандыққа телмірген жанкүйерді қоңыр дауысымен баурап алатыны. Футболдан 1998 жылғы әлем чемпионатында, Атланта мен Сидней Олимпиадасында халықпен бірге қуанып, Бекзат пен Ермаханның жеңісін көгілдір экранның ар жағындағы дүйім жұртпен қосыла тойлағаны әлі есімде.



А.Сейітханов: – Спорт журналистикасына келуімнің өзі қызық. ҚазМУ-де оқып жүргенде ұстазым Бауыржан Омаров «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетіне шақырды. «Лениншіл жастың» табалдырығын имене аттадым. Бауыржан аға газеттің спорт бетіне жауапты Несіп Жүнісбаевтың алдына алып барды. Несіп аға маған «Қайрат» футбол командасының қазіргі жайкүйі туралы мақала жазуды тапсырды. Кейін Несіп аға «Спорт» газетінің редакторына алып барды. Сөйтіп, журфактың екінші курсында оқитын мен штаттық негізде жұмысқа қабылдандым. «Спорт» газетіне келуімнің өзі тағдыр ұсынған бақыт сияқтанды.

1994 жылы Қазақ теледидарының спорт бағдарламасы редакциясына жұмысқа ауыстым. Сол жерде «Тұғыр», «Кұм-сағат» секілді спорт бағдарламаларын аштым. Комментаторлығым өз алдына, Орталық стадионнан тікелей репортаждар жүргіздім. 1998 жылдан бастап «Хабар» агенттігінде қызмет атқарып келемін. Сол жылы Диас Омаров ағамыз екеуімізге алғаш рет «Хабар» арнасында Францияда өткен әлемдік доп додасынан тікелей репортаж жүргізуге тура келді. Ол жақтың уақыты бізге сәйкес келмегендіктен, түнімен репортаж жүргіземіз. Ал күндіз жаңалықтарда қызмет атқарамын. Содан соң 2000 жылы Сиднейден сыр шерттік. (Руслан Меделбек)



Айгүл Мүкей

1975 жылы 6 наурызда Целиноград қаласында өмірге келген. 17 жасынан бастап Целиноград телевидениесінде жұмыс істеген. Ақмола педагогикалық институтын бітірген. Алматыға 1996 жылы келген. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында орыс тілі мен әдебиетінен оқытушы болып жұмыс істеген.

1998 жылдан «Хабар» телеканалының жаналық жүргізушісі және де әртүрлі қызметтерде болған. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін біледі.

2009 жылдан бастап «Ел Арна» телеарнасының директоры және Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында аға оқытушы.

«Құрмет» және «Астананың 10 жылдығы» (2008) медальдарымен марапатталған. ҚР Президентінің алғыс хаттарын алған.

(2002) Жыл журналисі, (2003) ҚР жастар Одағы сыйлығының лауреаты, (2006) журналистика саласы бойынша «Нұр Отан» ХДП сыйлығының иегері.

Айгүл Мүкей олимпиадашыларға арнап «Алға, Қазақстан» өнінің сөзін жазған. Ондағы басты мақсатым: «Өз батырларымызды жақсы танып, құрметтеу және ән арқылы жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу» деген екен сұхбатында.

(Ал музыкасын жазған Ермек Елгезеков. Орындаушылар, танымал спортсмендер: палуан Ислам Байрамуков, жеңіл атлетші Ольга Шишигина, гимнастка Алия Юсупова және боксерлер).

Хобби – «Интересно все, что касается журналистики и телевидения; качественная литература, уход за собой и общение с друзьями и близкими, к сожалению, только на это хватает времени. Интересует дизайн и мода».





Нүртілеу Иманғалиұлы

Нүртілеу «Алтыбақан», «Көкпар», «Дода», «Ақиқат пен аңыз», «Есінде ме жолдас», «Дидар» сияқты хабарлар жасады. «Ақиқат» атты жастардың пікірталас клубын құрып, оны



«Ашық әңгіме» хабарымен ұштастырды. Бұлардың бәрінен Нүртілеудің ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы айқын аңғарылатын. Оқушы кезінде волейболмен, жеңіл атлетикамен, бокспен әуестеніп, аудандық, облыстық және республикалық жарыстардың жүлделеріне ие болған.

Бокстан спорт шеберлігіне кандидат атағына дейін жеткен. Нүртілеудің хабар ұйымдастырудағы, оны жүргізудегі тәсілдері де спортшыға тән тосын, шалт қимылдардан, эфирде жүздесіп отырған кейіпкерге күтпеген сұрақ қоюлардан тұрады. Нүртілеу «Хабар» агенттігінде «Бетпе-бет» бағдарламасы арқылы көрермен жүрегін жаулап алды.

Нүртілеу Иманғалиұлы мемлекеттік қызметте: Үкімет Кеңесінде, кейіннен Президент Әкімшілігінде қызмет атқарды. Бұл кезеңде ол мемлекетшіл қайраткер ретінде танылды. 2005 жылдан бастап «Қазақстан» республикалық телерадио корпорациясы» АҚ Жаңалықтар және сараптамалық бағдарламалар директорының орынбасары болып қызмет істеді. Көрерменге кеңінен таныс болған Бейбіт Құсанбек, Серік Жанболат, Думан Хамит, Айгүл Мүкей т.б. шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Ұлттық арнаның жұмысын жаңа биіктерге жетелеген «Күй-керуен» фестивалі, «Дала-думан», «Ән айтыс», «Күй тартыс», «Айтыс», «Қайырлы таң, Қазақстан», «Отау», «Құрбы-құрдас», «Тау-тұлға», «Бастау», «Айна-апта», «Айна» бағдарламалары



көрермендер көңілінен шықты. Идеясын өзі ұсынған «Қолтаңба» бағдарламасы мен «Көршілер» ток-шоуы көрермендер көзайымына айналды. Ол корпорацияға басшылық жасаған тұста «Қазақстан дидары» атты электрондық газет шығарылды.

Алматы облысына қарасты Ақсу ауданының «Құрметті Алматы», Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының «Мәртебелі профессоры», Қазақстан Журналистер Одағының екі мәрте лауреаты. «Алтын Жұлдыз» сыйлығының иегері, ҚР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, ҚР «Құрметті журналисі». Танымал журналист, көрнекті тележүргізуші Нұртілеу Иманғалиұлы туралы әңгіме бола қалса, жұртшылық ең алдымен оның кезекті хабарын жүргізіп болғаннан кейін көрерменмен үнемі «Бай, қуатты болайық!» деп қош айтысатын қанатты сөзін ауызға алады.



Маралбек Сағынғанов



Маралбек «Еуразия Бірінші» телеарнасы жаңалықтар бөлімінің жүргізушісі.

(Интернеттен алынды)

– Алғашқыда репортаждарды тек қазақ тілінде жазып жүрдіңіз бе? «Өзімді екі тілді журналист ретінде сынап көруге бел будым» деген болатынсыз. Сынақтан өте алдыңыз ба?

– Қазақ және орыс тілді жүргізуші ретінде бір жылдай эфирде болдым.

Орысша «акцентпен» сөйлейтінімді сынағандар да кездесті. Бірақ тап бұдан қысыла қойғаным шамалы. Бәрібір ана тілімде сөйлегендей сөйлей алмасым анық. Қазір орыс тілінде материалдар жазып, ақпараттық сайтқа беріп жүрмін. Редакторлар «қоя қой» деп жатқан жоқ. Көп мақтамайды да. Соған қарағанда әлі де сынақта жүрген тәріздімін.

– Диктор ретінде сөйлесеңіз: эфирге дейін немесе эфир барысында қандай да бір кедергілер болды ма?

– Эфирге дейін ешқандай кедергілермен ұшырасып көрмеппін. Рас, мәтіндерді түзету барысында тілшілермен, редакторлармен түсініспей қалатын кездер болады. Бұл кез келген ұжымда кездесетін жәйт. Ол керісінше өнімнің сәтті шығуына жағдай жасайды. Дегенмен, тікелей эфирдің аты – тікелей эфир. Түрлі форс-мажор сәттер болып тұрады. Менің міндетімнің бірі – сол сәттердің «жымын» білдірмей жіберу.

– Мәселен, Алматы маңында құлаған ұшақ апатынан қаза болғандар жайында ақпаратты сізге эфирге қағазға жазып әкеліп бергенде, қандай қиындық болды?

– Бұл жүргізушілік қызметімдегі ең ауыр эфир болды. Апатқа қатысты, кезектен тыс шұғыл жаңалықтар шығардық. Жиырма бір адамның қазасын естірту оңай емес. Қаза болғандардың әрқайсысының есімін көмейден күшпен шығаруға тура келді.



– Жұртшылық көбіне журналистерді тек қана келеңсіз жаңалықтар берумен шектеледі. «Кейде осы БАҚ-ты оқып, теледидар көрудің қажеті шамалы... Айтады, айтады, нәтиже жоқ...» дегендей пікірлер айтып, кінәлап жатады. Бұған не дейсіз?

– Әрине, әрбір айтқан сөзімізден нәтиже шығып жатса, біз де мәз болар едік. Алайда, БАҚ – мәселені шешетін құзыретті мекеме емес. Мәселенің түйінін тарқататын мамандар бар. Журналистердің міндеті – көрсету, айту, назар аударту, ең әрі кеткенде бақылау. Біздің арнаның басшылығы мұндай ақпараттарды негізгі жаңалықтарда көрсетпеу туралы шешім қабылдады. Сол үшін арнайы «112» бағдарламасы ашылды.



Тілеуқабыл Мыңжасар



Тілеуқабыл Үсенұлы Мыңжасар «Хабар» агенттігінің Алматы облысы бойынша тілшісі. Түркістан қаласында туылған. Білімі жоғары. Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. «Хабардағы» еңбек өтілі – 15 жыл. Телевидение саласындағы қадамын 1975 жылы Қазақ теледидарында балалар мен жастар хабарларын жасаудан бастаған.

Сүйікті ісі – гүл өсіру.

Сүйікті демалысы – табиғатта серуендеу.

Қызықты кинофильмі – «Менің атым – Қожа».

Сүйікті кітабы – Абайдың қара сөздері.

Тілеуқабыл Үсенұлының арманы – мамандығы жайлы кітап жазу.

Өмірдегі жарқын оқиғасы – Елбасына «Хабар» агенттігінің «Алтын микрофонын тапсырған сәті.

Адамдарда адалдықты бағалайды, өтірік пен қызғаншақтықты жек көреді.

Жетістіктері мен марапаттары:

- «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған;
- Президенттің Алғыс хатына ие болған;
- Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты;
- Алматы облысының Құрметті азаматы.



Қанат Әуесбайұлы



Қанат (журналистикадағы имидждік есімі *Әуесбайдың Қанаты*) халықаралық журналист, тележүргізуші, филғылқандидаты; Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультеті, телерадиожурналистика және бұқарамен байланыс кафедра-сының доценті; Еуразия телевизия және радио Академиясының мүшесі (Мәскеу); Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі; Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты;

«Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері; Қазақстан Жастар Одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін біледі.

1982 жылы 14 қаңтарда Тараз қаласында ұстаздар отбасында дүниеге келген. Журналист болуына өзінің айтуы бойынша 3 адам, 1 газет ықпал еткен. Алғашқысы көз жанары көруден қалған атасы Сақыпкерей болған. Атасы оған газеттерді оқыттырып, хат жаздырған. Атасының көңілін аулау үшін басылымдарда жарық көрген әңгімелерді, тартымды мақалалардың қызықты жерлерін оқып беретін. Сөйтіп, атасының газеттерінің арқасында қолына қалам алған. 1996 жылы республикалық «Ұлан» балалар газетінде Жамбылдың 150 жылдығына орай мектебінде өткен кеш туралы «Ғасырдың қарт бұлбұлы» атты тұңғыш мақаласы басылды. «Ұлан» балалар газетінің тұрақты авторы болып, кейінірек «жас тілшісі» атанды. Қанат кәсіби музыкант, баянда ойнайды, домбыра шертеді, пианинода ойнау өнері бар. 9-сыныптан кейін Тараздағы гуманитарлық колледждің халық аспаптары бөлімінде «баян» сыныбында бір жыл оқыған. Колледжде жүргенде құрамында баян мен екі домбырасы бар «Серілер» триосын құрған. Университетте «Бейбарыс» тобы құрамында ән айтқан. Әндері бір CD-табаққа енді. Университет қабырғасында «Жігіт сұлтаны» байқауының 1 орын иегері атанды.



2002-2003 жылдары – «Түркістан» халықаралық газетінің тілшісі;

2003-2009 жылдары – «Европа плюс Қазақстан» радиосында сазды жүргізуші;

2003-2004 жылдары – «Информбюро» ақпараттық бағдарламасында тілші, «31 телеарна»;

2004-2006 жылдары – Ақпараттық бағдарлама тілшісі, «Қазақстан» телеарнасы;

2006-2009 жылдары – Ақпараттық бағдарлама редактор-сарапшысы, «Қазақстан» телеарнасы;

2009-2010 жылдары – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті оқытушысы;

2011 жылдың наурыз-сәуір аралығында Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған «Қазақстан. Менің елім» бағдарламасының авторы, жүргізушісі, «Қазақстан» телеарнасы;

2010-2011 жылдары – «Апта.kz» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасының жүргізушісі, шеф-редакторы, «Қазақстан» телеарнасы;

2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультеті, телерадиожурналистика және бұқарамен байланыс кафедрасының доценті;

2011 жылдың желтоқсанынан бастап 2013 жылдың ақпанына дейін «Өзекжарды» телесұхбатының авторы әрі жүргізушісі, «Қазақстан» телеарнасы.

2012 жылдың 2 қарашасынан бастап 2013 жылдың ақпанына дейін «Қазақстан» Ұлттық арнасындағы қоғамдық-саяси «Алан» ток-шоуын жүргізді.



Ләйлә Сұлтанқызы Сеңгірбекова



Алғашқы шығармашылық жолымды бұрынғы «Шахар» қазіргі «Хит ТВ» арнасында бастадым. Менің Ләйлә Сұлтанқызы болып елге танылуыма бірден-бір септігін тигізген ТМД елдеріне танымал әнші Батырхан Шүкенов. Ол 1996-97 жылдары «А-студио» тобымен бірге Ресейден Алматыға гастрольдік сапармен келгенде үнемі менің бағдарламаларымды көріп «қазақшаны өте жақсы сөйлейді екен» деп маған таңырқап қарап жүреді екен. «Шахар» арнасының ол кездегі бастығы Қайрат Көлібаев болатын.

Бір арнада төрт-ақ журналист жұмыс істейтінбіз. Бір күні жұмыста жүрсем, Батырхан Шүкенов мені арнайы іздеп келіп, алғысын білдірді. Сондай ТМД елдеріне танымал әнші мені іздеп келіп, жұмысыма оң бағасын бергенде менің өзім таңқалдым. Шынымды айтсам, кеудемді қуаныш кернеп, менен бақытты адам жоқ шығар деп ойладым. Уақыт өте келе, елімізге «Super star» атты жаңа жоба келді. Бір күні сол айтулы жобаның ұйымдастырушылары маған хабарласып, «Сіз осы бағдарламаның қазылар алқасының мүшесі болып тағайындалдыңыз» дегенде өз-өзіме не сенерімді, не сенбесімді білмедім. Кейіннен естідім ғой, «Super star» жобасында қазылық етуге мені ұсынған Батырхан Шүкенов екен. Қазылар алқасының бас мүшесі Батырхан Шүкенов болғандықтан, ол мені тандапты. Осылайша бүкіл қазақ халқына танылдым. Қазір, Аллаға шүкір, өз көрермені бар тележүргізушілердің бірімін. 2005 жылы отбасын құрдым. Жолдасымның есімі Қайрат. Сағадат, Сардар есімді екі ұлым бар.

Ләйлә 1977 жылы 18 желтоқсанда дүниеге келген.

1999 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітірген.



1997-1998 жылдары «Интерьюс-Қазақстан» ҚҚ телерадио-журналистика курсынан оқыған

Еңбек жолын 1997 жылы «Шаһар» ТРК-да тележүргізуші болып бастаған.

1999-2003 «Шаһар» ТРК продюсері.

2003-2006 жылдары «Хит ТВ» телеарнасының директоры.

2008 жылы «Қазақстан» РТРК» АҚ бағдарламалар продюсері.

2008 жылдың тамызынан қазірге дейін «Kazmedia Mobile» ЖШС Бас директоры.

2009-2011 жылдары Орындаушылар құқықтарын басқарудың Қазақстандық қоғамы, Орындаушылар Кеңесінің төрайымы.

2011 мамыр-қыркүйек айларында «Кино+сериал» баспасының Бас редакторы.

2012 жылдың 4 мамырынан «Балапан» телеарнасының директоры және «Қазақстан» ҰТА-ның «Әйел бақыты» ток-шоуының авторы әрі жүргізушісі.



Мейіржан Әлібекұлы (сұхбаттан үзінді)



– Бірнеше жыл Ұлттық арнаның жаңалықтар бөлімінде тележүргізуші болдыңыз, былтырдан бастап «Апта.kz» бағдарламасын жүргізіп келесіз. Бұл бағдарламалардың жауапкершілігі өте үлкен екені белгілі, басында қор-қыныш, сенімсіздік болған шығар?

«Апта.kz» – ұлттық мүдде, ұлттық идея. Өйткені, мемлекеттің саясатын жүзеге асырып отырған Ұлттық арнадағы негізгі сараптамалық бағдарлама. Басшылық тарапынан осы бағдарламаны жүргізуге ұсыныс түскенде, әрине, қобалжу болды.

– Шетелдік арналарды қарасаңыз, эфирде немесе іс-сапарларда жасы қырықтан асқан, ақыл-ойы толысқан журналистер жүреді. Ал, біздің елде керісінше, эфирді, іс-сапарды жастарға тапсырған. Мағжан Жұмабеу айтқандай, жастарға сенгендіктен бұл әрекетке барып отырмыз ба?

– Расымен, шетелдік арналарда самайын ақ шалған, бетін әжім басқан үлкен кісілер жүргізіп жатады. Мен оған қызығамын һәм қолдаймын. Қазақ журналистикасында үлкен аға буындағы тележурналистер аз. Тілеуқабыл Мынжасарұлы, Нұртілеу Иманғалиұлы секілді бірең-саран журналистерді атай аламыз. Дегенмен, жастарға сеніп, көп жауапкершілік артады.

– Журналист болмағанда кім болар едіңіз?

– Бала кезімде журналист болып, теледидардан сөйлесем, футболист болып, «Қайратта» ойнасам деп армандаушы едім. Бәлкім, тілші бола алмай қалған жағдайда, осы күні ұлттық құрамада доп тәуіп жүруім әбден мүмкін еді. (Күлді).

– Қазір эстрада, кино әртістері тележүргізуші болып жүр, ал сіз киноға түсіп немесе өзіңізді эстрада сахнасында сынап көргіңіз келмей ме?



– Оныңыз рас, кейінгі кезде телеарналарды, әсіресе сазды бағдарламаларды әншілер шырмап алды, ол шындық. Олардың ішінде тілдік қоры бар, келбеті келісті, көрерменді ұйыта алатындар аз. Мен жеке басым, мәселен, Сәкен Майғазиев сияқты ұлтжанды, лағып сөйлемейтін, салмақты азаматтар сазды бағдарламаларды жүргізсе құба-құп деп, қолдар едім. Бұлай кез келген хабарды әншілерге ұстата берсе, болашақта біз секілді жаңалық жүргізушілер де жұмыссыз қалатын шығар?! (Күлді). Ал, өзім киноға да, эстрадаға да ықыласым жоқ.

Туған жылы: 01.08.1984 ж.

Еңбек тәжірибесі: 10 жыл

2005–2007 ж. «Қазақстан–Атырау» телеарнасында редактор-жүргізуші,

2007–2009 ж. «Қазақстан» ҰТА АСБД Алматы бюросында редактор-сараптамашы,

2009 жылдан бастап, «Қазақстан» ҰТА Астана дирекциясында редактор-жүргізуші, шеф-редактор.

Қызығушылығы: кітап оқу, футбол ойнау, кино көру

Жеке басының қасиеттері: еңбекқор

Жұлдыз жорамал белгісі: арыстан

Сүйікті мезгілі: көктем мен жаз

Адамдардағы бағалайтын қасиеті: еңбекқорлық, тиянақтылық.

Сүйікті тағамы: бөрек

Сүйікті әуені: терме және эстрадалық әндер

Сүйікті фильмі: Көзден жас ағызар комедиялық жанрдағы фильмдер. Сосын Жан – Клод Ван Дамм түскен фильмдердің бәрі.

Сүйікті сусыны: Көже мен қымыз

Жер бетіндегі сүйікті мекені: Батыс Қазақстан өңірі, еркелей аққан Жайықтың бойы

Өмірлік ұраны: Жамандық көрсең жасыма, неден болғанын ойла:

Жақсылық көрсең тасыма, неден қонғанын ойла!



Олар Тәуелсіздікті насихаттауға үлес қосты

Тәуелсіздіктің 20 жылы тойланатын кезеңде басылым журналистерінің еңбегі мен кәсіби шеберлігі еленіп, үздіктер легінен көрінді.

«Алаш айнасы» газетінің бас редакторы Серікбек Жанболат сәуір айында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы алғысхатымен марапатталды. Мемлекеттік тілді дамытуға шын жанашырлық танытып, осы бағыттағы нақты істерімен көзге түскені үшін «Тіл жанашыры» құрметті белгісі және ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.



«Алаш айнасының» фототілшісі Нұрғиса Елеубеков Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік тағылымы» атты республикалық фотокөрмеге қатысқаны және еліміздің фотошежіресіне үлес қосқаны үшін дипломмен марапатталды. Осы байқауға белсене қатысқаны үшін Нұрғисаға Алматы қаласының әкімдігі де марапат тағайындады. Фототілші биыл басқа да түрлі республикалық байқаулардың жүлдесін жеңіп алды.

